

Қазақстан Республикасы
Мәдениет, ақпарат және
қоғамдық келісім
министрлігінде 2002 жылы
3-мамырда тіркеліп,
№2904-Ж куәлік берілген

ҚАЗАҚ ТАРИХЫ

Ай сайын шығатын
республикалық ғылыми-
әдістемелік журнал

Меншік иесі – “Қазақ тарихы” ЖШС

№4 (151),
СӘУІР
2017 ЖЫЛ

1993 жылдың шілде
айынан бастап шығады

БАС РЕДАКТОР –
Әбділдабек САЛЫҚБАЙ

ЖАУАПТЫ РЕДАКТОР –
Нұргүл ҚАСЫМҚЫЗЫ

АҚЫЛДАСТАР АЛҚАСЫ:

Б.Аяған, Х.Әбжанов, Т.Омарбе-
ков, Ә.Мұқтар – т.ғ.д., проф.;
Д.Сәтбай, С.Сымағұлова, Ұ.Ыс-
мағұлов – т.ғ.д. доц.; Н.Әлімбай,
А.Жұмаділ, Ж.Әшірбекова,
Д.Салқынбек, Қ.Құнапина –
т.ғ.к., доц.; С.Дүйсен – п.ғ.к.

С.Әбішқызы – тұңғыш
бас редактор. Б.Матекова –
ұстаз-әдіскер. Д.Игенбаева,
Г.Серікбаева, С.Ишебаева,
Ш.Таңмамбетова – озат ұс-
таздар.

Басуға 18.04. 2017 ж. жіберілді.
Пішімі 84 x 108 ¹/₁₆.
Шартты б.т. – 4. Офсетті
басылым. Бағасы келісімді.
Таралымы – 1650.
Индексі – 75748.
Тапсырысы –

Редакцияда беттеліп-қатталып,
"Дала-принтте" басылды.

Ғылыми-теориялық
мақала авторлары, орысша,
ағылшынша түйін және магис-
транттар тарихшы доктор-
лардан жазбаша пікір ұсынуға
міндетті. Мақаланың ғылы-
ми нақтылығына, тілінің жа-
тықтығына автор жауапты.

Ал ұстаздар журналға 1
жылға толық жазылған тү-
біртегінің көшірмесін салуы
қажет. Авторлардың бай-
лам-түжырымдары редакция
көзқарасымен сәйкеспейі де
мүмкін. Көшіріп басылса не
пайдаланылса, сілтеме жаса-
луы тиіс.

МАЗМҰНЫ

Ғылыми зерттеулер мен танымдық мақалалар

Б.Айтуарова, Ұ.Шаңбаева, А.Айтуарова. Оғыз мемлекетінің тарихы...	2
Ғалия Ысқақова. Түркі қағанаттары.....	4
Р.Наралиева, М.Тойғанбекова, Б.Сұлтанова. Ұлттық тарихымыздың этнотанбалық жүйесі.....	7
Қалимаш Жанғанатова. Маңғыстау уезінің әкімшілік орталығы.....	9
Р.Аймағамбетұлы, Г.Каненова, Д.Сейдалықызы Ы.Алтынсарин шығармалары: Қазақ қоғамының өзекті мәселелері.....	11
А.Ахмет, Б.Жапаш. Қазақстандағы балық өнеркәсібінің майталманы...	13
Кәмила Чатыбекова. XX ғасыр басындағы Қазақстан тарихынан...	16
Әлия Болатхан. "Ұлттық бірегейлік" түсінігі.....	19
Т.Төлебаев, А.Балтаева. Маңғыстау мемлекеттік мұрағатының тарихы.....	22
Б.Тақабаева, Г.Бақаева. Қазақстандағы алғашқы саяси партиялар...	23
Назерке Серікбай. Қызылорда облысы халқының табиғи өсімі.....	25
Бекзат Омар. Манаш Қозыбаев.....	27
Эльмира Жиенбаева. Еуроодақ пен Орталық Азия мемлекеттері.....	28
Айнұр Ниязова. Предпосылки возникновения войлока.....	29
Наталья Кес-оглы. Казахская интеллигенция в начале XX века.....	31

Оқыту. Әдістеме. Тәжірибе.

Бақтыбек Қағазов. Білім мазмұнын жаңарту.....	33
Райхан Әлиханова. Жобалық оқыту және шығармашылыққа баулу.....	36
Әлфия Меңдалиева. Тарихты оқытуда сұрақ қоюдың маңыздылығы.....	38
Жәния Нұрғалиева. Қазақ тарихындағы тұңғыштар.....	40
Гүлбану Әлімқадырова. Исатай мен Махамбет бастаған көтеріліс.....	43
Сәбира Бертілеуова. Үш тілде оқыту заман талабы ма?.....	44
Гүлнар Жұмабаева. Ұйғырлар мен дүңгендер.....	45
Света Ишебаева. Қазақтың дәстүрлі заттық мәдениеті.....	46
Қалия Тілекметова. Егеменді еркін ел.....	47
Нұргүл Қасынбаева. Елімнің бақытын тербеткен – Тәуелсіздік.....	47
Марал Базарбаева. Гулаг жүйесі.....	48
Ақбота Әбенова. Қазақ ұлттық мемлекетінің негізін қалаушылар.....	50
Сандұғаш Шадиева. Үйсіндер.....	50
Индира Рамазанова. Отбасылық құқық.....	51
Гүлмира Бекенова. Сәулет ескерткіштері.....	52
Эльмира Серікқали. Қазақстан аумағындағы тайпалық одақтар.....	53
Анаргүл Ахметкереева. Үйсіндер, орналасқан жері.....	54
Айгүл Қанатбаева. 1916 жылғы ұлт-азаттық қозғалыс.....	55
Қалзада Ахметова. Саяси қуғын-сүргіннің басталуы.....	56

ОҒЫЗ МЕМЛЕКЕТІНІҢ ТАРИХЫ

Б.АЙТУАРОВА, социология ғылымдарының кандидаты,
Ұ.ШАНБАЕВА, Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың ассистенті
А.АЙТУАРОВА, Абай атындағы ҚазҰПУ-дың магистрі

Қарлұқтардың солтүстік-батысында, Сырдарияның орта және төменгі бойынан Батыс Қазақстан далаларына дейінгі аймақта IX-X ғасырларда оғыз мемлекеті құрылды. Батыс түрік және Түркеш қағанаттары құлағаннан кейін IX ғасырда Сырдария бойына оғыздар келіп қоныстана бастады. Алайда оғыздарға ондағы кангар-печенегтер бірлестігімен ұзақ уақыт соғысуға тура келді. Дегенмен, оғыздар IX ғасырдың орта шенінде қимақтар мен қарлұқтармен одақтасып, кангар-печенег тайпаларын талқандады да, Сырдарияның орта және төменгі ағысының аңғарымен Арал өңірін өздеріне қаратып алды [1].

Махмуд Қашғари оғыз елі 24 тайпаға бөлінгенін және әр тайпаның өз белгі таңбасы мен туы болатынын жазған. IX ғасырдың аяғы мен X ғасырдың бас кезінде оғыз тайпалары Сырдарияның орта ағысы мен Еділдің төменгі бойына дейінгі орасан кең жерлерді мекендеген. Оғыздардың қоныстары Ырғыз, Орал, Ембі, Ойыл өзендерінің бойларында Сырдарияның Қаратау баурайлары мен Исфиджаб шегіне дейін жеткен. Ғалым дерегіне сүйенсек, Константин Багрянродный былай дейді: *«Печенегтер әуел баста Этільде (Еділде) – көне қыпшақ сөзі) сондай-ақ Гемельде (Жайықта) тұрды, олардың көршілері хазарлар (венгерлер) және уздар (оғыздар) болды. Елу жыл бұрын уздар хазарлармен бірігіп, печенегтерді жеңіп, оларды өз елінен қуып шыққан болатын»* [2].

Араб деректеріне сүйенсек, оғыздардың астанасы X ғасырда Янгикент немесе Жаңа Гузия деп аталған. Жаңа Гузия қаласы Тянь-Шанның батыс сілемдері Шу өзені мен Сырдарияның бойындағы Қаратау аралығында орналасқан болуы мүмкін. Оғыз мемлекеті өзінің саяси және әлеуметтік тұрмысы жағынан көне феодалдық мемлекет болды. Оғыздардың жоғары билеушісі «жабғу» деп аталды. Оғыз жабғуларының орынбасарлары «күл-еркін» деп аталды. Жабғу атағы мұрагерлік жолмен жүрген. Жабғу мұрагерлері «инал» деген атқа ие болған. Оғыз әйелдері қоғамда ерекше рөл атқарған. Оғыздар әйелдерін «қатын» деп атаған. Қатын деген сөз көне түркі тілінде «асылым, аяулым» деген мағына берген. Оғыз әскерінің басшысы «Сюбашы» деп аталып, олар қоғамда жоғары орынға ие болған. Сюбашы елдегі саяси оқиғаларға араласып, кейде тіпті оғыз жабғуына да қарсы шығып отырған.

Оғыздардың мемлекеті туралы алғашқы рет IX ғасырдың аяғы мен X ғасырдың бас кезіндегі араб тіліндегі тарихи және жағырафиялық жазбаларда айтылады. Тегінде Сырдария жабғулары державасының біржола қалыптасуы нақ осы кез болса керек. Оғыз мемлекетінің қалыптасуы туралы ең ертедегі хабар әл-Якубидің (IX ғасыр) шығармаларында кездеседі. Басқа да ертедегі феодалдық мемлекеттер сияқты оғыздарда да бір орталыққа бағынған тұтас мемлекет болған жоқ. Бұл жайында әл-Идриси былай дейді: *«Оғыздарда бір-*

неше хандар, бірнеше патшалар болған» [3].

Оғыз мемлекеті өзінің саяси және әлеуметтік табиғаты жағынан ерте феодалдық мемлекет болды. Оғыздарда X ғасырдың өзінде-ақ алым-салық жүйесі қалыптасты. Ханның салық жинаушылары мың адамға дейін жететін арнаулы атты жасақ құрып, алым-салық төлеуден бас тартқан бүлікшілерге жазалау жасағын жіберіп отырды.

Оғыз мемлекеті Еуразияның саяси және әскери тарихында маңызды рөл атқарды. 965 жылы оғыз жабғуы Киев князі Святославпен одақтасып, хазарларды талқандады. Киев Русі өздеріне бәсекелес хазарлардың жеңілгеніне қуанса, оғыз шонжарлары Дон және Қара теңіз жағасындағы шұрайлы жерлерге ие болды. Хазар қағанатының талқандалуы оғыз мемлекетінің саяси қуатының өсуіне қолайлы жағдай туғызды. Сонымен қатар Хазарияның талқандалуы орыс көпестеріне шығыс елдерінің сауда базарына жол ашты. Осының бәрі оғыз жабғуларын орыс княздерімен одақ жасауға оңтайлы жағдай жасады. X ғасырдың соңында оғыз жабғулары орыс княздерімен бірігіп, Еділ болгарларын да күйрете жеңді. 985 жылы князь Владимир оғыздармен одақтаса отырып болгарларға жорық жасағандығы туралы орыс шежірелерінде баяндалады. Оғыздар Еділ бойынан және Маңғыстаудан (түркімен сөзінен аударғанда Мыңқыстау) өтіп, Еуропаны Азиямен жалғастыратын аса маңызды сауда және стратегиялық жолдарды басып алғысы келді. Бірақ оған қол жеткізе алмады.

Оғыз мемлекетінде әскери-демократиялық құрылыстың институттары сақталған еді. Оғыз мемлекетінде жабғудың билігін ірі әскери тайпалық ақсүйектердің кеңесі шектеп отырды. IX-X ғасырларда оғыз мемлекетінде патриархаттық-феодалдық қатынастар дамыды. X ғасырдың соңы мен XI ғасырдың басында оғыз елінде алым-салық жинау жүйесі қалыптасты. Бұл мемлекеттің тұрақты басқару аппаратының құрылғандығын көрсетеді. Оғыз қоғамында жеке меншік үстемдік етті. Байлар мен кедейлер болып екіге бөлінді. Малға жеке меншік әлеуметтік-теңсіздіктің негізі болды. Қауым қатарында бай ақсүйектермен бірге қауымның қатардағы мүшелері ретінде кедейлер мен құлдар тіршілік етті. Оғыздардың негізгі кәсібі көшпелі мал шаруашылығы болды. Көшпелі оғыз халқы маусымдық жайылымға байланысты малдарын жазда жайлауға, күзде күзеуге, қыста қыстауға және көктемде көктеуге көшті. Олар өздерінің малымен бірге өзендердің белгілі өткелдерінен, қолайлы тау асуларынан өтіп, суы мол, шөбі шүйгін, жері құнарлы жайлауларға ауысып отырды. Сырдария бойындағы оғыздардың бір бөлігі Каспий маңындағы аймаққа көшіп-қонып жүрген. Олар негізінен қой, жылқы, сиыр, түйе және ешкі малдарын өсірген. Әсіресе, оғыздарда қой шаруашылығы ерекше дамыған.

Жалпы оғыздарда мал шаруашылығы – экономикалық дамудың негізгі көзі. Ең бай адамдары

малдарды табын-табынымен, үйір-үйірлерімен ұстаған. Қос өркешті түйелер өсірген. Оғыздар аңшылықпен де айналысты. Терісі бағалы түлкі, құндыз, су тышқандарын аулаған. Оғыз кедейлері Арал теңізінен, Сырдариядан, тағы да басқа өзендерден балық аулап, оны азық еткен.

Оғыздардың рулары мен тайпалары неғұрлым ірі тайпалық одақтардың құрамына кірген. Олардың арасында отырықшы егіншілер мен қала тұрғындары едәуір көп болған. Қала халқы үйлерін көбінесе тастан, қамыстан, ағаштан жасаған. Оғыздарда Сырдария өзенінің төменгі ағысында Жанкент, Жент, Жуара, ал Сырдария өзенінің орта ағысында Қарнақ, Сүткент, Фараб (Отырар), Сығанақ және Сауран, т.б. қалалар болған. Оғыздар өз заманында Мауренахр, Хорезм және Жетісудағы біршама егін шаруашылығы дамыған мемлекеттермен тығыз байланыста болған. Оғыздарда қолөнер кәсібі, мал өнімдері, шикізаттарды өңдеу дамыды. Малдың терісінен қыста киетін тон, аяқ киім, пышақтың, садақтың қаптамасы, ер-тұрман әбзелдері, торсық, мес сияқты, т.б. заттар жасалды. Аңдардың терісі мен сыртқы жүнінен құндыз бөріктер, сырт киімдердің жағасы жасалды.

Оғыздар басқа тайпалар секілді сыртқы табиғи күштерге табынды. X ғасырда бірте-бірте ислам діні де ене бастайды. Оғыздар Еуразияның саяси-әлеуметтік даму тарихында ерекше рөл атқарды. Ислам дініне енген оғыздардың біразы Шаш, Испиджаб қалаларында тұрды. **XI ғасырда оғыздарда мынадай тайпалар болған:** қыпшақ, байандұр, салұр, афшар, бекітім, аят, язғыр, имур, қарабұлақ, алқабұлақ, түгер, бексене, жуылдар, жebни, т.б.

Оғыздардың арасында далалық аймақтарды мекендегендердің ішінде моңғол тектес нәсілдердің болғанын, сонымен қатар еуропалық нәсілділердің ішінара кездесетінін араб саяхатшыларының жазбаларынан көреміз. Арал өңірінің оғыздары жөнінде X ғасырда әл-Масуди былай деп жазады: *«Оғыздардың ішіндегі ең аласаларының көздері барынша қысық келеді»*. Басқа орта ғасырлық авторлар оғыздардың шаш, сақал, мұрттарының сирек, таңқы танау келетіндігін айтады. Орта ғасырлық деректемелерде оғыздардың көршілес тайпалармен қан тоғысуы, араласуы туралы айтылатын мәліметтер жоқ емес [4].

XI ғасырдың басынан оғыз мемлекеті құлдырай бастайды. Шонжарлардың салықты зорлықпен жинауына наразы бұқара халық көтеріліске шықты. Оғыздардың тарихи аңыздарында айтылғандай, бұл

көтерілістер арқылы халық X ғасырдың басында Әли ханның басқаруына наразылық білдірген. Оғыз жабғулары өз қазыналарының қамын ойлады. Сондықтан жабғу өкіметіне қарсы халық наразылығын Жентке жақын келіп қоныстанған Селжүк көсемдері ұтымды пайдаланды. Селжүк көсемдері Янгикенттің оғыз билеушілеріне қарсы көтерілісін бастап, Жент қаласын басып алды. Алайда олар қаланы ұзақ ұстап тұра алмады. Осы кезде ел басына Әли ханның тақ мұрагері Шахмәлік келіп, мемлекет едәуір күшейді. Оның тұсында мемлекеттің күшейгені соншалық, 1041 жылы оғыздар Хорезмді (қазіргі Өзбекстандағы) басып алды. Алайда екі жылдан соң Шахмәлік селжүктердің қолына түсіп, өлтіріледі. Оғыз мемлекетінің өз ішіндегі талас-тартыстар, селжүктерге қарсы жылдар бойы жүргізілген шайқастар мен соғыстар оғыз жабғуларының бірлестігін қатты әлсіретіп жіберді. Оғыздар мемлекеті қыпшақ тайпаларының соққысына төтеп бере алмай құлады. Оғыздардың бірсыпырасы Шығыс Еуропаға, кіші Азияға көшті. Енді біразы Мауренахрдағы Қарахан әулетінің қол астына көшті. XI ғасырдың ортасында қыпшақтар талқандаған оғыз тайпаларының қалған бөлігі кейін Дешті Қыпшақтың түркі тілдес тайпаларына сіңіп кетті [5].

Қорыта айтқанда Оғыз тайпалары қазақ, қырғыз, татар, башқұрт, түркімен, өзбек, қарақалпақ, азербайжан халықтарының қалыптасуына ықпал етті. Дей тұрсақ та кейбір ғалымдар түркімендердің арғы тегі оғыздар болуы мүмкін деген пікір айтады.

РЕЗЮМЕ

В статье всестороннее рассматривается история племена огузов, которые являются одними из предков казахского народа.

The article considers widely the history of ogyz tribes, which are ancestors of Kazakh people.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Кляшторный С.Г. Древнетюркские рунические памятники как источник по истории Средней Азии. М., 1964.
2. Махмуд Ибн Хусейн аль-Қашқари. Диван лугат ат-турк. Изд. К.Рифата. I. Стамбул, 1916.
3. Агаджанов С.Г. Очерки истории огузов и туркмен Средней Азии IX-XIII в. Ашхабат, 1969.
4. Зуев Ю.А. К семантике этнониме имур / имир: Известия АН. Тур-к ССР серия обществ, наук, 1968.
5. Чапай М. Қазақстан тарихы. Алматы, 2008.

ӨЗ КАФЕДРАҢЫЗДЫ РЕСПУБЛИКАҒА ТАНЫТЫҢЫЗ!

“Қазақ әдебиеті және мемлекеттік тіл”, “Қазақ тарихы” журналдарында «Тарих (не Әдебиет, Тіл) кафедрасы сөз алады» айдарымен ЖОО-дағы Қазақ тілі, Әдебиет не Тарих (Қазақстан тарихы, дүние жүзі тарихы, т.б.) кафедраларының іс-тәжірибесі жарияланады.

Шарт: әр кафедрадан кемінде 5 адам (не оқытушы-профессорлар құрамы) 1 жылға толық жазылып, 1) барлығының түбіртегін, 2) барлық кафедра мүшелерінің бірігіп түскен сапалы фотосын және

3) кафедраның соңғы 2-3 жылдағы жетістіктері туралы 0.5–1 беттік мәлімет, 4) қанша адам жазылса, сонша оқытушының 2–2.5 (1 жылға жазылса, 4 бет) беттен аспайтын шағын зерттеу не танымдық мақаласын жіберуі тиіс.

Ал жазылушылар саны 12-ден асқан жағдайда журнал мұқабасының ішкі 2-3-беттеріне кафедраның (не факультеттің) тыныс-тіршілігін көрсететін түрлі-түсті 5-6 фотосурет қоса жарияланады.

Редакция алқасы.

ТҮРКІ ҚАҒАНАТТАРЫ:

этно-тарихи географиясы мәселесінің зерттелуі

(VI ғасырдың ортасы – X ғасыр)

Ғалия ЫСҚАҚОВА (Искакова),
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың аға оқытушысы, PhD доктор

Түркі қағанаттарының қалыптасуы мен дамуы, территориясы мәселесі екі жүз жылдай бойы АҚШ, Дания, Франция, Жапония, Ресей, Түркия ғылыми орталықтары тарапынан зерттеліп келеді.

Еуропада XVIII ғасырда түркология синологиядан бөлініп шығып, жеке отау ітті. Синолог ғалымдар Қытай тарихын зерттеу барысында жалпы жылнамалар тобынан көне және орта ғасырлық көшпелілер тарихына қатысы бар мәліметтерді бөліп алды. Синологияда арнайы жеке бөлім пайда болды, онда «солтүстік варварлар» туралы жинақталған қытай деректері зерттелетін болды. Бұл мәліметтер көлемі жағынан қомақты болып келетін әңгімелер, Қытай мемлекетінің династиялық хроникалары (ши) мен жылнамалардан (шу) тұрды. Сонымен қатар, қытай императорларының түркі мемлекеттері мен тайпалары арасындағы қарым-қатынас сипатталған хроникалар мен жылнамалар, сол сияқты, жоғалған деректер негізінде ортағасырлық қытай ғалымдары энциклопедиялар, энциклопедиялық анықтамалықтар құрастырған болатын.

Түркілерге қатысы бар қытай жылнамалары материалдарына алғашқылардың бірі болып 1756-1758 жж. J. De Guignes түсіндірме жасады [1]. Осыдан кейінгі С. Жульеннің [2] түсіндірмесі тек 1874-1877 жж. жарық көрді. Бұл зерттеулер өз дәуірінде новаторлық болып, синологиядағы жаңа зерттеу тақырыбына ғалымдар қызығушылығын тудырды.

Қытай жылнамалары мен энциклопедияларын миссионер Н.Я.Бичурин еуропа тілдеріне аударды. Ол XVIII ғасырдың II жартысында Пекин рухани миссиясын басқарып, император сарайы архивіндегі деректерге қол жеткізді [3]. Ал «Ұйғырлардың тарихи очеркі» монографиясында Д.М.Позднеев Таң династиясы жылнамасының аудармаларын қолданып, Н.Я.Бичурин аудармаларына сын-пікірлер білдірген [4].

Жоғары дәрежелі маңызы бар А.Г.Малавкин, В.Н.Кюннер [5], Е.И.Кычанов [6], Ю.А.Зуев [7], шетелдік ғалымдар Люй Мао Тцая [8], А.Ташағыл [9], Сюэ Цзунчжэнь [10] және т.б. XX ғасырдың басындағы ғалымдар.

Егер де баламалы зерттеулер жасалмағанда, жоғарыда аталған аудармалар мен түсіндірмелер синологиядағы бір тармағы болып қала берер еді. Сібір, Алтай мен Шығыс Түркістанда XVIII-XIX ғасырларда руникалық жазбаларға баламалы зерттеу жүргізілді. Осы бағытта Г.Спасский, Н.М.Ядринцев, Д.Г.Мессершмидт, Ж.Р.Аспелин, В.В.Радлов [11] және басқалар үлкен көлемдегі мәліметті ұсынды. Кеңес ғалымдары С.Е.Малов [12], А.С.Аманжолов [13] еңбектері көне түркі тарихын зерттеуге мүмкіндік берді.

Ортағасырлық түркілер туралы араб-парсы деректерін XIX-XX ғасырларда И.Ю.Крачковский [14], В.Минорский [15] сияқты ғалымдар тауып, еуропа тіліне аударды. Кеңес дәуірінде көне түркілер тақырыбын мынадай ғалымдар жалғастырды: академик В.В.Бартольд [16, с.311-313], ибн Фадланнның шығармасын аударған А.П.Ковалевский [17], Б.Е.Көмеков [18], А.Г.Агаджанов [19] және т.б. Араб-парсы сауда-географиялық әдебиеттің IX ғасырда гүлденгеніне байланысты бұл жұмыста этникалық және географиялық жағдайды қалпына келтіру үшін аталған еңбектер қолданылды.

Орталық Азияны орта ғасырларда мекен еткен тайпалардың тарихына қатысты алғашқы негізгі жаңалықтар XIX ғасырда жасалды.

Ыстықкөлге жасалған сапарлары барысында Ш.Уәлиханов, П.П.Семенов-Тянь-Шанский ежелгі көшпелілердің қорғандарын және ортағасырлық түркілердің тас мүсіндері туралы ақпараттар қалдырды [20]. В.В.Бартольдың жетекшілігімен құрылған археологиямен әуестенетіндердің үйірмесі де өз жемістерін берді [21]. 1896 жылы В.А.Каллаур Талас өлкесінде алғаш рет түркі руна жазбасының ескерткіштерін табады. Аталған жаңалық Ресей империясының ғалымдарының ғана емес, сонымен қатар шетелдік (Финляндия) Г.Гейкель мен К.Мунк сияқты зерттеушілердің де қызығушылығын туғызды.

XX ғасырдың бас кезінде қалыптасқан тарихнамалық және дерекнамалық база түркілер туралы жалпылама жұмыстардың пайда болуына алып келді. Сондай базаны құрастырған ғалымдардың бірі – В.В.Бартольд. Оның мақалалары, дәрістері, ғылыми-педагогикалық жұмыстары ортағасырлық түркілер тарихын зерттеу негіздерін салуға түрткі болды. Оның еңбектері, шығыс тілдерін білуі, Орталық Азияда ұзақ жылғы саяхаттары ғалымды өз заманының майталманына айналдырды [22]. Ортағасырлық тайпалардың географиялық орналасуы, этникалық мәселелерімен В.В.Бартольд белсенді айналысқан ғалымдардың бірі болды. Ол археологиялық зерттеулерді ұйымдарстырып, басқарды. Ыстықкөл мен Тянь-Шань аймағында түркі дәуіріне жататын тас мүсіндерді анықтап, ғылыми айналымға енгізген болатын. Сонымен қатар, Жетісу тарихына арналған салыстырмалы очерк авторы болған В.В.Бартольд [23], географиялық сипаттамаларға жете мән беріп, тайпалардың ерекше орналасу аймақтарына талдау жасаған болатын.

Түркілер туралы жеке-дара мәселелер бойынша емес, жалпылама тақырыптарды қозғаған ғалымдардың бірі – А.Н.Бернштам. Оның әлеуметтік-экономикалық құрылым туралы еңбегі бір қатар ғалымдар еңбектерінің негізінде жазылған маркстік-лениндік сипаттағы еңбек [24]. Шетелдік тарихнамада түркілердің тарихы туралы қытай текті неміс ғалымы Люй Мао Тцайдың ауқымды еңбегінде автор Sui Shu, Tsu-chih, Tung-chien, Tung Tien материалдарды неміс тіліне аударды. Оларды өңдеп, жүйеледі. Аталған еңбекте көп құнды мәліметтер орын алған. Оны кезінде Л.Н.Гумилев зерттеп, бір бөлігін «Көне түркілер» әйгілі еңбегін жазу үшін пайдаланды. Л.Н.Гумилевтің «Көне түріктер» еңбегінде Түркі қағанаттарының территориясы, шекарасы, этникалық құрамы қытай деректері негізінде саяси тарихы төңірегінде сипатталған [25].

Қарастырып отырған тақырыпқа елеулі үлес қосқан ғалымдардың бірі – С.Г.Кляшторный. Өзінің 60 жылдық ғылыми ізденістерін ол тек көне түріктер

тақырыбына арнады [26].

Сонымен қатар, ортағасырлық көшпелі халықтардың жекелеген ерекшеліктерін, яғни жерге меншік түрін, шекара ұғымының пайда болуын Түрік қағанаттары тайпаларымен салыстыруға, жалпы ерекшеліктерді айқындауға мүмкіндік беретін **Д.Кішібековтің [27], Н.Н.Крадиннің [28, 29] Г.Е.Марковтың [39]** еңбектері.

Шетелдік зерттеушілер ішінен **жапондық ғалым Мори Масаоны** атап өткен жөн. Оның көптеген мақалалары мен монографиялары көне түркілерден, қазіргі түріктер (Түркия) тарихы мәселелерін қамтиды [31].

Түркияда 1928 жылы Р.Нұр деген ғалымның «Оғызнама – түркілердің эпосы» тақырыбында түркілер туралы алғашқы еңбегі жарық көрді. Еңбек тарихи-филологиялық сипатқа ие болды. Сол сияқты **А.Габеннің «Көк түркілер тарихына қысқаша шолу»** еңбегінде көне түркілер тарихы сипатталады. Еңбек негізінен оқу-танымдық сипатқа ие. Осы кезге жататын көне түркілер туралы мақалалар авторы – **А.Н.Курат.** Ол Н.Я.Бичурин, С.Жульен еңбектерін кеңінен пайдаланып, археологиялық деректерге негіздеп тұжырымдар жасайды.

Осы күні көне түркілер тарихын жан-жақты зерттеп, көне қытай деректерін түпнұсқадан қолданып, археологиялық экспедициялар материалдары негізінде жазылған жұмыстың бірі – **А.Ташағылдың «Gok-Turkler» [9, 10-б.]** еңбегі. Бұл еңбекте Батыс Түрік қағанаты, Түргештер, Қарлұқ қағанаттарының территориясы, шекарасы, генеологиясы, Орталық Азия мен Моңғолияның тарихи географиясы, т.б. көптеген мәселелер қарастырылып, талданған.

Шетелдік тарихнамада белгілі америка ғалымы **П.Б.Голденнің** екі томдық «Hasar studios...» еңбегін ерекше атап өткен жөн. Автор көне түркілер материалдары негізінде Хазар қағанатының саяси құрылымын, тарихи географияның мәселелерін қарастырады. Сондай-ақ П.Б.Голден ортағасырлық түркі тілді көшпелілер тарихына арналған мақалалар авторы [32, 41-83-б.].

M.R.Drompp өзінің Шығыс Түрік қағанатындағы титулдар туралы мақалаларында мемлекеттік аппарат пен басқару ерекшеліктерін сипаттай келе мемлекет территориясының игерілу мен басқарылуы туралы құнды тұжырымдар жасайды [33].

Томас Дж. Барфилд [34] «Опасная граница: кочевые империи и Китай (221 г. до н.э. – 1757 г.н.э.)» еңбегінде Түркі қағанаттарының территориясы мен шекарасына тоқталады. Ал **К.В.Файндлидің «The Turks in World History» [35]** атты еңбегінде Батыс түрік қағанатын құрайтын тайпалардың этникалық тарихы жан-жақты сипатталып тады.

Түркі қағанаттарының саяси, этникалық тарихын жан-жақты зерттеу жұмыстарын қазақ ғалымдарынан **Т.Омарбеков [36], Н.Мыңжан [37], Т.Сұлтанов [38], З.Қинаятұлы [39], Ә.Дәулетхан [40],** т.б. жүргізуде. Аталған жұмыстар түркі тайпаларының этникалық картасын жасауға мүмкіндік береді.

Көне мемлекеттердің теориялық аспектілерін, мемлекет және құқық мәселелері аясында ізденіс жасаған зерттеушілер: **Т.С.Жұмағанбетов [41], Г.В.Мальцев [42], Т.И.Кашанина [43], М.А.Сыпатаев [44].** Бұл еңбектерде Түркі қағанаттарының тарихи-географиялық мәселелерінің шешілу жолдары көрсетілген. Мемлекеттер генезисі, құқықтық базасы, саяси, әлеуметтік сұрақтарды аталған уақыт кеңістігінде шешу жолдары, т.б. қарастырылған.

Диссертациялық жұмысты жазу барысында

түркілердің кеңістік, территория, шекара туралы дүниетанымы, климат, оның қағанаттар тарихына ықпалы сияқты мәселелер қарастырылды. Сол себептен көшпелілік (номадизм) мәселесімен байланысты кешенді сұрақтарды талдауды қажет етті. Көшпелілік идеологиясы, мифологиясы, көшпеліліктің типтері тарихта этнографиялық және жалпы тарихи сипатқа ие болды. Осы бағыттағы жазылған еңбектердің негізгі ерекшелігі кең және жалпылама сипатта болуы. Белгілі ғалымдардың еңбектері тарихи-этнографиялық сипатқа жатады. Олар **С.И.Руденко [45], А.М.Хазанов [46], Н.Э.Масанов [47], А.Н.Ямсков [48], Ж. Артықбаев [49], М.З. Цинман [50]** және т.б.

Түркі дәуірі археологиялық архитектура және ескерткіштер комплексі кеңестік археолог С.А.Теплоухов еңбектерінен белгілі. Түркілер мен түркіттер кезеңі туралы неғұрлым кең мағлұматты Кудэргэ (Алтай) қорған обасын ғалымдардың зерттеуі берді. Аталған қорған обаны ХХ ғасырдың 50-60-жылдары белгілі археолог ғалым **А.А.Гаврилова** зерттеген болатын [51]. Сонымен қатар, алтай ескерткіштерін зерттеген **А.Д.Грачтың [52], Саян-Енисей өңіріндегі Ю.С.Худяковтың [53]** және басқа да ғалымдар еңбектері белгілі.

Қазір түркі дәуірі тақырыбында заманауи археологиялық зерттеулер жасап жүргендердің бірі – қазақ археологы **А.Досымбаева [54, 55]** мен моңғол археологы **Сэр-Оджав [56].** Аталған еңбектер түркілердің материалды және рухани дүниесін қалпына келтіру арқылы түркілердің табиғат туралы, кеңістік туралы дүниетанымын және ішінара жекелеген тайпалардың орналасу ерекшеліктерін байқауға мүмкіндік береді.

Қазіргі таңда тарих ғылымында ғалымдар Түркі қағанаттарының тарихын зерттеуде едәуір жетістіктерге қол жеткізді. Айта кететіні, осы бағытта жүргізіліп отырған зерттеулер жалпы сипат алмай, Түркі қағанаттарына (Батыс Түрік қағанаты, Түргеш қағанаты, Қарлұқ қағанаты) қатысты нақты жекелеген мәселелерін зерттеуге бағытталған. Аталған жетістіктерге ие болу көптеп жан-жақты жүргізіліп жүрген археологиялық зерттеулер нәтижесі. Жаңа археологиялық зерттеулер, нумизматика және ортағасырлық картография мәліметтері жазба деректермен бірлікте кең түрде тарихи-география сұрақтарын қарастыруға жетелейді. Мәселен, біз қарастырып отырған Түркі қағанаттарының территориялары мен шекаралары жазба деректерді салыстыру нәтижесінде жалпы сипатта ғана анықталып келеді. Сонымен қатар, әртүрлі кезеңде Түркі қағанаттар құрамына кейбір аймақтардың кіру не кірмеу мәселесін анықтау, ортағасырлық қалалардың саны мен орналасуы және олармен тығыз байланысты сауда керуен жолдарының қатынасы жан-жақты талқыланып келеді.

Түркі қағанаттарының тарихи географиясына қатысты мәселелердің соншалықты көптігі оны жан-жақты қарастыру қажеттілігін туғызады. Осы уақытқа дейін зерттеліп отырған тақырыпта арнайы зерттеу жүргізілмегенмен, оның жекелеген мәселелері мақалалар мен монографияларда көрініс тапқан болатын. Бұл Түркі қағанаттарының тарихы мен территорияларына қатысты жазба деректердің үзіндісі болуы, археологиялық жеткіліксіз зерттелгендігі сияқты қиындықтарға байланысты болып отыр. Аталған қиындықтар датировка мен белгілі аймақтардың қағанаттар территориясына кіруі мен шекараларын анықтау үшін маңызды.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. **Guignes J.** De. Histoire Generale des Huns, des Turks, des Mongol et des Autres Tartares Occidentaux, Paris, 1956-58, cild Turketers. – Huseyin Cahit Yalcin: Istanbul, 1325. <https://books.google.kz>. Accessed in 20.11.2013.
2. **Julien S.** Les Ouigours. 1. Kaotchang-hing-ki on relation d'un voyage (officielle) dans le pays Ouigours (de 981 b 983) par Wang Yen-te // Journal Asiatique. – Paris, 1989. – №7. – P. 175-188.
3. **Бичурин Н.Я.** Собрание сведений о народах обитавших в Средней Азии в древние времена. – М.: Л.: АН СССР, 1950. – Т. 1. – 381 с.
4. **Позднеев Д.М.** Исторический очерк уйгуров (по китайским источникам). – СПб.: LXIII, 1899. – 153 с.
5. **Кюнер В.Н.** Китайские известия о народах Южной Сибири, Центральной Азии и Дальнего Востока. – М.: Восточная литература, 1961. – 392 с.
6. **Кычанов Е.И.** Кочевые государства от гуннов до маньчжуров. – М.: Восточная литература, 1997. – 521 с.
7. **Зуев Ю.А.** Тамги лошадей из вассальных княжеств // Новые материалы по древней и средневековой истории Казахстана. – Алма-Ата: АН КазССР, 1960. – С. 95-128.
8. **Liu Mau-tsai.** Die chinesischen Nachrichten zur Geschichte der Ost-Turken. – Wiesbaden, 1958. Buch I-II. – 340 p.
9. **Tasagil Ah.** Gok-Turkler. – Ankara: Turk tarih kurumu basimevi, 1995. – 184 s.
10. **Цзунчжэн С.** Туцзюэши. – Пекин: Чжунгошэхуэй-кэсючубанжэ, 1992. – 808 с.
11. **Радлов В.В., Мелиоранский М.П.** Древнетюркские памятники в Кошо-Цайдаме // Сборник трудов Орхонской экспедиции. – СПб., 1897. – Т.4. – 45 с.
12. **Малов С.Е.** Памятники древнетюркской письменности Монголии и Киргизии. – М.: Л.: АН СССР, 1959. – 112 с.
13. **Аманжолов А.С.** История и теория древнетюркского письма. – Алматы: Мектеп, 2003. – 367 с.
14. **Крачковский И.Ю.** Избранные сочинения. – Л.: АН СССР, 1957. – Т. 4. – 965 с.
15. **Hudud al-alam.** The regions of the world: A Persian geography 372 a.h. 982 a.d. – Cambridge: University Press, 1982. – 524 с. <http://www.twirpx.com>. Accessed in 20.11.2013.
16. **Бартольд В.В.** Сочинения (Работы по источниковедению). – М.: Наука, 1973. – Т. 8. – 723 с.
17. **Ковалевский А.П.** О степени достоверности Ибн-Фадлана // Исторические записки. – 1950. – Т. 35. – С. 265-293.
18. **Кумек Б.Е.** Государство кимаков IX-X вв. по арабским источникам. – Алматы: Наука, 1972. – 156 с.
19. **Агаджанов С.Г.** Очерки истории огузов и туркмен Средней Азии IX-XIII вв. – Ашхабад: Ылым, 1969. – 297 с.
20. **Валиханов Ч.Ч.** Записки о киргизах // Собрание сочинений. – М.: Наука, 1965. – С. 274-276.
21. **Бартольд В.В.** Отчет о поездке в Среднюю Азию с научной целью 1893-1894 гг. – СПб.: Тип.Императ. АН, 1897. – 151 с.
22. **Бартольд В.В.** Тюрки. 12 лекций по истории турецких народов. – Алматы: Жалын, 1998. – 192 с.
23. **Бартольд В.В.** Очерк истории Семиречья. – Фрунзе: Киргизгосиздат, 1943. – 104 с.
24. **Бернштам А.Н.** Социально-экономический строй орхон-енисейских тюрок. VI-VIII вв. Восточно-тюркский каганат и киргизы. – М.: Л.: АН СССР, 1946. – 314 с.
25. **Гумилев Л.Н.** Древние тюрки. – М.: Астрель, 2010. – 575 с.
26. **Кляшторный С.Г.** История Центральной Азии и памятники рунического письма. – СПб.: Санкт-Петербургский университет, 2003. – 559 с.
27. **Кшибеков Д.** Кочевое общество. – Алма-Ата: Наука, 1984. – 238 с.
28. **Крадин Н.Н.** Кочевые общества. – Владивосток: Дальнаука, 1992. – 240 с.
29. **Крадин Н.Н.** Кочевники Евразии. – Алматы: Дайк-Пресс, 2007. – 416 с.
30. **Марков Г.Е.** Кочевники Азии. – М.: Изд-во Московского университета, 1976. – 316 с.
31. **Macao M.** Политическая структура древнего государства кочевников Монголии. – М.: Наука, 1970. – С. 1-8.
32. **Golden P.B.** Nomads and Their Sedentary Neighbors in Pre-Chinggisid Eurasia // Archivum Eurasiae Medii Aevi. – 1991. – P. 41-83.
33. **Drompp M.R.** Supernumerari Sovereigns: Superfluity and Mutability in the Elite power Structure of the Early Turks (Tu-jue) // Rulers from the Steppe. State formation on Eurasian periphery. Nomads: Masters of the Eurasian Steppe. – Los Angeles: Ethnographica press, 1989. – Vol. 2. – P. 92-115.
34. **Барфилд Т. Дж.** Опасная граница: кочевые империи Китая (221 г. до н.э. – 1757 г. н.э.) / Пер. Д.В. Рухлядева, В.Б. Кузнецова; науч. ред. и пред. Д.В. Рухлядева. – Санкт-Петербург, 2009. – 248 с.
35. **Findley C.V.** The Turks in World History. – Oxford: Oxford University Press, 2005. – P. 320.
36. **Омарбеков Т.О.** «Қазақ ру-тайпаларының тарихы» Дулаттар XI том. Бірінші кітап. – Алматы: Алаш тарихи зерттеу орталығы, 2008. – 466 б.
37. **Нығмет Мыңжан.** Қазақтың қысқаша тарихы. – Алматы: Жалын, 1994. – 400 б.
38. **Кляшторный С.Г., Султанов Т.И.** Казахстан. Летопись трех тысячелетий. – Алматы: Рауан, 1992. – 378 с.
39. **Қинаятұлы З.** Моңғол үстіртін мекен еткен соңғы түркі тайпалары: IX-XII ғасыр. – Астана: Елорда, 2001. – 208 б.
40. **Дәулетхан Ә.** Түркештердің этникалық құрамы және этно аумағының қалыптасуы // Отан тарихы. – 2012. – № 4. – Б. 124-133.
41. **Жумаганбетов Т.С.** Административно-территориальная система древнетюркского государства // Вестник ОГУ. – Оренбург. – 2004. – № 10. – С. 34-37.
42. **Мальцев Г.В.** Пять лекций о происхождении и ранних формах права и государства. – М.: РАГС, 2000. – 190 с.
43. **Кашанина Т.В.** Происхождение государства и права. – М.: Юрист, 1999. – 334 с.
44. **Супатаев М.А.** Культурология и право. – М.: Инфра-М, 1998. – 160 с.
45. **Руденко С.И.** Культура населения Горного Алтая в скифское время. – М.: Л.: АН СССР, 1953. – 402 с.
46. **Хазанов А.М.** Кочевники и внешний мир. – Изд. 3-е, доп. – Алматы: Дайк-Пресс, 2002. – 604 с.
47. **Масанов Н.Э.** Кочевая цивилизация казахов: основы жизнедеятельности кочевнического общества. – Алматы: Социвест – Москва: Горизонт, 1995. – 320 с.
48. **Ямсков А.Н.** Идеи Л.Н. Гумилева о взаимоотношениях этносов и ландшафтов и развитие понятийно-терминологического аппарата отечественной этноэкологии // Научное наследие Л.Н. Гумилева: истоки, эволюция, проблемы восприятия. Материалы Международной научной конференции, посвященной 100-летию со дня рождения Л.Н. Гумилева. Ред.: Чистобаев А.И., Новожилов А.Г., Норин А.В. – СПб.: Санкт-Петербургского ун-та, 2012. – С. 16-20.
49. **Артыкбаев Ж.О.** Кочевники Евразии (в калейдоскопе веков и тысячелетий). – СПб.: Мажор, 2005. – 320 с.
50. **Цинман М.З.** Методологические проблемы типологии отношений собственности у кочевников. – Алматы: Ғылым, 1992. – 102 с.
51. **Гаврилова А.А.** Могилиник Кудырге как источник по истории алтайских племен. – М.-Л.: Наука, 1965. – 145 с.
52. **Грач А.Д.** Древнейшие тюркские погребения с сожжением в Центральной Азии // История, археология и этнография Средней Азии. – М.: Наука, 1968. – С. 207-213.
53. **Худяков Ю.С.** Древние тюрки на Енисее. – Новосибирск: ИАЭСО РАН, 2004. – 125 с.
54. **Досымбаева А.** Западный Тюркский каганат. Культурное наследие казахской степи. – Алматы: Тюркское наследие, 2006. – 168 с.
55. **Досымбаева А.** Мерке – Жетісу түркілерінің киелі жері. – Тараз: Сенім, 2002. – 108 б.
56. **Сэр-Оджав Н.** Эртний тургэууд (6-8 зууы). – Улаанбаатар: Шинжлэх Ухааны Академиин хэвлэл, 1970. – 160 с.

ҰЛТТЫҚ ТАРИХЫМЫЗДЫҢ ЭТНОТАҢБАЛЫҚ ЖҮЙЕСІ

Рахила НАРАЛИЕВА,
Майра ТОЙҒАНБЕКОВА,
ҚазҰУ-дың аға оқытушылары,
Бибігүл СҰЛТАНОВА,
филология ғылымдарының кандидаты

Ата-бабамыздан қалған асыл мұрамыз – ана тіліміздің байлығына өз елін сүйген еш азамат бей-жай қарай алмайды. Халқымыздың ұлы ғалымы Шоқан Уәлиханов та өз кезінде кәсіпқой тілші ғалым болмаса да, ана тіліндегі кейбір тілдік тұлғаларға арнайы көне түркі мен моңғол тілдеріне салыстырмалы зерттеу жұмыстарын жүргізіп, оларға анықтама берген.

«Сол сияқты қазақтар «Хан жарлықтарында» кездесетін **йесір (жесір)** – «олжаласқан құл», ал **уәтім (жетім)** – «сатып алған құл» дегенді атайтынын көрсетеді. ...Жоғарғы жетім, жесір дегендерден басқа, Шоқанның осы жауап хатында (пр.Березинге жазған) **базарман, ортақ, ортақшы, башлық** (бастық), **бек, би, оғлан, ел, ұлыс бегі, там, ыстан, бақауыл, олжа, олжалас** сияқты сөздердің де қазақ тілінде білдіретін мағыналарын түсіндіріп береді. Оларды қазақ тілінен ғана іздестіріп қоймайды, өзге түркі тілдерінде бар-жоғын қоса айтып, барларын өзара салыстырады. **Тоқтамыстың Яғоллаға жазған хатында** («Ярлығында») **башлық** деген титул – «бас уәзір» (орыстардың темник, яғни «первый при хане вельможа») деп көрсетеді де, қазақтарда басшы деп «главный начальникті» атайтынын қоса таныстырады. Осы тұста түсініктері арнайы сұралмаса да, Шоқан Жошының көшпелі ұлыстарында әкімшіліктің тұрақты құрылымы болмағандығын, сондықтан тұрақты шендердің атауларының орнына оғандар, бектер, билер (ру басылары) деген атақтар (шендер емес) болғанын айтады. ...Жарлық мәтініндегі **машайық** сөзін түсіндіргенде, «**қырғыз (яғни қазақ) даласында молалар мен тастан үңгіп жасалған мешіттер көп, олар стан немесе там деп, ол тамдарда жатқандардың есімімен қоса аталады. Осыларды әулие/машайық дейді**» деген түсінік те берген. Проф. Березин мұндағы **боқауыл** сөзінің түсінігін сұраса керек. Шоқан бұл сөз қазақ тілінде бүгінде де қолданылады, бұларда «аз ғана асқа боқауыл болма, аз ғана елге бек болма» деген мақал бар, «**боқауыл/бекеуіл (табақ (ас) таратушы)**» дегенді білдіреді дейді [1, 10].

Шоқан Уәлиханов XVI ғасырда жазылған жалғайыр руының биі Қадырғалы Қосымұлының «**Жамиғ-ат тауарих**» еңбегінің тіліне де зерттеулер жасаған. Жазба ескерткіштің үзінділерін орыс тіліне аударып отырып, жазбада кездесетін мағынасы сол кезде-ақ күңгірттен бастаған сөздерге талдау жасайды. **Бөрте** сөзінің мағынасының бұлақ екенін, орыс тілінде **ключ** деп аударып көрсеткен. Атақты жиһангез қолбасшы Шыңғыс ханның бірінші зайыбының есімі **Бөрте** болған. Қазіргі қазақ тілінде **бөрте** сөзі боз араласқан көкшіл, қызыл-күрең түсті білдіреді. Мысалы, бөрте ешкі, бөртежусан [2, 142].

XVIII ғасырда қазақ-орыс елдерінде сауда-саттық қатынаспен қатар саяси қарым-қатынас та арта бастады. Әрине, екі ел арасындағы қатынастың сол кезеңдегі сипаты бізге ресми құжаттар арқылы мәлім. Бұл құжаттардың негізін ресми хаттар мен келіссөздердің хаттамасы құрайды.

XVIII ғасырда қазақ даласында қолданылған ресми ісқағаздар стилінің өзіндік ерекшеліктері сол

кездегі жазбалар тілінің лексика-фразеологиялық құрамынан, грамматикалық тәсілдерінен, синтаксистік құрылымынан, орфографиясынан көрінеді. Бұл кезеңдегі ресми ісқағаздарында түрлі дәрежедегі лауазымды адамдарды, әкімдерді дәріптейтін тұрақты эпитеттерді қолдану шарт болды. Тұрақты эпитеттерді қолдануды сол кездегі қазақ даласының ресми ісқағаздар тілінен де көруге болады. Жоғарыда аталған құжаттарда кездесетін ғизатлу, хұрметлу (құрметті), мархабатлу (қайырымды), сағадатлу (ырысты), биік мәртебелі, жоғары мәртебелі, ғиаятлу (шапағатты), құдіретлу (құдіретті), шафағатлу (шапағатты, мейірімді) сияқты сын есімдер (біреуге қарата айтқанда, ісқағаздарын жазғанда қолданылатын сыпайыгершілік сөздері) – осындай тұрақты эпитеттер. Бұлардың жасалу жолдарына келсек, олардың барлығы дерлік араб сөздеріне түркі тілдерінің ортақ сын есім тудырушы -лу, -лі жұрнақтарының жалғануы арқылы жасалған.

Осы мақсатта қолданылған сөздердің бірі – **биік, зор, асқар, жоғары ұғымын беретін араб сөзі ғали**. Мысалы, **ғали кәһали уа ғали жәнәли** – жоғары дәрежелі әрі жоғары ықыласты, **ғали хазіреттеріңіз** – ұлы мәртебелілігіңіз, **патса хазіреттеріңіз** – Ваше высокопревосходительство сияқты тағы да басқа сөздердің сол кездегі ресми тілдік қолданыста штамптық реңкке ие болғанын Р.Сыздықова өз еңбегінде [3, 28-35] талдап көрсетті.

Ұлы мәртебелі императрица Сіздің жарлығыңыз бойынша бізге жіберілген Мәмет мырза Тевкелев бізге ұлы мәртебелі императрица Сіздің жарлығыңызды жариялады. («XVI-XVIII ғасырлардағы қазақ-орыс қатынастары» құжаттар жинағы, 38-б.) [4, 16-17].

Аталған эпитеттер сол заманда ресми ісқағаздарда тұрақты пайдаланылып, ресми стильдің тілдік қолданысында нормаға айналған. Сонымен қатар құжаттарда халық, бұқара халық ұғымында халық, қара халық, жамағат, йұрт сөздері жұмсалған. Жамағат, жұрт, халық, қара халық сөздері қазіргі кезде сол мағынада қолданылады. Дегенмен де көңіл аударатын жайт – **йұрт** сөзі белгілі бір аймақта тұратын этникалық топ – ұлт мағынасында қолданылған. Мысалы, қырғыз-қазақ йұрты, Россия йұрты, күллі йұртымыздың жамағатлары деген тіркестер кездеседі. Ал арабтың кіріфтар сөзі – тұтқын сөзінің орнына қолданылған. Кіріптар сөзі қазіргі кезде де тілімізде тәуелді болу мәнінде жұмсалады. Саудагер, шабуыл, тұтқын, елші, бастық, ғаскер (әскер), хахим (әкім) сөздері бастапқы мағынасынан ажырамаған. Сонымен қатар ресми ісқағаздарда орыс сөздері кездеседі: кавалер – қауалер, старшина – старшын және тағы да басқа губернатор, полковник секілді жоғары шенді білдіретін сөздер де қолданылған. Ал құжаттарда көптік жалғауының тек -лар/лер тұлғасының қолданылуы бұл татар тілінің ықпалы. Себебі, құжаттарды көбінесе татар молдалар жазған, сондықтан да құжаттар татар тілінің мақамымен жазылған.

XIX ғасырда ісқағаздар стилінде айтулы ілгерілеу байқалады. Себебі XIX ғасырдың екінші жартысында

қазақ даласында қос тілді орысша-қазақша басылған газеттер: «Түркістан уәлаяты», «Дала уәлаяты» шыға бастады. Екі мерзімді баспасөз қазақ өміріне, жазба тіліне игі әсерін тигізді. Бұл кезеңде начальник сөзі – ұлық, чиновник – төре, кибитковладелец – үй иесі, (газетке) міндетті жазылушылар деген тіркестер кездеседі. Алайда біраз атаулар лауазым аттары орыс тіліндегі аттарымен жазылып та айтылып та жүрді: советник – сауатник, военный губернатор – уайаннай губернатор, генерал – кенерал, т.б.

XIX ғасырдың екінші жартысында қазақ тілінде мерзімді баспасөз жарияланымдары – газеттер шыға бастағанына байланысты қазақ әдеби тілінде жаңа бетбұрыс басталды. Ісқағаздар газет бетінде жариялана бастады. Баспасөз бетінде жарияланған алғашқы ресми құжат – Орынбор шекаралық комиссиясының 1852 жылы қазақтың әкім-қараларына, жергілікті билік тізгінін ұстаған сұлтандар мен болыстарға, старшындарға, арналған қызметтік нұсқау хат болатын. Бұл қазақша жазылған ашық хатта должностные лица – лауазым иелері, столоначальник – стол бастығы, пограничная комиссия – хыдудия мекемесі, т.б. берілген. Хат дәстүрлі түрік тілінде жазылып жарияланған еді. Тағы да бір баса назар аударуды қажет ететін құжаттардың бірі – «Дала уәлаяты» газетінде 1896 жылы жарық көрген *«Дала уәлаятіндегі облұсдардың тергеуі турасынан»* атты құжат. Газетте жарияланған осы құжатта орысша заң терминдері қазақша аударылып берілген:

орысша	қазақша	қазіргі тілдің қолданыста:
потерпевший – даукер,		жәбірленуші
обвиняемый – жауапкер,		айыпкер
свидетель – айғақ,		куә, куәгер
общество – қауым,		қоғам
публика – халық,		әлеумет, көпшілік
учащийся – шәкірт,		шәкірт
женщина – әйел,		әйел
жена – хатұн;		әйел, зайып
благонадежное лицо – сенімді адам,		сенімді тұлға
адвокат – адвокат,		қорғаушы.

Ал адвокат сөзі қазіргі қазақ тілінде үлкен қарт кісілердің тілдік қолданысында осы бастапқы түріне ұқсас формада **атбекет** түрінде айтылып жүр.

XIX ғасырдың екінші жартысында ісқағаздар стилі тұрақтала бастады. Әсіресе, терминдер, ресми қаратпа атаулар де қалыптаса бастады.

Көшпенді қазақ өміріне 1917 жылғы қазан төңкерісі де үлкен өзгеріс әкелді. Кеңестік билік дала тынысына жаңаша леп берді. Көшпенді, жар-

тылай көшпенді тұрмыстан – отырықшылық тұрмысқа көшу қазақ даласында жиырмасыншы-отызыншы жылдары толықтай орнатылды. Жаңа экономикалық-саяси қатынасқа байланысты тілімізге көптеген жаңа сөздер енді. Кірме сөздер қазақ тіліне орыс тілі арқылы енді. Осы жылдары терминдердің бәрін қазақ тіліне жаппай аударуға талпыныс жасалды. Бірақ кейбір халықаралық терминдерді қисыны келсін, келмесін әйтеуір аудару үдерісі қазақ тілінде келеңсіз тілдік жайттың пайда болуына – пуризмге әкеліп соқтырды. Мысалы,

материалистер – затшылдар;
идеалистер – мұратшылдар;
капиталистер – дәулетшілдер;
экспортная комиссия – сыншы комиссия,
методист – әдісшіл,
коммунист – ортақшыл;
реалист – нағызшыл;
председатель – төбе басы болып қолданылды.

Мәселен, «Уездік камисианың төбе басы қояды» («Ақ жол»). Сол бір кезеңде ісқағаздар стилінде осындай ала-құлалық болғанымен, орыс тілінен аударылмай қабылданған закон, съезд секілді сөздерді зақұн, сиез етіп, қазақ тілінің фонетикалық ерекшеліктеріне бағындырып айту әрі жазу дәстүрі жақсы сақталған болатын. Бұл жақсы үдеріс қазақ тілі әліпбиі тұтастай кириллицаға көшірілгеннен кейін аяқсыз қалды. Термин сөздердің бәрі орыс тілінде қалай жазылып, айтылса, тіліміздің тілдік заңдылықтарына қайшы тұстары ескерілместен: коммунист – каммунист, (көмүнүс емес) сияқты тағы басқа кірме сөздер біздің тілімізде сол күйінде айтылатын да, жазылатын да болды.

Қай кезде болмасын, халықтың тарихын, мәдениетін, рухани байлығын оның тілі мен жазба ескерткіштерінсіз, халықпен бірге жасасып келе жатқан әдеби мұраларынсыз толық тану, білу мүмкін емес. Сондықтан да тілдік құралдардың тарихи жазба жәдігерлерде қолдану аясын, стильдік қырларын қарастырудың маңызы зор.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. **Сыздық Рәбиға.** Шоқанның тілтанымдық тұлғасы. // Қазақ әдебиеті, 2010 №41, 10-б.
2. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. Алматы, «Дайк-Пресс»- 2008. 142-бет.
3. **Сыздықова Р.** Қазақ әдеби тілінің тарихы. Алматы, 1968. 28, 38-б.
4. **Дүйсембекова Л.** Іс қағаздарын қазақша жүргізу. Алматы: Ана тілі, 2005. 16-17-бб.

АВТОРЛАРҒА ҚҰЛАҚАҒЫС!

СУРАҚ ТУСА, САЙТТЫ ҚАРАҒЫЗ!

“Қазақ тарихы”, “Қазақ әдебиеті және мемлекеттік тіл” журналдарына ортақ **жаңа сайт ашылғанын бұрын хабарлағанбыз.** Сайттың интернеттегі тұрағы: kaztar.kz Кіріп көріңіздер. Тілін білген кісіге интернет пен сайттың қыруар шаруаны жеңілдететінін естен шығармаңыздар!

Сайт жеті бөлімнен тұрады және әр бөлімде оқырманға пайдалы ақпарат ұсынылған. Бөлімдер «Басты бет», «Фотокөрме», «Журнал туралы», «Мақала жариялау», «Мұрағат», «Қазақ тарихы» баспасы, «Байланыс» деп аталады. 2-бөлімі – қос журналдың тарихынан естеліктер

ұсынатын «фотокөрме» деп аталса, «Қазақ тарихы баспасы» бөлімінде бұған дейін шығарылған кітаптардың мұқабасы берілген. Кітап шығарғысы келген авторлар соған қарап өз таңдауын жасай жатар. Жиі қойылатын сұрақтардың жауабын да, жазылу мен мақала жариялаудың талабын да, редакцияның тұрағы мен телефонын да осы бөлімдерден табасыздар. Тіпті «Байланыс» бөлімі арқылы бірден редакцияның элпоштасына хат жаза да аласыз. **Ендеше көкейіңізде кез келген сауал туса, бұрынғыдай редакция қызметкерлерін мазаламай, сайтқа жүгініңіз.** Мұқият танысып, кейбір түйткілді нақтылау үшін ғана редакцияға хабарласыңыз.

МАҢҒЫСТАУ УЕЗІНІҢ ӘКІМШІЛІК ОРТАЛЫҒЫ

Қалимаш ЖАНҒАНАТОВА,
тарих ғылымдарының кандидаты,
Қазақ спорт және туризм академиясының аға оқытушысы

1881 жылдың 10 маусымында орталығы Ашхабад қаласы болған Каспийсырты облысы құрылды. Облыс Кавказ әскери округына бағындырылып: Маңғыстау, Красноводск және Ахалтеке уездерінен құралды. Осы жылы Маңғыстау приставтығы 10 қазақ және 1 түрікмен болыстарынан тұратын уезге айналдырылып, уезд алғаш Кавказ әскери округына, 1899 ж. бастап Түркістан генерал-губернаторлығының құрамына кірді [1]. **Уездің әкімшілік орталығы – Форт Александровск (қазіргі Форт Шевченко) қаласы.** Оның құрамына уездің өз аумағымен бірге соңынан қосылған Құлалы, Святой, Бозашы, Тюленьи, Морской, Подгорный, Долгий, Орлов, Керел (Жандауыр) аралдары кірді.

Маңғыстау уезінің территориясы Каспий мен Арал аралығында жатқан Каспийсырты облысының бүкіл солтүстік батысын (уезд жерінің көлемі 1 937 650 шаршы шақырым жерді) алып жатты. Шығысында Айбұғар бұғазымен, оңтүстігінде Красноводск уезімен, солтүстігіндегі шекара белгіленбеген. Халық тым сирек орналасқан барлығы 77 000 адам, яғни 1 шаршы шақырымға 0, 3 тұрғыннан келеді [2].

Патша үкіметінің әкімшілік-саяси басқару жүйесінде уездік әкімшілік ерекше маңызды рөл атқарды. Себебі ол патшалықты түземдіктермен тікелей байланыстыратын орталық болды. Уезд әкімшілігін уезд бастығы басқарды. Ол бүкіл уездің қожайыны болды және уезді болыс пен ауылнайлар арқылы басқарып отырды. Болыстар мен ауылдарға кіретін үй басы санын облыстық басқарма бекітті. Болыстарды болыс басшылары, ал, ауылдарды – ауыл ақсақалдары биледі.

Маңғыстау халқына әкімшілік билік жүргізудің Қазақстанның басқа өңірлеріне қарағанда тағы бір өзгешелігі – болыстарды, ауыл старшындарын, тіпті билердің өзін отаршыл әкімшілік тағайындады. Қазақстанның өзге аймақтарында жергілікті билеушілерді формальды түрде болса да, 3 жыл мерзімге халықтық сайлау арқылы сайлап қойса, ал Маңғыстауда оларды патшалық әкімшілік тағайындады. Уезд бастығының құрамы әскери-полицейлік қызметшілерден, патша отаршылдарынан тұрды. Олар патшаның қолшоқпары сияқты жергілікті халықты аяусыз қанап отырды. Патша шенеуніктеріне шағым айтудың өзі қорқынышты болды. Уезд бастығының өзі қалауынша сотсыз және тергеусіз қазақтарды тұтқындауға немесе айып салуға еркі болды [3].

Қаланың уезд орталығына айналуына байланысты уездік сот, нотариус мекемесі Форт Александровскіде орналасты. Уезд бен қаланың сот, тергеуші және нотариус қызметі міндетін ұзақ жылдар бойы отставкадағы подполковник Александр Иванович Затеplinский атқарып келген. Халыққа қызмет көрсету мекемелерінің қатарында уезде түземдіктерге арналған несие кассасы, Форт

маңындағы Николаев станицасы мен Долгий аралын қоныстанған балықшылар үшін арнайы қосалқы касса жұмыс істеп тұрған [4].

1867 жылғы «Орынбор және Батыс Сібір генерал-губернаторының далалық облыстарын басқару туралы уақытша ереже» негізінде уездердегі шаңырақ санының есебі 3 жылда бір рет алынып отырған. Уезд халқы 1870 жылға дейін табиғи өсім есебінен өсіп, одан кейінгі жылдары механикалық қозғалыс есебінен халықтың саны мен құрамынан өзгерістер байқалған [5]. Оған кері әсер еткен жағдайлар 1870 жылғы көтеріліс, 3 мың Адай шаңырағының Хиуа хандығының жеріне (1870 ж.) өтіп кетуі себеп болған [6]. Керісінше, 1870-1897 жылғы санақ аралығында қоныстанушы орыс шаруаларының саны күрт өсіп, олардың дені Форт Александровскіге қоныстанған. Мәселен, 1882 жылы Николаев станицасы мен Александровск слободасында (ауызекі айтылуы Армян слободасы) 554 адам болса (оның 421 – орыс, 74 – армян, 28 – қазақ, 18-түркімен, 7 – парсы, 3 – татар, 3 – поляк), 1886 жылы ондағы халықтың саны – 1094 адамға жеткен. Оның 697-і тұрақты тіркелсе, 397-і балық кәсіпшілігі мен сауданы кәсіп еткен уақытша тіркелген тұрғындар негізін құраған. Сонымен 1094 тұрғынның 450-і Николаев станицасында (оның 234 – ер, 216 – әйел), 325-і Форт Александровск слободасында (оның 187 – ер, 138 – әйел), қалған 319 форттағы әскери адамдар мен олардың отбасылары (оның 281 – ер, 38 – әйел) [7]. Қала тұрғындарының саны көбейген сайын тұрғындардың тұтыну тауарларына деген сұранысы жоғарылап, сауда-саттық саласы жолға қойылды. Қала тұрғындарының сұранысын астрахандық армян саудагерлері қанағаттандырып отырды.

Қаладағы сауда тек армяндардың қолында болды. 1872 жылы армян слободасындағы 24 саудагердің 23 армян, 1-і Гурьевтен келген орыс ұлтының өкілі болған. Олардың осы жылдың алғашқы 4 ай ішіндегі сауда айналымы – 108716 сомды құраған [8]. Слобода тұрғындарының өз тілінде білім беретін мектебі, өз полициясы мен қоғамдық ұйымы, старостасы болды. Ұйым мүшелері дәулетті армян ұлтының өкілдерінен, саудагерлер мен қолөнершілерден тұрды. 1874 жылы мұнда 88 армян ұлтының өкілдері тұрған [9]. Слободаның қауіпсіздігі полиция қызметкері Гавриел Таузенфрейдке жүктеліп, оған осы қызметі үшін Армян қоғамының мүшелері слободаның қазынасынан ай сайын 12 сом еңбекақы төлеп тұрған [10]. Деректерге сүйенсек қалада жиналған қаражаттың басым бөлігі қалалық полиция мен қалалық өртке қарсы мекемелерін ұстауға жұмсалған.

Қалалық шығын көзі негізінен екі топқа бөлінді. Біріншісіне қалаға жұмсалатын міндетті шығындар: әкімшілік мекемелерді, түрмені, полицияны, өрттен сақтандыру орындарын қамтамасыз етуге жұмсалатын шығындар. Екінші топқа қалалық басқарманы ұстауға

кететін шығындар, халыққа білім беру мен денсаулық сақтау және санитарлық-гигиеналық шараларды жүргізу үшін қажетті шығындар жатқызылды [11].

Қала ұзындығы 1,5 шақырымдық (верст) орталық көше мен 4 көлденең көшеден және 1 алаңнан тұрған [12]. Әрине, бұл жерде әңгіме қаланың орталық бөлігінде белгілі бір тәртіпке бағынған көшелер туралы, ал тәртіпке бағынбаған, қалай болса солай, қиы-жиқы салынған көшелер де аз емес. Ол кезде көшелерде белгілі бір атау, оны нақтылайтын тақтайша болмаған. Көп жағдайда Форт Александровскі сияқты шағын қалалардың көшелеріне арнайы ат қойылмаған.

Әдетте көшелердің атауы орналасқан ұлт өкілдерінің аттарына байланысты шартты түрде аталған сияқты. Мысалы, қалаға бөгеттен кіретін дәл орталық көшеге дейін созылған ұзын көшені кезінде Адай көшесі деп атаған. Олай аталған себебі осы көшені бойлай Адайдың Мәтбай, Шәтбай, Жаңабай, Жақсыбай дейтін ірі байларының тастан тұрғызылған үйлері мен дүкендері орналасқан. Қаланың орталығында Қ.Жаншуақов, А.Бажанов, К.Атаназаров, Ж.Есенгелдиевтің және Маңғыстаулық тұңғыш медфельдшер Әміржан Шымыров пен Маңғыстау приставтығының тілмашы Қосым Мырзабаевтың үйлері де болды [13]. Осы Адай көшесінің орта тұсынан бастау алатын көлденең көшені Түркмен көшесі деп атапты. Ол көше орталықтағы түркмен мешітіне (1878 ж. тұрғызылған) дейін созылған. Кейін мешіт құлап, орнына кинотеатр салынған. Ал, көлбеу жатқан көшені түрлі ұлт өкілдері мекендегендіктен интернационал көшесі деп атаған [14]. Сонымен, Форт көшелерінің тарихы осы аталған бір ұзын көше мен көлденең жатқан шағын 4 көшеден басталады. Әрине, бекіністің қамалдарына қатарластыра әскери адамдар тұратын казармалар орналасқан. Бұл уақыттың жемісі деп тек байлардың немесе көпестердің үйлерін ғана емес, сонымен бірге қалалық қазынаның қатысуымен салынған оқу орындарын, шіркеу, часовня, әскерилерге арнап салынған лазарет, форттағы әскери адамдардың бастамасымен бой көтерген бақ, т.б. атауға болады.

Л.Мейердің мәліметіне жүгінсек, 1853 жылы Александровск слободасынан жарты шақырым жерде жеміс ағаштары, көкөністері бар шағын бақ орналасқан. Бекініс коменданты И.Усков пен Т.Г.Шевченконың ықпалымен бой көтерген бақ 3 десятина жерді алып жатқан. Бақта 60-қа жуық өрік, шабдалы, алма, алмұрт сияқты жеміс ағаштар болған [15]. Қаланың дәл ортасында тұғыры 1847 жылы орнатылған Павел мен Петр апостольдардың аты берілген ағаш шіркеу, қаланың шығысында 1873 жылғы орыстың Хиуа хандығына қарсы жорығын еске салатын Хиуа экспедициясынан қалған ескерткіш часовня болыпты [13].

Қаладағы үйлердің бәрі бір қабатты, ағаштан және жергілікті тастан тұрғызылған. Тұрғындар құдық суын пайдаланған, құдық әрбір үйде болды. 1893 жылы уезд бойынша Форт Александровск слободасында барлығы – 92 (оның 86 жеке меншік үй), Николаев станицасында барлығы – 155 (оның 153 жеке меншік үй), Долгий қонысында барлығы – 46 (оның барлығы жеке меншік тұрғын үйлер) ғимарат болса [16], арадан 3 жыл өткен соң, яғни 1896 жылғы мәліметтен слободаның ғимараттары – 92-ден 133-ке, станицаның – 155-тен 192-ге, ал, Долгий қонысындағы ғимараттар санының – 46-дан бірден 70-ке дейін жеткенін төмендегі кестеден көз

жеткіземіз [12].

Кесте – Қазыналық және жекеменшік ғимараттар жөнінде мәлімет 1896 жылғы дерек бойынша [12].

Елді-мекен атауы	Провос. шіркеуі (ағаш-тан)	Часовня (тастан)	Қазыналық ғимараттар		Жеке меншік үйлер	
			Инженер. ведом.	әскери пароход	ағаш-тан	тастан
Форт Александровск	1	1	4	4	7	116
Николаев	1	1	-	-	30	162
Долгий	1	-	-	-	68	2
Барлығы:	3	2	4	4	105	280

Қорыта айтқанда Маңғыстау уезінің әкімшілік басқару мекемесі ретінде өз жұмысын атқарып келген Александровск фортына 1874 жылдан қалалық мәртебе беріліп, уездік қала ретінде танылды [17]. Мұрағаттық құжаттарда бұл туралы нақты мәліметтер келтірілгенін баса көрсеткіміз келеді. Себебі Маңғыстау түбегіне арналған зерттеулер мен еңбектерде Форт Александровскіге қала статусының берілуі туралы мәселе нақты көрсетілмейді. Тек қала деп аталғандығы үстірт атап өтіліп отырады. Сондықтан біз арнайы құжаттан нақты үзінді келтіруді дұрыс деп есептейміз. Ол арнайы қойылған сауалдар арқылы жинақталған мәліметтер бойынша алынған жауаптар түрінде берілген. Мәселен Форт Александровскіге ерекше құқықтар мен артықшылықтар қашан және қандай заңдармен берілген? – деген сауалға: *«Даны права города, о чем обнародованы в полном собрании законов 1874 г. № 53253»*, – деп көрсетілген [17]. Біз бұл құжаттан сонымен бірге қаланың ол кездері нақты жоспарының жасалмағандығын және аумағының да нақты айқындалмағанын білеміз.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. **Турсунова М.С.** Казахи Мангышлака во второй половине XIX в. – Алматы, 1977. – 179 с.
2. **Мұқанов М.** Қазақ жерінің тарихы. – Алматы: Атамұра, 1994. – 80 б.
3. **Румянцев П.Г.** Киргизский народ в прошлом и настоящем. – СПб., 1910. – С. 33.
4. ҚР ОММ. 85-қ., 1-т., 55-іс, 19-56-пп.
5. **Михайлов Ф.А.** Туземцы Закаспийской области и их жизнь. – Асхабад, 1900. – С. 79.
6. ҚР ОММ. 315-қ., 1-т., 22-іс, 57-п.
7. Обзор Закаспийской области с 1882 по 1890 г. – Асхабад, 1892. – табл. № 11.
8. ҚР ОММ. 85-қ., 1-т., 53-іс, 1-п.
9. ҚР ОММ. 85-қ., 1-т., 87-іс, 5-п.
10. ҚР ОММ. 40-қ., 1-т. қос. 48-іс, 6-п.; ҚР ОММ, 40-қ., 1-т., 139-іс, 43-п.
11. ҚР ОММ. 40-қ., 1-т., 869-іс, 33-п.
12. Обзор Закаспийской области за 1896 г. м/ф.
13. ҚР ОММ. 40-қ., 2-т., 27-іс, 3-байлам.
14. **Байнекеев И.** Қайта өрлеу белесінде. – Маңғыстау, 2006. – 15 шілде.
15. **Мейер Л.** Киргизская степь. Оренбургского ведомства. – СПб., 1865. – 288 с.
16. ҚР ОММ. 40-қ., 1-т., 400-іс, 1-п.
17. ҚР ОММ. 40-қор, 1-тізбе, 613-іс, 23-29-пп.

Ы.АЛТЫНСАРИН ШЫҒАРМАЛАРЫ:

қазақ қоғамының өзекті мәселелері

Р.АЙМАҒАМБЕТҰЛЫ, Ы.Алтынсарин атындағы
Арқалық мемлекеттік педагогикалық институтының доценті,
Г.КАНЕНОВА, гуманитарлық ғылымдар магистрі,
Д.СЕЙДАЛЫҚЫЗЫ, гуманитарлық колледж оқытушысы

Қазақтың ұлттық мәселесі – қазақ қоғамындағы әлі күнге дейін шешімін таба алмай келе жатқан мәселелердің бірі. Ал кез келген ұлттың болашақ тағдыры оның тілімен, дінімен, рухани байлығымен, әсіресе, ұлттық санасымен байланысты. XIX ғасыр мен XX ғасырдың бірінші жартысында қазақ зиялы қауымының барлығы дерлік халқына шығармашылық еңбектері мен қажырлы қызметтері арқылы осы мәселені шешу жолында тер төкті және осы жолда құрбан да болды.

Қазіргі таңда отандық тарихшылар осы мәселеге ғылыми тұрғыдан жауап беруге тырысуда. Тіпті бұл мәселе осыдан 3 жыл бұрын өкіметтік жиында ресми түрде қолға алынған тақырып та болды. Бірақ осы мәселенің шешілуі алдымен зиялы қауымның іс-әрекетімен тығыз байланысты екендігін білуіміз керек. Ұлттың ұлт болу болашағы сол ұлттың өз қолында деп айтқанымызбен, соған жол салып беретін, бағыт-бағдар көрсететін белгілі бір зиялы қауым өкілдерінің болуы заңдылық. Себебі ұлттық сананың ояну үрдісі кезеңдерге созылатын құбылыс болғандықтан, сол қоғамның элиталық бөлігін құрап отырған әлеуметтік топтың барлық уақытта алда жүретіні белгілі. Алайда жоғары білімі барлардың барлығын интеллигенцияға жатқыза беретін болсақ, онда біздің зиялы қауым туралы түсінігіміз үлкен қателік болар еді. Осыған орай: *«Ұлт зиялысы дегеніміз – сол өзі шыққан ұлттың бар жақсы қасиетін бойына сіңірген; кісілік парасаты биік; халқының мүддесін жеке бастың мүддесінен жоғары қойып, саналы ғұмырын соған қалтқысыз қызмет етуге арнаған; ұлттық дамудың мүддесін көздейтін әлеуметтік мұраттарды алға шығарып, қолдап, қорғап отыратын; осы жолда кездескен қиындыққа қаймықпай қарсы тұрып, қажет болса мақсатты ісінің жолында күресіп, құрбандыққа бара алатын, рухы биік, ары таза, қайраткер адам»* – деп анықтама берген отандық ғалымдардың пікірін айтып кеткеніміз жөн сияқты [1, 23-б.].

XIX ғасырдағы орыстың атақты философы және тарихшысы С.Н.Трубецкой: *«Анығына келсек, тарихта бәрін жасайтын адам, сол арқылы ғана идея іске асады»*, – деген сөзін осы тұрғыдан алып қарасақ, XIX ғасырдағы азғантай ғана қазақ зиялылары халықтың бар ауыртпалығы өздеріне түскенін сезініп, патша үкіметінің қатаң бақылауына қарамастан саналы түрде бейбіт жолмен халқына қызмет ете білгендігін байқаймыз. Қазақ тарихшылары мен мәдениеттанушылары соңғы кезде «Алтын ғасыр» деп атап жүрген XIX ғасыр, шын мәнінде, бұрын қазақ тарихында болмаған өнер мен ғылым өкілдерінің үлкен шоғырын тарих сахнасына шығарған болатын. Оның да заманына байланысты өзіндік әлеуметтік-экономикалық және саяси себептері болды. Осы тұрғыдан: *«...Олай болса, қазақ даласында да, Еуропалық өркениетке қарай бет бұру қажеттігін ұғынып, халықты осындай даму жолына қарай жетелеу керектігін түйсінетін ағартушылар немесе элита тобы қалыптасуы*

тиіс еді. Бұл тарихи қажеттілік – Ы.Алтынсарин, А.Құнанбайұлы, Ш.Уәлиханов сынды қазақ зиялыларын дүниеге алып келді», – деген отандық ғалымдардың пікіріне қосылуға болады [2, 96-б.].

Алайда Ресей империясының отарлау саясатының қыспағына қарамастан оқу-ағарту мәселесін алға қойып, халықтың санасын оятқан тұлғалардың тарихта қалдырған ізін сол заман тұрғысынан бағалай білуіміз керек. Себебі тарихи оқиғалардың өзі тұлғалардың дүниеге келуіне себеп болады, ал тұлғалар өз кезегінде халыққа жасаған жағымды іс-әрекетімен тарихты жасап, халықтың есінде қалады.

Сондай ірі тұлғалардың бірі – Ы.Алтынсарин. Қазіргі уақытқа дейін қазақ халқының, әсіресе, бала тәрбиесіндегі, оқу-ағарту саласындағы көкейкесті мәселелерді қозғаған кезде ұлы ұстаздың еңбектеріне назар аударатынымыз рас. Себебі қай уақытта болмасын бала тәрбиесі мен жас ұрпақты дұрыс жолға салу – күн тәртібінен түспеген үлкен мәселе.

Ы.Алтынсарин өмір сүрген заман – Ресей империясының отарлық саясаты қазақ даласында толық іске асқан кезең. XIX ғасырдың II жартысында Қазақстанды толық өз билігіне бағындырған Ресей патшасы жергілікті халыққа байланысты қандай іс-әрекетке барса да, алдымен өз мүддесін бірінші орынға қойып отырды. Бұл барлық империялық дәрежеге жеткен державалардың басты қағидасына айналған заңдылық екендігін ескерсек, орыс өкіметінің бұл жолда аянып қалмағандығын көруге болады. Осыны ескерген Ыбырай Алтынсарин халық көзін ашудың бірден-бір жолы – мүлгіген сахарда білім шырағын жарқыратып жағу арқылы халқын прогреске алып шығу деп білді. Алайда көзі ашық адам, алдымен оқу-білімді таратамын деген кісі сол кездегі қазақ қоғамының әлеуметтік және саяси жағдайларына соқпай кетуі мүмкін емес.

Ыбырай Алтынсарин өзін қоршаған қазақ қоғамының әлеуметтік жай-күйін зерттей келе, оның әлемдік өркениеттен кенже қалып қойғанын түсіне білді. Ал ілгерілетудің бірден-бір жолы – халық арасында оқу-білімді тарату еді. Сондықтан да ол бар күш-қуатын, ынтасын, білімін, уақытын жас қазақ балаларын оқытуға жұмсады. Халықты оқытып, білім беру ісінің өте маңызды әлеуметтік мәселе екендігін терең ұғынған, халқын қайткен күнде де қараңғылықтан алып шығуды ойлаған Ыбырай: *«Менің жан сала талаптанатын себебім – қайткенмен де пайдалы адам болсам деуші едім, ал енді осы мақсатқа жетіп келемін деген ой мені барлық жағынан да жұбатқандай»*, – деп жазды [3, 261-б.].

Өз тұсында өнер-білімді игерген жұрттың мәдениет, ғылым, техника жағынан ілгері кеткенін, қоғамдық ойдың дамып, халықтың әлеуметтік жағынан жақсарып отырғанын көрген Ыбырай халқын оқуға, білім алуға шақырды. Ол:

*Өнер-білім бар жұрттар
Тастан сарай салғызды.
Айшылық алыс жерлерден
Көзіңді ашып-жұмғанша*

Жылдам хабар алғызды... – деп ғылым мен білімнің қандай құдіретті күшке ие екендігін сипаттап, оның адамның әлеуметтік жағдайын жақсартуда үлкен рөл атқаратынын көрсетті [4, 14-б.].

1860 жылы Орал сыртындағы қазақтарға арналып 4-сыныптық бастауыш мектеп ашу туралы шешім шыққанда өз еркімен сұранып, мұғалім болуды армандап қазақтың кең сахарасының бір шетіне орналасқан Торғай мектебіне барады. Ы.Алтынсарин ел ішінде оқудың мәнін түсіндіріп, халықтың білімге ықыласын ояту үшін алғашқы балаларды өз үйінде де оқытады. Себебі Ыбырай заманындағы қазақ қоғамының орыс үкіметі араласқан білімге деген түсінігін бірден алып тастау өте ауыр болды, халықты тек қана қажырлықпен атқарған өз ісіңмен сендіру қажет болатын.

Үлкен еңбегінің, қайтпас та қажырлы талабының арқасында Ыбырай аңсаған Торғайдағы мектеп үйі 1864 жылы қаңтарда ашылды. Ұлттық болмыспен сусындаған, халқының ерекшелігін ескере білген Ыбырай Алтынсарин мектептегі оқу-тәрбие жұмысын мүлде жаңа үлгіде құрды. Сабақты балалардың өз ана тілінде жүргізе отырып, Ыбырай алдында отырған әр шәкіртінің сол заманның озық ғылымы мен мәдениетін игеруіне толық жағдай жасауға тырысты. Ыбырай өз халқының әлеуметтік ерекшеліктерін ескере отырып, қазақ баласына лайық оқулықтар жазуды қажет деп санады. Оның Н.И.Ильминскийге жазған: «...қырғыз халқы қарапайым, қулық-сұмдықсыз халық, бірақ біз сол қарапайымдылықтың өзінен көп жақсылық қасиеттерді табамыз. Кейбір ақылдылардың қырғыз – колотырник, қырғыз – қанқұмар деген баспа сөздері әрқашан жансыз, өлі баспасөз болып қала бермек;... қырғыз халқы тапқыр, ақылды, қабілетті, бірақ оқу-білімі жоқ халық деп айтар деп сенемін», – деп жазуы оның нағыз ұлтжанды екендігін көрсетеді [5, 258-б.]. Өз халқы туралы мұндай пікір білдіру ұлтына аяушылықпен қараған, оның болашағынан көп үміт күткен, қандай жағдайда болмасын халқын бірінші орынға қоя алатын тұлғалардың ғана қолынан келетін іс деп санаймыз. Ол тек айтып қана қойған жоқ, оны өмірде іске асыра да білді.

Педагог өзінің ағартушылық саласында, өмірлік тәжірибесі мен алған білімін сабақтастыра келе жас жеткіншектер үшін «Қазақ хрестоматиясын» құрастырып шығарды. Осы хрестоматияның алғы сөзінде Ы.Алтынсарин былай дейді: «Бұл кітапты құрастырғанда мен, біріншіден, осы біздің ана тілімізде тұңғыш шыққалы отырған жалғыз кітаптың орыс-қазақ мектептерінде тәрбиеленіп жүрген қазақ балаларына оқу кітабы бола алу жағын, сонымен қабат, жалпы халықтың оқуына жарайтын кітап бола алу жағын көздедім, екіншіден, бұл кітапта келтірілген әңгімелердің қазақтар үшін ұнамды болуы жағын көздедім, сондықтан, бұл кітапқа енгізілген әңгімелерді тергенде көп қиыншылықтарға кездестім, әрбір мақаланы әр жағынан ойлап барып қосу керек болды.» [6, 27-б.]. Қай шаруаның болмасын бастауы қиын болатындығы түсінікті. Өз ісіне толық сенген Ы.Алтынсарин шәкірттерінің тәрбиелі де білімді болуын басты мақсат етіп қойған болатын.

Қазіргі таңдағы білім саласындағы олқылықтар мұғалім мен шәкірт арасындағы түсінбеушіліктен, ал ол түсінбеушілік мұғалім мен оқушының өз арасындағы білімге деген қызығушылықтың, ықыластың болмауынан деп ойлаймыз. Осы тұрғыдан Ыбырай Алтынсаринның:

Бір құдайға сыйынып,
Кел, балалар, оқылық,
Оқығанды көңілге

Ықыласпен тоқылық..., – деп жазуы не нәрсе болсын, оқығаныңның барлығын бір мезгіл ой елегінен өткізе отырып, оған назар аудару, көңілге тоқу – нағыз білімге апаратын жол екендігін көрсетіп тұрғандай [7, 26-б.].

Осы тұста «Тегінде адам баласы адам баласынан ақыл, ғылым, ар, мінез деген нәрселерімен озбақ. Онан басқа нәрселермен оздым демектің бәрі де ақымақтық», – деген ұлы Абайдың ой-толғамдары ойға оралады [8, 327-б.]. Бұдан біз «ақылдың ақыны» болған ұлы Абай мен «ұлы ұстаз» Ыбырайдың үндестігін, мұндастығын, ой-пікірлерінің мазмұндас екенін байқаймыз.

Ыбырай мектептер ашу ісімен ғана шектеліп қалмады. Ол қазіргі уақытта да көкейтесті мәселелердің бірі болып отырған жан-жақты, білімді, ұстамды, өзіндік пікірі бар мұғалім дайындау сияқты мәселелермен шұғылданды. Мұғалім – мектептің негізгі тұтқасы екендігін жақсы түсінген Ыбырай сол мектептердегі тәлім-тәрбие, оқу жұмысына айрықша мән берді. Оқу-тәрбие ісін жаңа бағытта ұйымдастырды. Бұл ретте ол мұғалімнің атқаратын рөлін жоғары бағалады. Оның «Халық мектептері үшін ең керектісі – мұғалім. Тамаша, жақсы педагогика құралдары да, ең жақсы үкімет бұйрықтары да, әбден мұқият түрде жүргізілетін инспектор бақылауы да мұғалімге тең келе алмайды», – деп жазуы мұғалім мамандығының қоғамда қаншалықты орын алатындығын және беделінің зор екендігін көрсетсе керек [9, 144-161-бб.].

Туған халқын жанынан артық ерекше сүйген ол оның болашағына зор сеніммен қарады. Сондықтан бүкіл ғұмырын халық ағарту ісіне арнаған Ыбырай Алтынсарин бұл істі айрықша шабытпен жүргізді. 1883 жылы Торғай облысының әскери губернаторына жолдаған баяндамасында ол: «Қазақтарға – осы дарынды, ақыл-есі мол халыққа – кешікпей рухани және қоғамдық даму жолына түсетін дұрыс бағыт беру – қалай дегенмен де аса қажет болып отыр», – деп жазды [10, 205-б.]. Ұлы ағартушының өз халқын бұлай қорғаштай сөйлеуі орталық үкіметтің жергілікті халықты менсінбей, оған сырт қарайтын көзқарасының теріс екендігін ұқтырса керек.

Ыбырай патша әкімшілігінің Торғай облысының Орынборға жақын жатқан екі уездік қазақ жерін қосып алу әрекетіне батыл наразылық білдірді. Оның қазақтарды қатты күйзелтетінін, ол қазақтар мен қазақтар арасындағы қатынасты шиеленістіре түсетінінен сақтандырды. Ыбырай дала тұрғындарының жерлерін отарлау арқылы және оларды ырықсыз отырықшылыққа айналдыру арқылы сахарада қалыптасқан өмірдің астан-кестеңін шығаруға наразылық білдіреді. Бұндай әрекеттердің жөнделмейтін екінші қателіктерге апарып соқтыратынын ескертеді. Тұтас бір ұлттың, тіпті ол өте дарынды болса да, оның тұрмысын зорлықпен бұзу – оны сылбырлық, енжарлық сияқты жағымсыз қасиеттерге ұрындыратынын білді. Ыбырай қазақ даласындағы әділетсіздікті, заңсыздықты көріп жаны күйді, заңның әділетті болуын көкседі. Осы ойын шәкірттеріне егу үшін өзі жазған оқу құралдарына осы тақырыпқа арнап қысқа көркем әңгімелерді енгізді. Бабамыз арман еткендей, қоғамдағы әділдік пен заңның үстем болуы – әлі күнге дейін елімізде шешілмей келе жатқан басты, түйінді мәселе болып отыр.

Ыбырай Алтынсаринның педагогикалық көзқарасынан әлемдік тәлім-тәрбиенің алтын діңгегі гуманистік көзқарас, яғни шәкіртке жылы жүректі болу, мұғалім мен оқушы арасындағы ынтымақтастық принциптерінің көрініс тапқанын байқаймыз. Мысалы, өзінің екі сыныптық мектептердің меңгерушілеріне жазған нұсқау хатында ол: *«Егер балалар бірдемені түсінбейтін болса, онда оқытушы оларды кінәлауға тиіс емес, оларға түсіндіре алмаған өзін кінәлауға тиіс. Ол балалармен сөйлескенде ашуланбай, жұмсақ сөйлесуі, шыдамдылық етуі керек, әрбір нәрсені де ықыласпен, түсінікті етіп түсіндіру керек, орынсыз терминдерді қолданбау керек, мұндай сөздер оқушыларға түсініксіз болады да, жалықтырып жібереді. Оқытушыларды бағалағанда олардың іске мәнді қатынасы жоқ сөздеріне қарап емес, олардың біліміне қарап бағалау керек»,* – деп жазған еді [11]. Ал Н.И.Ильминскийге жазған бір хатында ол: *«Мен балаларды жазалауды сүйетін қатал адам емеспін. Бірақ тентек етіп өсірсен, балалардың адамгершілік қасиетін бұзып аласың»,* – деген. Соңғы кездері мектеп оқушылар мен мұғалімдері арасындағы келеңсіз түсінбестік жағдайлар, білім мен тәрбиенің алшақ кетуі, бағаның біліміне қарап емес, «бармақ басты, көз қысты» ретімен қойылуы Ұлы ұстаздың сөзінің жаны бар екендігін дәлелдегендей болып тұр.

Ол туған халқына жан аямай еңбек етті, ұрпақтарына үлгі-өнеге боларлық, тәлім аларлық, рухани нәр боларлық бай мұра қалдырды. Қоғамдық әділетсіздік пен адам бойындағы ұнамсыз мінездерге қарсы күресу үшін, ел ішінде білім, өнер тарату ісін кеңейте беру керек деп ұққан ол бар күш-жігерін мектеп ісіне, бала оқыту жүйесін жақсартуға жұмсайды. Оның мұғалімдердің бала оқытудағы орнын жоғары бағалай келіп: *«Маған жақсы мұғалім бәрінен де қымбат, ол – мектептің жүрегі»,* – деген сөзі осы күнге дейін құнын жойған жоқ.

Оның қазақ балаларын оқу-тәрбиеге жетелеу жолындағы іс-әрекеті далаға кетпей, қазақ халқы соның нәтижесінде надандық құрсауынан өркениетті қоғамға аяқ басты. Ы.Алтынсарин қажырлы қайраттың, талмай ізденістің, өлшеусіз еңбектің арқасында қазақ сияқты тұтастай бір ұлттың рухани мәдениетін сақтап қалды.

Ыбырай Алтынсаринның мұндай ағартушы-

лық жұмысы аға буын өкілдерінен кейінгі буынға жалғасып, қазақтың ұлттық саяси санасының оянуына кең жол салды. Бабамыздың салған ізімен XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басында Ахмет Байтұрсынұлы, Әлихан Бөкейхан, Міржақып Дулатұлы сияқты ұлттың бетке ұстар тұлғалары халқын алға жетелеп, тарихта терең іздерін қалдырды.

РЕЗЮМЕ

Р.Аймағамбетұлы, Г.Каненова, Д.Сейдалықызы.

Актуальные проблемы казахского общества в творчестве Ы.Алтынсарина

В статье анализируются общественно-социальные проблемы казахского общества, включая проблемы образования и обучения трудовых И.Алтынсарина, через призму проблем современного общества.

R.Aimaqambetulu, G.Kanenova, D.Seidalykyzy.

The actuals problems of Kazakh society in the works of Y. Altynsarin.

In this article was analyzed the social problems of kazakhs society, including the problems of education and learning, which were given in the works of I. Altynsarin in connecting with the problems of the modern society.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. **А.Сейдімбек, Х.Әбжанов, Қ.Салғараұлы.** Ұлттық идея: тарихи тағдыры мен болашағы. Астана, 2012 ж.
2. **Б.Аташ, Ж.Белтенев.** Шоқанның тұлғалық және шығармашылық болмысы. Қазақ тарихы. 2016 ж. № 7-8.
3. Тұлғалар. Ыбырай Алтынсарин. Алматы, 2007 ж.
4. **Ыбырай Алтынсарин.** Өнер-білім бар жұрттар. Алматы, 1991 ж.
5. Тұлғалар. Ыбырай Алтынсарин. Алматы, 2007 ж.
6. Ыбырай Алтынсарин. Таза бұлақ. Алматы, 2008 ж.
7. Бұл да сонда, 5-б.
8. **Абай.** Өкінішті көп өмір кеткен өтіп...Он сегізінші сөз. Алматы, 2008 ж.
9. **А.М.Сарбаева.** Қазақ мәдениетінің ұлы қайраткерлері. IX-XIX ғ. Көкшетау, 2011 ж.
10. **Ыбырай Алтынсарин.** Шығармалар жинағы. Алматы, 1994 ж.
11. **Ә.Сәрсенбаев.** «Сәулелі жұлдыз іздеген адам». «Қазақстан мұғалімі», 2001 ж., №11.

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ БАЛЫҚ ӨНЕРКӘСІБІНІҢ МАЙТАЛМАНЫ

(Алғашқы Балық өнеркәсібі Халық Комиссары Шайхы Әбішев хақында)

Аққали АХМЕТ,

тарих ғылымдарының докторы, **Х.Досмұхамедов атындағы**

Атырау мемлекеттік университетінің профессоры,

Б.ЖАПАШ, Х.Досмұхамедов атындағы Атырау

мемлекеттік университетінің магистранты

Әр қоғамның адамын заманынан, ол еңбек етіп, өмір сүрген уақыттан бөліп қарауға болмайды. Сондай абзал да, еңселі азаматтарымыздың бірі – **Қазақ КСР Балық өнеркәсібі Халық Комиссары Шайхы Әбішев.** Оның қайнаған қазандай қызу өмірі жемісті де жетістікке толы өтті деп сеніммен айтуға болады. Саналы өмірінің басым бөлігі Қазақстан көлемінде жауапты, лауазымды, басшылық қызметтерде өтіп, ұзақ жылдар бойы еліміздің балық өнеркәсібі шаруашылығында еңбек етіп, артына өшпес

әрі өнегелі із қалдырған тұлға. Халқының, айналасындағы адамдардың, жора-жолдастарының, ағайын-туғанның сый-құрметіне бөленді.

Жастайынан бастан кешкен ауыр бейнет, соғыс жылдарындағы ел қайғысы Шайхы Әбішевті үнемі жігерлендіріп, халық мүддесі жолында еңбек етуге тәрбиелегені сөзсіз. Халықтың көңілін таба басқарып, өзіне жүктелген міндет пен шаруаны тиісті дәрежеде биіктерге көтеріп отыруға зор ұйымдастырушылық және біліктілік пен білгірлік аса қажет. Ал, мұндай

қасиет пен қабілет-қарым адамның бойына өмірден көре, көңілге түйе жүріп, үйрене қалыптасады. Қандай басшылық қызмет істесе де қарапайым халық Шайхы Әбішұлының іскерлік қабілетіне тәнті болып, таныды. Сол кезеңдерде халық шаруашылығын басқару қиын жағдайларда жүргізілгені белгілі. Барша халықтың басына түскен аса ауыр қиыншылықтан кейін жөнге салу, мемлекет пен партия талабына сай іс жүргізу қиынның-қиыны еді. Сондай ауыртпалықты қиналмай көтере білген атпал азаматтардың бірі – Ш.Әбішев болатын.

Мұрағат қорларындағы 1952 жылдың 2 ақпан күні өз қолымен толтырған автобиографиясына назар аударайық [1, 6 п.]. Шайхы Әбішев 1894 жылы қыркүйек айында қазіргі Атырау облысы (бұрынғы Гурьев), Құрманғазы ауданы (бұрынғы Теңіз), Мақаш ауылында (бұрынғы Морской) қарапайым балықшы отбасында дүниеге келген. 1913-1919 жылдар аралығында көзін ашқалы көрген балық аулаумен айналыса бастады. 1919 жылы Теңіз округі ақ гвардияшылардан біржолата тазартылғаннан кейін, ол шаруашылық жұмыстарына белсене араласады. Сол жылы жаңадан шаңырақ көтерген Волга-Каспий мемлекеттік балық трест мекемесіне жұмысқа орналасады. Бұл мекемеде 1926 жылға дейін навигатор және нұсқаушы болып жұмыс жасады. 1927 жылы науқастығына байланысты уақытша жұмыстан қол үзеді. 1928 жылы Морской ауылында құрылған тұңғыш «Төңкеріс» ұжымшарын ұйымдастырушылар сапында болады.

1930 жылы қаңтарда өткен Бүкілодақтық ұжымшар мүшелерінің бірінші кеңесінде, ұжымшар құрылысындағы балық кәсіпшіліктерінің кооперацияға бірігуінің маңызы зор екендігі аталып өтті. Осы кеңестің шешімдеріне сәйкес көптеген балық кәсіпшіліктері ұйымдық кәсіпорындарға бірікті. Мысалы, «Красный Каспий» (Ганюшкино селосы), «Красный Урал» (қала бойынша), «Красное Знамя» (Зеленый селосы), «Свободный труд» (Редут селосы) сияқты балықшы ұжымшарлары құрылды.

Балық кәсіпорындарын құру жолында еңбектене жүріп Әбіш Шайхұлы 1931 жылы партия қатарына өтеді. 1931-1938 жылдары Жайық-Каспий мемлекеттік балық аулау тресінің жүзбелі зауыттарында директордың орынбасары, кейін Жылыойдағы №7 жүзбелі (Шаланды) зауытта директор болып, өлкедегі балық өндірісінің дамуына өз үлесін қосты. 1932 жылдың маусым-желтоқсан айлары аралықтарында Гурьев қаласындағы әкімшілік-шаруашылық курсына оқыды.

КСРО Тамақ өнеркәсібі Халық Комиссары А.Микоянның 1935 жылдың 9 қыркүйектегі №1626 бұйрығымен Жайық-Каспий мемлекеттік балық аулау тресінің балықшыларын I жартыжылдыққа жоспарланған балық аулау жоспарын асыра орындағаны үшін Ш.Әбішев (№7 жүзбелі зауыты), Байтерек (Шортанбай балық зауыты), Глебов («Красноярский комбинат»), Г.И.Хазанов (Флот басқармасы), Киселевтарды (Трест басқармасының орынбасары) аңшылық мылтық және айлық көлеміндегі ақшалай сыйлықпен марапаттаған. Трест меңгерушісі Евдокимовтың 1938 жылдың 22 желтоқсандағы бұйрығымен Шайхы Әбішев Қазбалық тресі меңгерушісінің орынбасары қызметіне тағайындалады. Ол осы қызметте жүріп Гурьев, Маңғыстау бойы, Баутино балық аулау базасы, Қазақстан және Әзірбайжан балықшылары арасындағы іскерлік әріптестік байланыс, өндірістік базаны нығайту, мамандардың өзара тәжірибе алмасу, мамандық же-

тілдіруіне ерекше көңіл бөлді.

1938 жылы елімізде жүргізілген алғашқы сайлауда Ш.Әбішев Қазақ КСР-ы Жоғары Кеңесіне депутаттыққа кандидат болып ұсынылады. Ол Гурьев облысының Жылыой ауданындағы №1, 7 балық зауыттарының, «Эмбагидрострой» жұмысшылары мен қызметкерлері, Жылыой аудандық партия және атқару комитеті, Қазақ КСР Ішкі істер Халық Комиссариатының аудандық бөлімі, балық-кооперативінің қызметкерлері және «Жаңа тұрмыс», «Қызыл ту», «Қызыл қала», «Красная Эмба», «Красный Каспий», «Бірлік», «Ақкиізтоғай», «Қарасу», «Қараша», «Қазақстан», «Бірлік таңы», «Құмтоғай», «Аратөбе», «Алға», «Кеберкөл», «Жаңа жол», «Қызылшалы», «Сталин», «Исаев», «Амангелді» атындағы ұжымшарларының жалпы жиналысында кандидат болып еді. Ақыры Қазақ КСР Жоғары Кеңесіне Гурьев облысының №157 Жылыой сайлау округі бойынша депутат болып сайланды [2, 57 артық п.; 64 п.]. 1939 жылы Москва балық өнеркәсібі институты жанындағы қысқа курсың бітіреді. 1939 жылдың наурыз айынан 1941 жылдың 1 қыркүйегіне дейін Қазақ КСР Балық өнеркәсібі Халық Комиссары қызметінде болды. Ол республикада балық өнеркәсібін жеке сала ретінде дамытудың алғашқы ізашар басшысы болды.

1941 жылы 11 қыркүйекте Гурьев облыстық комитетінің хатшысы Бекжановтың партияның Орталық комитетіне ұсынысымен Ш.Әбішев Гурьев моторлы балық станциясының директорлығына бекітілді. Ұлы Отан соғысы жылдарында тыл еңбеккерлері Ш.Әбішевтің басшылығымен балық шаруашылығын нығайту, Қызыл Армияны, елімізді сапалы да құнарлы балық өнімдерімен қамтамасыз етуде жанқиярлықпен еңбек етті. Жайық-Каспий алабының балықшылары сол бір қаһарлы жылдарда да жанқиярлықпен жұмыс жасады. Ұжымшар балықшылары белгіленген жоспарды жыл сайын артығымен орындап, олар майданға 30-40 мың центнер балық аулап тапсырып, Отан Қорғаныс Комитетінің ауыспалы Қызыл Туын жеңіп алды. Соғыс жылдарында өлкеміздің балықшылары есте қаларлықтай ерлік еңбектің үлгісін көрсетті. Бұл жылдары балықшылар арасында көптеген тәжірибелі ұйымдастырушы кадрлар өсіп жетілді. Мысалы, Ш.Әбішев, Т.Еруханов, С.Қосыбаев, И.Я.Цепляев, Х.Өтегенов, Е.Есжанов, А.Әшімов, Қ.Жұмақанов, Е.Жазықбаев, Ф.Филиппов, т.б. кадрлар өлкеге белгілі болды.

Қазақстан Компартиясы Орталық комитетінің бірінші хатшысы Н.А.Скворцов пен Халық Комиссарлар Кеңесінің төрағасы Н.Оңдасовқа Ш.Әбішев 1942 жылы 3 қазанда рапорт жазған. Осы рапортында: *«Гурьев моторлы-балық станциясы ұжымы балық аулаудың жылдық жоспарында көрсетілген 104, 7 пайызды, III тоқсанда 208, 5 пайызға артығымен орындады. Ұлы Октябрь мерекесінің 25 жылдығына ұжым мүшелері жоспардан тыс 5 мың центнер балық аулауды міндетіне алды»*, – деп жазды.

Соғыстан кейінгі жылдары балық өнеркәсібін одан әр дамыту бағытында Қазақ үкіметі «Балық өнеркәсібін дамыту шаралары туралы» қаулы қабылдады. Қаулыны орындау үшін балық шаруашылығы саласына білікті басшылар аса қажет болды. Осыған орай 1945 жылдың 24 қыркүйегінде Жайық-Каспий мемлекеттік балық тресінің меңгерушісі Ротань Ш.Әбішевке берген мінездемесінде *«ж. Ш.Әбішев өндірістік шаруашылықты практик ретінде жетік меңгерген. Ұйымдастырушылық қабілеті жоғары»*.

Басшылық қызметтерді атқарған. Өзіне берілген тапсырмаларды аса мұқият және мерзімінде орындайтын шаруашылық маманы. Қазіргі уақытта Бақсай балық-моторлы зауытының директоры қызметін атқаруда және өз қызметіне лайықты», – деп жоғары бағалайды [1, 16 п]. Өмір тәжірибесі мол, көргені мен түйгені көп, өзен-көл, теңіз табиғаты, балық тіршілігін өте жетік білетін балық өнеркәсібінің майталман маманын 1946 жылы Қарағанды облысындағы Балқаш мемлекеттік балық тресі меңгерушілігіне тағайындайды. Республиканың ішкі су қоймаларындағы балық аулау жоспарын асыра орындағаны үшін Қазақстан Компартиясы Орталық комитетінің хатшысы Ж.Шаяхметовтың Балқаш мемлекеттік балық тресі меңгерушісі Ш.Әбішевке құттықтау телеграммасын жіберуі, оның еңбегін жоғары бағалағандығы деп түсінуге болады. Бұл қызметті абыроймен атқарып, 1948 жылдың наурызында Бақсай балық-моторлы зауытының директорлығына қайта тағайындалады. Шаруашылық қызметінде жүрсе де республиканың партиялық-мемлекеттік бақылау органдарының жұмысына белсенді қатынасты. Москвадағы орталық сырттай оқу балық өнеркәсібі институтының директоры П.Жерненконың 1951 жылы 17 ақпандағы Ш.Әбішевке жіберген қатынас қағазынан пайымдайтынымыз. Оның Москвадағы орталық сырттай оқу балық өнеркәсібі институтының инженер-техник қызметкерлерінің білім жетілдіру факультетінде инженер-ұйымдастырушы мамандығы бойынша білім алғандығы [1, 34 п].

Жасы алпыстан асқанда Арал мемлекеттік балық аулау тресіндегі басшылық қызметін тапсырып, туған жеріне оралды. Оған республикалық дәрежедегі дербес зейнетақы тағайындалды. Еліне сіңірген елеулі еңбегі үшін үкімет тарапынан Шайхы Әбішұлы 1954 жылы Ленин орденімен марапатталады. Қазақ КСР-і Жоғары Кеңесінің Құрмет грамотасы берілді. Қазақстандағы балық өнеркәсібінің майталманы Шайхы Әбішев 1969 жылы Кудряшов ауылында қайтыс болды. Мемлекет, қоғам қайраткері Ш.Әбішевтің қайтыс болуына орай Қазақ КСР Балық шаруашылығы министрлігі жіберген көңіл айту жеделхатында Қазақстанның балық өнеркәсібінің бастауларында тұрған талантты ұйымдастырушы, ұлағатты басшы, еңбек ардагерінің еліміздің әлеуметтік-экономикалық дамуына қосқан зор үлесін ерекше атап өтеді.

Көзкөргендер қоғам және мемлекет қайраткері Ш.Әбішевтің өмірде кіршіксіз тазалығын, қара басының қамын қоғам мүддесінен биік қоймайтынын, өмірде мейлінше қарапайым болғанын асқан ризашылықпен еске алады. Мысалы, 1960 жылдары Теңіз ауданы еңбекшілер депутаттары Кеңесі атқару комитетінің төрайымы болған, Атырау қаласының Құрметті азаматы М.Сабырова: *«Шайхы ағаның Кудряшев селолық кеңесінде ақшасыз, пұлсыз штаттан тыс төраға болып, ауылдастарының мәселелерін шешуде сол төрағаның өзінен де беделдірек екендігі жайлы алып-қашпа әңгіме оралып, оның үстіне соңғы 5-6 ай бойы Кеңес төрағасының ауырып қалғандығы, барлық жұмысты Шайхы ағаның атқарып жүргендігін қаперге салып, «Аға, сіздің соңғы бес-алты айдағы еңбегіңізге жалақы төлегелі отырмыз» дегенім ғой... қария шошып кетті.*

– Жо... жо... жоқ, мен зейнеткермін. Өзіме жететін тиын-тебенім бар. Ал менің жасаған көмегім жайлы айтсақ, кез келген арлы азаматтың қоғамға пайдалы еңбек етуі – абыройлы борыш. Оған қа-

ражат сұрау – қанағатсыздық, ашкөздік, – деп бірдеңені бүлдіріп алған кісіше тезірек кетуге асықты.

– Аға, ол бәрі де заңды, еш оғаштығы жоқ нәрсе ғой...

– Жо... жо... жоқ, ондай әңгімені қозғап неғыласың, керегі жоқ», – деп менімен қоштасты да бөлмеден шығып кетті. Мен таңданған күйі отырып қалдым», – дейді.

Бұрынғы ұжымшар басқармасының төрағасы, еңбек ардагері П.Сутырин: *«Менің Шайхы Әбішұлымен алғаш танысуым 1962 жылдан басталады. Мен ұжымшарға төраға болып сайландым. Ешкімді танымаймын... Село шетіндегі шағын ғана тоқал тамнан шығатын ересек қарияның күнбе-күн ертелетіп, әр үйге соғып, содан соң селолық кеңес кеңсесіне қарай кетіп бара жатқанын көретін едім. Шынын айтсам, мені қызықтырғаны – оның қызмет жасындағы адамдардан кәдімгідей ересектігі, болмаса қызметке ерте келіп, кеш қайтатындығы да емес. Ол кісінің елден ерек ірі дене бітімі, жасы келсе де еш еңкеюді білмей, қашанда тіп-тік, аршындап кең адымдап жүруі еді. Әуелгіде кәдімгідей таңдандым. Содан соң бұл алыптың аты кім, не істейді деген ой келді. Біреулер бұл кісінің бір кездері Қазақ Республикасының алғашқы Балық өнеркәсібі министрі (Халық Комиссары) екенін айтты. Әрине, министр, оның үстіне алғашқы дегесін қызығушылық танытасың ғой. Ақыры жақындасу, білісудің реті келді. Тегінде мұндай адамды өміріңізде көрдіңіз бе, әй қайдам?! Және ол кісінің қызметі қандай дейсіз ғой, анау-мынау емес, селолық Кеңестің штаттан тыс төрағасы. Төрағасы бар, бірақ оның негізгі жұмыстарын осы кісі атқарады, тіпті кейде Кеңес сессияларын да бұл кісі өткізе береді. Әйтсе де, ол кейбіреулердей басшылық билігіне араласып, өзінің бір кездегі Балық өнеркәсібі министрі, ішкі сулар моторлы-балық стансылары басшысы болғандығы билігін пайдаланбайды. Дауыс көтеріп, дауласып та жатпайды. Барынша қарапайым, көпті көрген, істі білетін жан ретінде қозғалатын тақырып бойынша сөз қозғап, мәселені мәніспен шешетін. Соған сай шешім де дұрыс, қаулысы да қалыпты болатын. Ол ылғи да өзі өмір сүріп, тұрып жатқан ауылдың гүлденуі, азаматтарының өз істеріне адал және мемлекет алға қойған міндеттерді қайткенде де орындайтын жандар болуын қалайтын, сол үшін жұмыс істеді. Жарға құлағы жастыққа тимей ерте ерте жұмыс уақыты басталғанға дейін күн көрісі төмен, асыраушысы жоқ жандардың үйлеріне кіріп, жағдайларын білетін. Отын-суы бар ма, аулақорасы таза ма? Балалары не отағасы соғысқа кетіп, қу тізесін құшақтап қалған аурулы, әбден қартайған кейуаналармен сырласатын, соларға көмек бергенше асығатын. Ауласында құсы, бірер-жар малы бар қарияларға жемшөп жеткізу, құрама жем, өздеріне астық, секер-шай алуға қол ұшын беретін. Міне, мен білетін алғашқы балық өнеркәсібі министрі Әбіш Шайхұлы осындай еді...».*

Атқарған істері, қалдырған іздері мәңгілік тарихқа жазылған ардақты азаматтар ел тарихында өз орындарын алатындығы сөзсіз.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Атырау облысы мемлекеттік мұрағаты (АОММ), 193 қор, 1 тізім, 72-іс.
2. Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік мұрағаты (ҚР ОММ), 1109 қор, 5 тізім, 11-іс.; 1109 қор, 5 тізбе, 21-іс.

XX ҒАСЫР БАСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫНАН

Кәмила ЧАТЫБЕКОВА,
тарих ғылымдарының докторы,
Қ.И.Сәтбаев атындағы ҚазҰТЗУ-дың профессоры

Қазақстанның ғылыми мекемелері. XX ғасырдың басында Қазақстан аумағында жаңа ғылыми мекемелердің ұйымдастырылуы жалғасын тапты. **1902 жылы көктемде ОГҚ-ның (РГО) Батыс-Сібір бөлімінің Семей бөлімшесі ашылды.** Бөлімшенің қызмет аясы негізінен өлкетану зерттеулеріне, әр түрлі жергілікті мәселелерді талқылауға, көпшілікке арналған баяндамаларға, ғылыми және жалпыға түсінікті сипатта дерістер оқуға, баспалық жұмыстарға, мұражайлар мен кітапханалардың болуына және өлкетану конференцияларының құрылуына негізделді.

Қазақстан географиясын, тарихын және этнографиясын зерттеу бойынша ауқымды зерттеу жұмыстарын жүргізетін Орынбор, Батыс-Сібір және Түркістан ОГҚ бөлімдері жұмыстарын жалғастырды.

Түркістандық ғалымдар 1899-1902 жж. – Арал теңізін, 1903-1904 жж. – Балқаш теңізін зерттеді. Балқаш және Арал теңіздері экспедициясының нәтижелері қазіргі уақытта да маңызды рөл ойнайды.

1902 жылы белгілі орыс шығыстанушылары В.Бартольд, Н.Веселовский, И.Мелиоранский, С.Ольденбург, В.Радлов және басқа да зерттеушілер Орта және Шығыс Азияны тарихи, археологиялық және этнографиялық қатынастарда зерттеуге арналған Орыс комитетінің негізін қалады. Оның зерттеу аясына қазақ даласы да кірді.

1900 жылы құрылған шығыстану қоғамы да Ресейде қазақ халқы туралы расталған ақпараттарды таратты. Осылайша, «Ислам әлемі» журналы (1912-1913 жж.) қазақ халқының тарихы туралы ғылыми және сындық-библиографиялық материалдарды жариялады.

Қазақстандық ғалымдар. Қазақстан мен Орта Азияның тарихы мен мәдениетін зерттеуге В.Бартольд үлкен үлесін қосты. Оның атымен сол кезеңдердегі барлық Түркістан аумағы бойынша алғашқы жалпылама зерттеулер байланыстырылады. Ғалымның деректерді, көбінесе жазба мәліметтерін (шығыстық қолжазбалар) сындық пайдаланудың қатаң ғылыми негізінде құрылған еңбектері орыс тарихнамасының елеулі жетістіктерін танытады. 1914 жылы В.Бартольдтың Орта Азия тарихы мен тарихи географиясы туралы – «Түркістанды суландыру тарихына» атты маңызды еңбектерінің бірі жарық көрді. Ежелгі кезеңнен біздің уақытымызға дейінгі – жазба мәліметтерінің кең ауқымын зерттеу – ғалымға тек қана жасанды суландыру тарихын ғана емес, сондай-ақ ғылымның жалпы тарихи дамуына байланысты Оңтүстік Қазақстанның барлық шаруашылық саласы туралы тарихын қайта жаңғыртуына мүмкіндік берді.

1902 ж. В.Бартольдтың Қазақстан туралы тағы бір күрделі еңбегі – «Ежелгі заманнан XVII ғасырға дейінгі Арал теңізі мен Өмүдарияның төменгі бойы туралы деректер» жарық көрді. Бұл зерттеулердің тарихи-географиялық кезеңдері бойынша алғашқы көлемді жарияланым, олардың жиынтығы авторына Орта Азия мен Қазақстанның тарихи географиясын құрушы атағын әділетті түрде бекітіп берді.

Библиографиялық өлкетанудың негізін қалаушы – А.Алекторов (1861-1918). Орынбор мұғалімдер институтының түлегі, қазақ тілін еркін меңгерген, жергілікті

халықтың өмірімен етене таныс, Қазақстанда көптеген жылдар бойы ұстаздық еткен және халықтық білім берудің ұйымдастырушысы болды. Қазақстандағы қызмет жылдарында ол тарих, этнография және ауыз әдебиеті туралы 200-ге жуық еңбектерін жариялаған. Орынбор ғылыми мұрағаттық комиссиясының мүшесі болған кезінде, өзінің жұмыстарын негізінен «Известияда», «Труда» жариялаған. Сонымен қатар, оның еңбектерінде халықтық білім беру жағдайы, аймақтың тұрмысы мен мәдениеті туралы құнды ақпараттарды табамыз.

А.Алекторовтың ауқымды туындысы – 1900 жылы Қазанда жарық көрген «Қырғыздар туралы кітаптар, журналдар мен газеттердегі мақалалар мен хабарлардың көрсеткіші». Бұл мазмұнды көрсеткіште орыс ғылымындағы қазақтар туралы барлық қолданыстағы әдебиеттер жинақталған. Бұл бірегей еңбектің құндылығы ретінде әрбір мақала, жазба немесе монография А.Алекторовтың тікелей өзінің сындық талқылауы мен пайымдамасымен сипатталатындығын қарастырады. Айта кететініміз, көрсеткіште кейбір кітаптар мен мақалалардан үзінділер және көшірмелер келтіріледі. Осыған байланысты, аталған еңбек тек қана анықтамалық емес, сондай-ақ, өзіндік ғылыми басылым болып табылады.

Қазақ халқы этнографиялық зерттеуде Өубәкір Диваев (1856-1933) үлкен рөл атқарды. Түрік тілдерін жақсы білгендіктен, ол қазақ халқының ауыз әдебиетін зерттеуші пионері болды. Өзінің бүкіл саналы ғұмырында Диваев Қазақстанда жұмыс істеген және Қазақстанның тарихы мен этнографиясы бойынша үлкен көлемді материалдар жинаған. Археология әуесқойларының Түркістан үйірмесінде белсенді қатыса отырып, ол революцияға дейінгі уақытта өзінің зерттеулерінің нәтижелерін 130 басылымға шығарған.

Ө.Диваев фольклорлық материалдар қазақ халқының ежелгі тарихындағы күрделі мәселелердің шешімі үшін құнды мәлімет көзі болатындығы туралы дұрыс ойлаған. Ол халық эпостарының, аңыздарының, мақал-мәтелдерінің түпнұсқаларын жариялаған. Сонымен қатар, оларды қазақ этнографиялық терминологиясының ғылыми түсіндірмелері мен пікірлерімен қамтыған. Диваев еңбектерінің құндылығы – ол қазіргі таңдағы фольклоршыларға, этнографтарға және тарихшыларға, зерттеу арқылы сәйкесті қорытындылар жасай алатын бас-тапқы материалды қалдырған.

Азия халықтарының әйгілі этнографы, «Сібір облыстарының» ұйымдастырушыларының бірі – Г.Потанин. Оның қазақ халқы туралы тарихы мен этнографиясы бойынша еңбектері қазіргі уақытқа дейін өзінің ғылыми маңыздылығын жоғалтпады. Г.Потанин (1835-1920) – саяхатшы, фольклоршы, Сібір мен Орта Азияның зерттеушісі – Павлодар қаласының маңындағы, Жәмішев қазақ ауылында дүниеге келген.

Г.Потанин Сібір мен Орта Азияның аз зерттелген облыстарына көп саяхат жасаған, ол жақтың география, ботаника, экономика және этнографиясы туралы кең ауқымды материалдар жинаған. Қазақ елінің тарихы мен этнографиясы бойынша ол 50 мақала, жазба және кітаптар жазған.

1870 жылы Қарқаралы уезі, Өлтеке-Сырым болысының Мырзатай өңірінде (қазіргі Қарағанды облысы, Ақтоғай ауданы) дүниеге келген Әлихан Нұрмұхамедұлы Бөкейхан қазақ даласының көрнекті этнографы және экономисті болды. Ә.Бөкейхан 1903 жылы жарыққа шыққан «Қырғыз өлкесі» еңбегінің авторларының бірі. Бұл басылым 18-томдық «Ресей. Біздің отанымыздың жалпы географиялық сипаттамасы» энциклопедиясы ретінде ұсынылды. Бөкейхан қазақ тарихына, білім берудің дамуына, өлкедегі баспа ісінің дамуына, орыстардың жаулап алуы мен отарлауына арналған «Халық» («Население») кітабының екінші бөлігін жазған. «Семипалатинский листок» газетінде жарияланған Абай Құнанбайұлының өмірбаяны Ә.Бөкейханға тиесілі. Этнографиялық және экономикалық тақырыптарға арналған көптеген мақалалары өлкеде шығатын газеттер мен журналдарда, оның ішінде Ә.Бөкейхан белсенді мүшесі болған «Қазақ» газетінде жарияланған.

Медицинаның дамуы. XX ғасырдың басында Қазақстанның медицинасы да дамыды. Қазақ дәрігерлерінің алғашқылары Ә.Айтбакин және М.Қарабаев болды. Өміре Дұрманұлы Айтбакин (1861-1919 жж.) Томск университетінің медициналық факультетін аяқтап, Өскемен уезінің Қарқаралы және Қатон-Қарағай ауылдарында жұмыс істеген. Оның «Стерильдеу кезіндегі қымыздың өзгерісі және стерильденген қымыздың құрамы туралы» («Изменение кумыса при стерилизации и о составе стерилизованного кумыса») атты ғылыми зерттеуі күміс медальға ие болған.

Солтүстік Қазақстанда Қазан университетінің медициналық факультетін аяқтаған дәрігер Мұхамеджан Қарабаев (1858-1928) жұмыс істеді. 1888 жылдан бастап Қарабаев Қостанай уездік дәрігері қызметін бастады, ал 1907 жылы Ырғыз уезіндегі бөртпе сүзегі індетімен күресті басқарды.

1909 жылы Қазақстанның көрнекті қоғамдық және саяси қайраткері Халел Досмұхамедұлы әскери-медициналық академияны аяқтады. 1913 жылы Халел әскери қызметін тастап, Орал облысының Темір уезінде дәрігер ретінде қызметін бастады. XX ғасырдың басында ол «Қазақ» газеті үшін көптеген мақалалар, оның ішінде «Аурулар туралы» (1913 ж.) және «Жұқпалы аурулар» (1914 ж.) мақалаларын жариялаған. Халел Досмұхамедұлының ғылыми және дәрігерлік қызметі көнектік кезеңде де жалғасын тапты.

Көркем әдебиет. XX ғасырдың басы – қазақ әдебиетінің тарихындағы айрықша кезең. Себебі сол кезеңде қазіргі әдеби қазақ тілі жинақталды, жаңа стилистикалық формалар қалыптасты, қазақ жазушылары жаңа жанрларды меңгерді. XX ғасыр басындағы қазақ әдебиетінің айқын өкілдерінің бірі – **1885 ж. 25 қарашада Торғай уезінің Сарықопа болысында дүниеге келген Міржақып Дулатұлы.** Міржақып ауыл мектебінде, орыс мектебінде оқыған, кейін оқуын өз бетінше жалғастырған. Тынбай еңбегінің арқасында ол орыс тілін жетік меңгерген, орыс және шетел жазушыларының шығармашылығын зерттеген.

Дулатұлы ақын және прозашы ретінде танымал, ол бірнеше ақындық жинақтарының және «Бақытсыз Жамал» (1910) атты тұңғыш қазақ романының авторы. Роман орыс сыншылары мен қазақ қоғамының үлкен қызығушылығын тудырған, екі басылыммен жарияланған. Өзіндік туындыларынан басқа, Міржақып Дулатұлы Пушкин, Лермонтов, Крылов, Шиллер аудармаларымен айналысқан. Ол қазақ әдеби тілінің үздіксіз жаңалық табушысы және қайта құрушысы болды, өзінің туындыларына жаңа сөздерді және түсініктерді енгізді.

Қазақ поэзиясында **Мағжан Жұмабайдың (1893-1937 жж.)** шығармашылығы айрықша орын алады. Оның

атымен қазақ өлең құрылысына жаңа ақындық формалардың енгізілуі байланыстырылады. Мағжанның стилистикалық жүйесі іс жүзінде қазіргі таңдағы қазақ тілінің стилистикалық құрылысында басым екендігін толық негіздемемен айтуға болады. Оның қазақ поэзиясына әсері Абайдың әсерімен ғана салыстырылады.

Мағжан өлең жазуды 14 жасында бастаған, оның туындылары қазақ және татар тілдеріндегі барлық газеттер мен журналдарда басылып шықты. 1912 жылы Қазанда оның бірінші «Шолпан» өлеңдер жинағы жарық көрді.

XX ғасырдың басында талантты қазақ прозашысы және драматургы Жүсіпбек Аймауытұлының (1889-1931) шығармашылық жолы басталады. Ауыл мектебін аяқтап, ол орыс-қазақ мектебінде білімін жалғастырды, ал 1914 жылы Семей мұғалімдік семинариясына түсті. Оның негізгі туындылары кеңестік уақытта жазылды, алайда 1917 жылы ол «Абай» журналында қызмет атқарған.

Талантты жазушы және журналист Мұхамеджан Сералыұлы (1872-1929) қазақ әдебиетіне едәуір үлесін қосты. Ол Қостанай облысының аумағына танымал ақынның отбасында дүниеге келген, Троицк медресесінде оқыған және Қостанай екі кластық орыс-қазақ мектебін бітірген. 1900 жылы оның алғашқы кітабы «Топ жарған» жарық көреді, ал 1903 жылы – «Гүлқашима» жарияланады. 1914 жылы Мұхамеджан Фирдоусидің «Шахнамасынан» «Рүстем-Зораб» поэмасын аударады. Алайда, оның қызметінің негізгісі әдебиеттік емес, журналистік саласы болды. Өзі бас редакторы болған «Айқап» журналы Қазақстанның осы кезеңдегі мәдени өмірінің маңызды құбылысы саналды.

XX ғасырдың басына Қостанай облысының Меңдіқара ауданында туылған Спандияр Көбеевтің (1878-1956) шығармашылығы жатады. Көбеевтің шығармашылық жолы орыс жазушыларының шығармаларын аударумен басталды. 1910 жылы И.Крыловтан аударған мысалдары жарыққа шығады. 1913 жылы басылып шыққан «Қалың мал» романы қазақ әдебиетінің тарихында маңызды орын алды.

Осы кезеңдегі қазақ әдебиетінің ерекше тұлғаларының бірі – Сұлтанмахмұт Торайғыров (1893-1920). Ол Баянауылда туылған, мектепте және Троицк медресесінде білім алған. 1913-1914 жж. Торайғыров негізінен әлеуметтік теңсіздікке бағытталған алғашқы өлеңдері мен әңгімелері жарияланған «Айқап» журналында қызмет атқарды. Сол уақытта ол «Қамар сұлу» романын бастайды.

Философиялық-этикалық әдебиет. XX ғ. басында философиялық-этикалық әдебиет үлкен дамуға ие болды, оның көрнекті өкілдері Шәкәрім Құдайбердіұлы, Мұхаммед Салим Кашимов, Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлы.

Қазақ философиясының дамуында ерекше рөл Шәкәрім Құдайбердіұлына (1858-1931) тиесілі. Абай Құнанбайұлының немере інісі Шәкәрім 1858 жылы 11 шілдеде Шыңғыстау бөктерінде дүниеге келген. Шәкәрім діни философ болған, бірақ схоластикалық мектептерден айырмашылығы тиімді (логикалық) әдістердің көмегі арқылы исламның негізгі парыздарын негіздемеке болды.

«Дубровский» романының өлеңдік аудармасының кіріспесінде ол өзінің ұстаздары ретінде мыналарды атайды: Байрон, Пушкин, Лермонтов, Некрасов, Хафиз, Науаи, Физули, Кант, Шопенгауэр және т.б. Алғашқы философиялық туындысы ретінде 1911 жылы Орынборда жарық көрген, «Мұсылманшылдық шарттары» еңбегі саналады. Сол жылы қазақ тарихы бойынша алғашқы еңбектерінің бірі – «Түрік, қырғыз, қазақ һәм хандар шежіресі» жарияланды.

Алайда, Шәкәрім бізге тек философиялық және тарихи еңбектерді ғана емес, сондай-ақ, өлеңдер, поэма және прозалық туындылардың үлкен көлемін қалдырған.

Шөкәрім Құдайбердіұлы XX ғасыр басындағы қазақ әдебиетінің маңызды тұлғаларының бірі болды деп толық негіздеме жасауға болады.

Қазақ әдебиетінің клерикалды-философиялық бағытының көрнекті өкілі Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлы (1858-1931 жж.) 1907 жылы Қазанда оның бірден үш кітабы жарық көрді: «Менің ұзақ ғұмырымдағы менің көрген таңғажайып құбылыстарым», «Қағида», «Сарыарқа». Оларда автор Ресейдің отарлау саясатына қарсылығы туралы, Қазақстанға шаруаларды қоныстандыру жайында шұғыл ойын білдіреді, қазақтарды елдің саяси өміріне белсенді араласуға шақырады.

Өзінің жарияланбаған еңбектерінде Мәшһүр Жүсіп бірқатар моральдық-этикалық категориясына түсініктеме береді, оның философиялық еңбектері қазақ философиялық ойлауларының дамуында үлкен рөл атқарды.

Діни философияның өкілі – Мұхамед Сәлім Кашимов. Өзінің «Әдептілік», «Үгіт», «Парасат кітабы», «Қазақтарға өсиет» туындыларында ол педагогикалық нұсқаулықтармен сипаттайды, өзінің философиялық және әлеуметтік-саяси көзқарастарын көрсетеді. Сонымен қатар, тек философиялық еңбектерден бөлек, Кашимов үлесіне «Қайғылы Мариям» (1914 ж.) повесі тиесілі, ол жерде автор қыздардың тұрмысқа өз келісімінсіз берілетін неке қию рәсімінің дәстүрлерін сынайды.

Қазақ әдебиетіне маңызды үлес қосушылар **Мақыш Қалтаев, Таир Жомартбаев, Сәбит Дөнентаев** және басқа да жазушылар мен ақындар.

XX ғасырдың басы толықтай алғанда, өзіне қазақ, шығыс және еуропалық әдебиеттің жақсы сипаттарын сіңірген қазақ жазба әдебиетінің ерекше дамыған кезең болып саналды. Бұл уақытта қазіргі қазақ әдебиетінің негізі қалыптастырылды, әдеби тіл түпкілікті бекітілді.

Ауыз әдебиеті мен музыкалық шығармашылықтың дамуы. XX ғ. басында қазақ өнерінің дәстүрлі түрлері де дамуын жалғастырды: ауыз әдебиеті мен музыкалық шығармашылық. Өн өнері ерекше дамыды. Қазақтар Абай, Мұса Байжанұлы, Біржан сал мен Ақан серінің әндерін айтуды жалғастырды.

XX ғ. басына қазақ елінің мәдени тарихында елеулі із қалдырған ақындар мен композиторлардың шығармашылықтарын жатқызуға болады.

Мұсабек Байзақұлы (1849-1932) қазіргі Оңтүстік Қазақстан облысы, Шоқтас өңірінде туған. Мұсабек – табиғатқа деген махаббатын әнге қосқан лирик-ақын, әлеуметтік тақырыптар көбінесе мысалдар түрінде шығарылды. Мұсабектің басқа әншілермен айтысы кеңінен таралған.

«Қисса» поэмасын жазған белгілі ақын **Әріп Төңірберген (1856-1924)** Семей облысында дүниеге келген. Ол жазбаларында шығыстық классиканың әсері сезілген көптеген өлеңдерімен танымал. Әріп тек ақын болған жоқ, ол Қазан мен Орынбор қалаларында жарық көрген бірнеше кітаптардың авторы.

Ақын-«кітапқұмар» **Нұржан Наушабаев (1859-1919)** Қостанай облысының аумағында туған. «Манзұмат қазақия» (1903), «Нұржан мен Сапарғали айтысы» (1903) атты жарияланған еңбектерінен басқа, оған көптеген жарияланбаған әндері мен өлеңдері тиесілі.

XX ғасырдың басында аса танымал ақындардың бірі – **Балуан Шолақ (Нұрмағамбет) Баймұрзин (1864-1919)** – Солтүстік Қазақстан аймағында дүниеге келген. Оның әндері халық арасында кеңінен таралды, әндерінің көпшілігі қазіргі уақытта да танымал саналады.

Өнші және композиторлар, қызықты әрі түпнұсқалық әуендердің авторлары – **Ыбырай Сандыбайұлы, Есатай Беркімбайұлы, Мағира (Майра) Шамсутдинова, Құлтума Сармұратұлы, Сары Батақұлы, Өсет Найманбайұлы, Кенен Өзербайұлы** және басқалар.

Музыкалық шығармашылықта дамыды. Танымал композиторлар: **Дина Нұрпейісова, Қазанғап Тілепберген, Сейтек Оразалыұлы.**

Қазақ музыкалық шығармашылығы орыс ғалымдарының зерттеу нысаны болды. Мәселен, 1909 жылы ОГК-ның (РГО) Петербургтағы жиналысында С.Рыбаков «Торғай облысының қырғыздары (қазақтары), олардың әндері мен музыкалық шығармашылығы» тақырыбында баяндама жасады.

Театр. XX ғ. басындағы Қазақстанның мәдени өміріне театрдың үлесі салыстырмалы түрде аз болды. Бұл ең алдымен қазақ халқының көпшілік бөлігіне театр белгілі болмауымен сипатталады. Алғашқы орыс театрлары Қазақстанның сол кездегі басқару орталықтарында – Омбыда (1765 ж.) және Орынборда (1865 ж.) құрылды.

Орынбор театры классикалық репертуардан қойылымдар қойған және ең жақсы шет аймақтық орыс театрының бірі саналды. 1875-1877 жж. труппасының құрамына танымал әртіс П.Стрепатова кірді. Бұл жерде әртүрлі уақыттарда В.Андреев-Бурлак, М.Иванов-Козельский, Е.Лешковская сияқты танымал орыс әртістері мен орыс сахнасының мақтаншылары – В.Комиссаржевская және Г.Федотова гастрольдік сапарлармен жүрді. Қашықтағылардың алғашқыларының бірі болып Орынбор театры А.М.Горкийдің (1902) пьесасын қойды.

Қазақстанның басқа қалаларында тұрақты орыс театрлары болмады. Ол жерде мезгіл сайын, әдетте бір ғана маусымға келетін орыс және украиндық театр труппалары гастрольдік сапар жасаған. Сапарлар Орал, Семей, Петропавл және Павлодар қалаларында жиі жүргізілді. Репертуарларында маңызды орынға орыс классикасы ие болды, оперетталар мен сықақтар қойылды. Бұл театрлар басым құқықтағы халық бөлігіне – шенеуніктік, көпестік, жергілікті интеллигенция, оның ішінде қазақ интеллигенциясына қызмет көрсетті.

Тек XX ғ. басында Қазақстан қалаларындағы орыс театр труппалары мен татар жылжымалы театрларының гастрольдері жиілеген сайын алғашқы қазақ көркемөнер драмалық үйірмелері – қазақ театрының бастамасы туындады. Семейде, Петропавлда, Ордада, Атбасарда, Орынборда және басқа да қалаларда, 1910-1912 жылдардан бастап, алдыңғы қатарлы қазақ интеллигенциясы әуесқой спектакльдерді қойды, халық ертегілері мен аңыздарын сахналады. Алғашқы негізгі сипаты біртартылы қазақ пьесалары пайда болды: Күлбай «Надандық құрбаны», Ишанғали Меңдіханов «Малдыбай» комедиясы.

XX ғ. Қазақстанның мәдени өмірі тарихтың бұрынғы кезеңдерінен жаңа жанрлардың пайда болуымен, таңырымен көпғасырлық қазақ мәдениетіне тарайтын кәсіби өнердің көпжанрлығының қалыптастырылуымен ерекшеленеді. XX ғ. басы – қазақ әдебиеті мен журналистикасының ерекше даму кезеңі, қазіргі әдеби тілдің толыққанды рәсімделу кезеңі, қазақ драматургиясының, алғашқы қазақ фильмдерінің пайда болу кезеңі. Дәл осы кезеңде қазіргі қазақ мәдениеті қалыптаса бастады.

РЕЗЮМЕ

В статье рассматриваются развитие культурного образования в Республике Казахстан в начале 20-го века.

The article discusses the development of cultural education in the Republic of Kazakhstan in the early 20th century.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Вопросы истории, историографии культуры Казахстана. – Алматы. 1988
2. История Казахстана. Под. ред. К.С.Каражана. – Алматы. 2009.

«ҰЛТТЫҚ БІРЕГЕЙЛІК» ТҮСІНІГІ

Әлия БОЛАТХАН,

Абай атындағы ҚазҰПУ-дың 3-курс Ph.D докторанты

Қазіргі таңда батыстық мәдениет үстемдігі басым жаһандану үдерісі «ұлттық бірегейлік» мәселесін өзекті зерттеу нысанасына айналдыруға ықпал етуде. Сондай-ақ, «ұлттық бірегейлік» пен «ұлттық сана-сезім» түсініктерін синоним ретінде қолдану мәселесі, пәнаралық зерттеулер негізінде ғылыми айналымға енгізілген жаңа түсінікке ғылыми тұрғыдан негізделген зерттеулер жүргізу өзектілігін арттырады.

«Ұлттық бірегейлік» – әлеуметтік бірегейліктің бір түрі. Әлеуметтік бірегейлік теориясына сәйкес тұлға өзін өзі сипаттау және өзін белгілі бір санатқа жатқызу тұжырымына түрлі факторлар ықпалымен келетіндіктен бірегейлік сезімінің түрлі жағдайларда білінуі заңды [1]. «Дөрекі ұлтшылдық» (Banal Nationalism) теориясының авторы М.Биллигтің пікірінше, ұлттық бірегейлік ұғымын толық мағынада түсіну үшін біз «ұлт» категориясы түрлі топтарға бөлінген саяси білім берудің жаһандық жүйесі шеңберінде институттандыру үрдісін бақылауымыз қажет.

Сонымен, қазіргі заманда ұлттық негіздегі мемлекеттерді біріктіретін халықаралық жүйе негізінде «ұлттық бірегейлік» «ұлт» түсінігін ең маңызды нышан және классификациялау негізі ретінде қарастырады [2].

«Ұлттық бірегейлік», «ұлтшылдық» мәселелерін пәнаралық байланыста зерттеу бағытының негізін салушы ғалымдардың бірі, тарихи әлеуметтанушы Э.Смит түсінікке қатысты тарихшылар тарапынан берілген тұжырымды сыни тұрғыдан қарастыруды ұсынады.

«Ұлттық бірегейлік» мәселесі қаралатын кез келген ізденіс барысында туындайтын «Ұжымдық феномен ретінде ұлттық бірегейліктің болмысы мен мәні неде?», «Түсінік ретінде «бірегейліктің» ғылыми айналымға ену үрдісі?» және тағы басқа сұрақтар «ұлттық бірегейліктің» феномен ретінде пайда болуы және қалыптасу үрдісінің тарихи дамуына тоқталу қажеттілігін тудырады.

Бұл ретте біз «ұлт», «ұлтшылдық» түсініктерін қандай да бір идеология немесе саяси ұстаным ретінде емес, жаңа қалып алған мәдени феномен ретінде қарастыруымыз шарт [3]. Яғни, ұлтшылдық, идеология және орын алуы мүмкін қандай да бір саяси қозғалыс ұлттық бірегейлікпен өзара тығыз байланыста болады. Нақты бір тілді, ортақ көзқарас және нысандар жиынтығын қамту үшін кеңейтілген көп өлшемді тұжырымдама.

Дұрыс талдау жасау мақсатында ұлтшылдықтың идеялық қозғалыс үрдісін мағыналық тұрғыдан ауқымды болып табылатын «ұлттық бірегейлік» феноменінен айыра білу маңызды. Ұлтшылдық үндеуі мен басшылық ұстанымын саяси күш ретінде қабылдануы ұлттық бірегейлікті мәдени феномен ретінде қарастыратын ұстанымсыз мүмкін емес.

Бұл тұрғыда «ұлттық бірегейліктің» ұжымдық бірегейліктің басқа түрлерінен айырмашылықтары мен ерекшеліктері туралы сөз қозғау орынды. Ұлттық идеология мен ұлттық нысандар болмысы, олардың территориялық және ұлттық бірегейліктің қалыптасуына ықпалы; ұлттық бірегейліктің саяси салдары мен олардың ұлт (этнос) аралық қақтығыстардың таралуына ықпалы; сондай-ақ, ұлттың өзіндік ерекшелігіне тән құбылыстардың тұрақсыздығына алып келетін бірегейлік пен идеологияны ығыстыратын өзгерістердің таралуына ықпал етуі сияқты мәселелер

қарастырылады.

Жоғарыда атап өткендей, қазіргі таңда ұлттық бірегейлікке тән негізді тұжырым қалыптастыратын «ұлтшылдық» ұғымы болып табылады, алайда оның түрлі формада берілу мүмкіндігін ескеру керек. Ұлттық бірегейлікке қатысты тұжырымдар, әдетте саяси қоғамдастықтың негізі ретінде территориялық немесе халықтың шығу тегі туралы болжамдық теория қабылданады.

Кез келген тұлға үшін өмір сүру салты, яғни дүниетанымдық ұстаным көзқарасы, өмір сүріп жатқан ортасында алатын орны мен қоғамда атқаратын ролі сияқты түрлі жағдайлардың ықпалымен өзінің ғұмырлық жеке тәжірибесінде бірін-бірі ауыстырып отыратын бірегейліктің бірқатар түрлерін сезіну кезеңдерінен өтеді. Әулеттік және аймақтық-территориялық тиесілілікке, таптық қатыстылыққа, діни сенімділікке, этностық және жыныстық белгілеріне байланысты бірегейлік сезімі адамдардың өзара жұмылып, әлеуметтік топтастыратын негізгі фактор. Ал, әлеуметтік топтастырулардың өз кезегінде өзгеріске ұшырау немесе жойылу себептеріне байланысты бір бірегейліктің екіншісін ығыстырып отыруы заңды құбылыс ретінде қабылданады [4]. Сондықтан, «ұлттық бірегейлік» түсінігіне тоқталмас бұрын «бірегейліктің» басты категориялары және олардың атқаратын рөлдеріне қысқаша сипаттама беру орынды болмақ.

Қандай да бір қоғамның мүшесі ретінде тұлға өмірінде кездесетін бірегейлік түрлерінің біріншісі – гендер (жыныс) категориясы. Қоғам мүшелерінің жыныстық белгіге байланысты өзара «ер» және «әйел» болып бөліну негізінде адамның өзін бір категорияға жатқызуы оның өмірінде берілетін түрлі мүмкіндіктер, ерекшелену артықшылықтарымен марапатталады. Бірегейлік сезімі мен жиынтықты жыныстық сипаттама ұжымдық сана-сезім үшін негізгі базаға айналады. Алайда, бірқатар елдерде феминизм қозғалысының қарқынды дамуы және дүние жүзі бойынша кез келген елде жыныстық бірегейлік белгілерінің айқын көрінісін кездестіру мүмкіндіктеріне қарамастан ұжымдық бірегейліктің басқа түрлерімен салыстырғанда бұл аталып отырған категорияның даму үрдісі баяу, белсенділік деңгейі төмен болып келеді. Географиялық аймақтарға бөліну, таптық бөлініс немесе этникалық фрагменттелген гендерлік ыдырау салыстырмалы түрде тығыз байланыста берілетін бірегейліктің басқа түрлерімен қатар жүріп, уақыт өте бірігіп кетуі қалыпты құбылыс. Әсіресе, ұжымдық сана сезім мен қоғамдық қозғалысты ынталандыратын бірегейлік түрлерімен қосылу ықтималдығы зор. Әдетте тап немесе ұлттың феминистік сипаттағы қозғалысы социалистік немесе ұлттық сипаттарға айналып кетуі жиі байқалатын көрініс.

Екінші категория – адамның шыққан жері немесе мекен ететін аумағына қатысты кеңістіктік иемдену ерекшелігі басым, аймақтық бөлініске негізделген бірегейлік түрі. Адамның жергілікті жерге тиесілілік сезімі басым болып келетін аймақтық бірегейлік өзінің тұтастыққа бейімділігімен ерекшеленеді. Алайда, жекелеген аймақтардың тұтастығын сақталу кепілдігінің болмауы өз кезегінде бірегейліктің бұл түрінің де тұрақтылығын әлсіретеді.

Мәселен, бір аймақ өзара бірнеше бөлікке бөлінуі бұрынғы күшті аймақтық бірегейлік сезімін бір сәтте жоққа шығарады.

Ұжымдық бірегейліктің үшінші түрі – әлеуметтік тап, адамның шығу табына қатысты айқындалатын **әлеуметтік-экономикалық категория**.

Ал, ең соңғы категория – адами қажеттіліктер мен іс-әрекеттердің өзге бағыттарына қатысты салыстырмалы түрде өзге белгілерге негізделіп қалыптасатын **діни бірегейлік**. Таптық бірегейлік материалдық өндіріс пен айырбас үрдісіне тәуелділікте анықталса, діни бірегейлік өзара қарым-қатынас пен әлеуметтену нәтижесінде қалыптасады. Діни қауымдастықтар басым жағдайда этникалық өзіндік ерекшелікпен тығыз байланысты болып келеді. «Әлемдік діндер» бұл факторды елемей айналып өтіп, этникалық нышандарды жоққа шығаруға ұмтылыс жасағандарымен көптеген ірі діни қауымдастықтар этникалық топ құндылықтарымен сәйкестене білді.

Діни қауымдастық ішінде қалыптасқан бірегейлік бірте-бірте ұлттық айрықша сипат алады. Бүгінгі таңда діни сипаты күшті сақталған ұлттар мен елдегі негізгі ұлттың діни көзқарас басымдылығы өткір сезілетін көптеген мемлекеттерді мысал ретінде қарастыруға болады.

Мақалада басты назар бірегейлік түрлері емес, ұлттық бірегейлік элементтері мен оның басқа бірегейліктерден ерекшеліктеріне тоқталу. Әсіресе, діни бірегейлік пен этникалық негіздегі ұлттық бірегейліктің ұқсастықтарын атап өту маңызды. Сұрыптаудың ұқсас мәдени критерилерінен шығып, көп жағдайда бір-бірінің ықпалын арттырып, күшейіне ықпалдасады. Қатар жүрсе де, жекелеген күйде болсын екі бірегейлік қуатты қоғам ұйытқысы бола алады.

Азаматтық немесе «батыстық» модель негізінде «ұлт» ұғымы бірінші ретте территориялық концепция тұрғысынан қарастырылады. Яғни, әр ұлттың территориялық аймағы – өзіне «тарихи» тиесілі жер тілімі болуы шарт. Бұл жерде, ескеретін бір жәйт *атамекен* (ұлттың тарихи отаны) ретінде ұлттың пайда болып эволюциялық даму аймағы емес, ата-баба қаны тамған, бірнеше ұрпақ жаңарған жер қабылданады.

«Атамекен» ұлттың тарихи жады мен қауымдастық нысандарын сақтаушы, даналары мен батырлары өмір сүрген, ұрпақтарының болашағы үшін күрес жүргізген мекен ретінде қабылданатындықтан «жер» өзіндік бірегейлікке ие болады: өзені мен көлі, қыры мен тауын, қаласы мен ауылын ардақтайтын, ұлықтайтын қасиетті ұғымға айналып, жер байлығы өз ұлтына тиесілі құндылық ретінде қабылданып, «өзгелердің» пайдалануы мен қанауынан қорғалатын толыққанды ұлт меншігіне жатқызылады.

Ұлттың ұлт болуы үшін екінші құрамдас бөлік ретінде Отан – бірегей саяси талғамдағы институттар мен заңдар ортақтығы идеясы қарастырылады. Қоғамның саяси-құқықтық сауаттылық деңгейінің өсуі ұлтты құраушы мүшелерінің өзара теңдік сезімдерін анықтауға мүмкіндік туғызады.

Батыстық үлгі бойынша «ұлттың» негізгі бөліктерінің бірі – оның мүшелерінің заңды және саяси құқықтары. Ұлттық бірегейліктің батыстық моделінде ұлт мүшелері ортақ тарихи жад, аңыз, нысан, салт-дәстүр негізінде біріккен мәдени қоғам ретінде қарастырылады. Мемлекетке өзіндік тарихи мәдениетін терең сіңірген иммигранттар келген жағдайда олардың «ұлт» қатарына өту үдерісі бірнеше ұрпақ жаңаруын талап етеді, өйткені жаппай әлеуметтендіру агенттіктері арқылы тарихи мәдениетті сіңдіру шарты осындай болмақ.

Ұлттық бірегейлікті анықтаудың екінші, «этникалық», яғни батыстық емес моделінің ең басты ерекшелігі – дүниеге келген орта мен туған ел мәдениетіне айрықша мән берілуі. Ұлттық бірегейлікке қатысты батыстық концепция бойынша адамға бір ұлттың өкілі болу мүмкіндігімен қатар таңдау еркіндігі берілсе, «батыстық емес» концепция жоғарыда көрсетілгендей таңдау еркіндігін жоққа шығарады. Туған елде өмір сүрсін, басқа мемлекетке көшіп кетсін адамның ұлты дүниеге келген ортамен анықталады. Яғни, ұлт дегеніміз – шығу тегі бір, халқы өзара туыстық байланысқа негізделген тарихи жадымен тығыз ынтымақтастығы орнаған, тамыры терең тараған «үлкен әулет» ретінде қарастырылады.

Ұлттық бірегейлікті түсіндірудің этникалық моделіне сәйкес теория бойынша халық, әдетте, өзінің саяси белсенділігімен ерекшеленбегенімен ұлттық мүддені қорғау ұмтылысы мен оны сақтап қалу жолындағы күрес күшті болады. Бәлкім, осы себептен болар, Шығыс Еуропа мен Азия елдерінде ұлтшылдық мәселесінде жазушылар мен тіл, фольклористика мамандары, ұлттық өнер қайраткерлерінің орны ерекше атап көрсетіледі.

Ұлттық бірегейліктің этникалық концепциясының баламалы элементтер қатары шежіре және болжалды туыстық байланыс, ана тіл, салт-дәстүрден тұрады. Ұлттың қалыптасуы мен өзін өзі сақтауға ұмтылысы қарқынды әсерлі саяси сын-тегеуріндер нәтижесінде күшейе тіседі. Бұл, өз кезегінде «ұлтшылдық» түсінігінде дуализм нышаны болатындығын, яғни кез келген «ұлтшылдық» қандайда бір деңгейде азаматтық та, этникалық та элементтерді қамтуы мүмкін деген болжам жасауға негіз болады. Ұлттық бірегейлік бір жағдайда азаматтық және территориялық элементтердің басымдылығымен, екінші жағдайда этникалық белгілердің айқындылығымен ерекшеленеді.

«Ұлттық бірегейлікті» ұжымдық бірегейліктің басқа түрлеріне қатысты айырмашылығын білдіретін белгілерге қатысты ортақ түсінікке сәйкес басты нышандар ретінде ұлттың ортақ тарихи мекені, ұлттық мәдениет, аңыз әңгімелерге негізделген халықтың тарихи жады, қоғамдық заңдылық жүйесімен реттелген жалпыға ортақ құқықтар мен міндеттемелер кешені, баршаға бірдей еңбек бөлінісі мен өндіріс жүйесі қабылданады.

Ұлт ұғымына қатысты жоғарыда аталған ортақ белгілер негізінде берілген ұлттық бірегейліктің басты нышандары:

- Тарихи мекен немесе тарихи отан;
- Тарихи жадқа негізделген ортақ аңыз-әңгімелер;
- Ортақ қоғамдық мәдениет;
- Жалпыға ортақ құқықтар мен міндеттемелер;
- Территориялық тұтастыққа негізделген ортақ экономика.

«Ұлт» деп – тарихи мекені, яғни территориясы, ортақ экономика және жалпыға бердей заңды құқықтар мен міндеттемелер жүйесі қалыптасқан халықты атаймыз.

Бұл «ұлт» түсінігіне қатысты жалпыға ортақ анықтама «ұлттық бірегейліктің» күрделі де абстрактылы сипаттамасын ашуға мүмкіндік береді. Шын мәнінде ұлт түсінігі басқа ұжымдық бірегейлік түрлеріне де тән элементтер қатарынан құралатындықтан «ұлттық бірегейліктің» таптық, діни немесе этникалық сияқты бірегейлік түрлерімен ортақ үйлесімдікте болуы заңды. Сонымен қатар, ұлтшылдық мағынасының либерализм, фашизм немесе коммунизм сияқты идеологиялық ұстанымдармен ұштасу қауі-

пі тағы мүмкін. Алайда, «ұлттық бірегейлік» ұстанымдық тұрғыдан көп қырлы ұғым ретінде қабылданатындықтан оны бір ғана элемент немесе белгілі бір «ұлтшылдар» уәкілеттік тобы жасаған тұжырымдама негізінде ғана қарастыру мүмкін емес.

Ұлттық бірегейліктің берілген бұл анықтамасы оны мемлекеттілік ұғымынан алшақтығын көрсетеді. Әрине, «ұлт» пен «мемлекет» түсініктерінде сәйкестіктердің болу мүмкіндігі жоққа шығарылмайды. Ұлт, бір жағынан, ортақ тарихы мен мәдениетін, бірегей саяси қоғамдастықта біріктірілетін мәдени және саяси байланысты білдіреді. Екі концепция бойынша да тарихи мекен ретінде ортақ территория мен егеменділік статусы (демократиялық мемлекеттерде) маңызды.

«Ұлттық бірегейлік» және «ұлт» – этникалық, мәдени, территориялық, экономикалық және саяси-құқықтық сияқты өзара байланысты құрамдас бөліктерден тұратын құрылым.

Тұжырымдық тұрғыдан «ұлт» ұғымы екі аспектілі: азаматтық және территориялық, этникалық және генеологиялық. Ұлттық бірегейліктің осы аталған көп өлшемділік сипатының оның қазіргі заман талаптарына икемделіп, саяси өмірде өзіндік ерекшелігін жоғалтпай тұрақты күшке ие болуына ықпалы зор. Атаулы ұғымның көп өлшемділік сипатын оның жекелеген топ немесе тұлға өмірінде атқаратын рөліне қатыстылықта анықтауға болады. Ұлттық бірегейліктің атқаратын қызметтер қатарының алуан түрлілігі «сыртқы» және «ішкі» салдарды сипаттау негізінде анықталады.

Сыртқы салдарлы қызметтер қатары территориялық, экономикалық және саяси бағыттағы мәселелерге байланысты туындайды. Ұлт үшін ең бастысы халық өмір сүріп, жұмыс жасайтын әлеуметтік кеңістік пен сол әлеумет орналасып, мекен ететін тарихи территория мәселесін анықтап алу маңызды. Сыртқы салдарлы қызметтер маңыздылығы елдің географиялық ерекшелігін ашып көрсету мақсатымен «қасиетті орталықтардан» рухани және тарихи тағзым ету нысандарын берумен анықталады.

Экономикалық тұрғыдан ұлт территориялық қор мен еңбек ресурстарын иемденуге, басқаруға ұмтылыс кепілдемесі ретінде қабылдану керек. Сонымен қатар, бұл өз кезегінде жалпыға бірдей еңбек бөлінісін қалыптастыру, жұмыс күші мен тауарлар айналымын ұйымдастыру ісін дамыту, ел ішінде қор иелігін бірдей бөлісу [5].

Саяси көзқарас тұрғысынан ұлттық бірегейлік мемлекет және оның басты органдарының негізі ретінде қарастырылады. Өзінің мемлекеттілігі жоқ ұлттар жағдайында оның қосымша баламалары алы-

нады. Саяси кадрлар, саяси белсенділікті реттеу және билікті сайлау халықтың ұлттық жігері мен ұлттық бірегейлігін көрсететін ұлттық мүдде ұғымына қатысты талаптарға негізделеді. **Ұлттық бірегейліктің ең басты саяси сипаттағы қызметтерінің бірі** – ұлттың мінез-құлқы мен сан ғасырлық салт-дәстүрін, құндылықтық ерекшеліктерін анықтайтын заң институттарының міндеттері мен жалпы заңды құқықтар легитимділігі. Ұлттық бірегейлікке жүгіну бүгінгі таңда қоғам тыныштығы мен ынтымақтастық кепілі үшін басты легитимация болып табылады.

«Ұлт» ортақ құндылықтар, нышандар мен дәстүрлер жиынтығын беру арқылы жеке тұлғалар мен әлеуметтік таптар арасындағы әлеуметтік байланыс орнатушы ретінде мойындалады. Ту, ән ұран, ұлттық киім, нақыш, ескерткіш сияқты категориялардан құралатын нышандар қатары халыққа ортақ мұра мен мәдени туыстық ынтымақтастық туралы ақпарат беру үшін қолданылады. Сол арқылы олардың ұлттық бірегейлігі күшейіп, ұлт туындайтын түрлі қиыншылықтар мен кедергілерді жеңетін «сенімді ақтаған» топқа айналады [6].

Ұлттық бірегейлік ұжымның өзіндік мәдениетіне тән ерекшелік арқылы тұлғалық бірегейлікті анықтауда тигізетін ықпалы зор болады. Өйткені, қазіргі заман жағдайында «біз кіміз?» деген сұраққа ортақ, бірегей мәдениет негізінде ғана толық жауап бере аламыз.

РЕЗЮМЕ

В статье рассматриваются понятие и составляющие элементы «национальной идентичности», научно-теоретические выводы о ее особенностях в отличии от других категорий социальной идентичности.

The article considers the concept of «national identity» and scientific - theoretical conclusions regarding peculiarities and distinctive characteristics of national identity in relation to other categories of social identity.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Billig, Michael. Banal Nationalism. London, 1995. – 200 pp.
2. Verdery, Katherine. What Was Socialism, and What Comes Next? Princeton, 1996. – 298 pp. (226-227).
3. Smith, Anthony D. The Ethnic Origins of Nations. Oxford, 1986. – 312 pp.
4. Armstrong, John. Nations before Nationalism. Chapel Hill, 1982. – 410 pp.
5. Smith, Anthony D. National Identity. London, 1991. – 222 pp.
6. қараңыз: 4, б. 174-181.

КӘСІБИ ҚОҒАМДАСТЫҒЫҢЫЗДЫ ТАНЫТЫҢЫЗ!

“Қазақ әдебиеті және мемлекеттік тіл”, “Қазақ тарихы” журналдарында «Кәсіби қоғамдастық сөз алады» айдарымен әр кәсіби қоғамдастықтың іс-тәжірибесі жарияланады.

Шарт: әр қоғамдастықтан ең кемі 5 мұғалім 2017 жылға толық жазылып, 1) барлығының түбіртегін, 2) барлық қоғамдастықтың мүшелерінің бірігіп түскен сапалы фотосын және 3) қоғамдастықтың құрылғаннан бергі жетістіктері туралы 0,5-1 беттік мәлімет,

4) қанша адам жазылса, сонша мұғалімнің 2-2,5 беттен аспайтын шағын мақала не сабақ әзірлемесін, 5) осы қоғамдастықтың ең үздік ұстазының іс-тәжірибесін «Танысыңыз: озат ұстаз, озық тәжірибе» айдарына жетістіктері (өзі не шәкірті кемінде облыс, не қала жүздегері болсын) туралы шағын мәліметпен жіберуі тиіс. 5-шартқа сай мұғалім болмаса, орындау міндетті емес.

Редакция алқасы.

МАҢҒЫСТАУ МЕМЛЕКЕТТІК МҰРАҒАТЫНЫҢ ТАРИХЫ

(1923-1940 жж.)

Тұрғанжан ТӨЛЕБАЕВ,
тарих ғылымдарының докторы, профессор
Ақбаян БАЛТАЕВА,
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың 2-курс магистранты

Мұрағат – тарихи деректік құжаттар сақталатын алтын қазына. Онда ата-бабамыздың әулеттік шежіресі сақталып, өткен өмірдің айнасына айналуға. Мұрағатта әр кезеңдегі тарихи оқиғалар, дипломатиялық қарым-қатынастар, қоғамның саяси-әлеуметтік, экономикалық бағыттары жөнінде құнды құжаттар сақталады.

Мұрағат жүйесінің тарихы, әрине, әріден басталады. Ресей империясының отарлаушылық саясаты кезінде болған мұрағаттық жүйе XVII ғасырдың екінші жартысынан қалыптаса бастады десек қателеспейміз. Ресей мемлекетіне қосылған қазақ жерінде патша үкіметінің әскери-әкімшілік басқару жүйесі құрылды. Бұл басқару жүйесі негізінде мұрағат ісі белгілі бір мекемелерге бағынышты қызмет саласы болды. Осылайша қазан төңкерісіне дейін губерния, уезд, облыс, болыстықтарда мұрағат мекемелерінің қызмет жүйесі қалыптасты. Халық Комиссарлар Кеңесі 1918 жылы 1 шілдеде «Мұрағат ісін қайта құру және орталықтандыру» туралы декретін қабылдайды. Осы құжат негізінде патша үкіметі жүйесінде барлық мұрағаттар жұмысы тоқтатылып, 1917 жылғы 7 қарашадан бастап іс қағаздары Кеңестік үкімет ұйымдарының құжаттары болып саналды. Аталған құжат негізінде Маңғыстау жерінде де мұрағат ісі қолға алына бастайды. 1928 жылы Адай уездік революциялық комитетінің 1928 жылы 19 қазандағы отырысы хаттамасында Форт-Александровск қаласында Адай уездік революциялық комитет жанынан уездік мұрағат ашу жөніндегі дерек көрсетілген. Адай уездік мұрағаты 1924 жылы Адай уездік мұрағат бюросы болып өзгертілген. Әрине, бұл жылдардағы мұрағаттарды қалыптастыру мен оны сақтау ісі күрделі жағдайда жүрген, білікті кадрлар, мұрағатқа орын жетіспеген. Десек те, мұрағат бізге 1917 жылдардан басталатын өлке тарихына қатысты құжаттарды жеткізді [1].

1923 жылдан ресми түрде Маңғыстауда мұрағат қызметі дами бастады. Адай уездік революциялық комитеті жанынан 1923 жылдың 1 қарашасынан бастап мұрағат құрылып, кейіннен 1924 жылы уездік мұрағат бюросы болып қайта құрылды. 1928 жылы Адай өңірінің құрылуымен уездік мұрағат өңірлік мұрағат бюросы мәртебесін алды [2].

Кейіннен, 1930 жылдардан бастап мұрағат ісі мемлекеттік деңгейде шешіліп, Қазақстан Республикасының Орталық атқару комитеті «Орталық мұрағат басқармасы туралы» Ереже қабылдайды. Осы өткен ғасырдың отызыншы жылдарының ортасында аудандық мемлекеттік мұрағат жүйесін құру қолға алынады. Осылайша Гурьев облысы құрамында 6 аудандық мұрағат құрылып, соның бірі Маңғыстау аудандық мемлекеттік мұрағаты болды. Маңғыстау аудандық атқару комитетінің 1933 жылғы отырыс хаттамаларында мұрағат ісіне қатысты маңызды мәселелер қаралғандығы айқын көрсетілген. Кейбір аудандық мекеме басшылары тарапынан мұрағат құжаттарына салғырт қарау нәтижесінде мемлекеттік құжаттардың жоғалу жағдайының орын

алып жатқандығы айтылған. Сол себепті барлық аудандық мекеме басшыларынан, ауылдық кеңес және колхоз төрағаларынан мұрағаттарды ретке келтіріп, аудандық мұрағатқа тапсыру қатаң түрде талап етілген. Аудандық мұрағат бөліміне арнайы орын-жай бөлу қарастырылған және осы көтерілген мәселелердің барлығын да бақылауда ұстау міндеті аудандық прокуратураға тапсырылған.

1930 жылдардың ортасында ООК Президиумының қаулысымен республикада Орталық мұрағат басқармасы жөнінде Ережесі бекітіліп, ғылым Комитетіне бағындырылды. 1938 жылы КСРО Жоғарғы Кеңес Президиумы КСРО Наркомат ішкі істерін жүргізуге КСРО Орталық мұрағат басқармасын беру жөнінде қаулы қабылдады, осы жүйеде мұрағат саласы 20 жылдан астам уақыт орын алды [3].

Мұрағат құрылысын дамытуда аудандық мемлекеттік мұрағат желілерін құру маңызды оқиға болды. Қазақ ССР-ң КХК 1935 жылғы 7 мамырдағы қаулысымен Гурьев (қазіргі Атырау) облысында 4 аудандық мемлекеттік мұрағат құру белгіленді. Гурьев мұрағат басқармасының қолдауы бойынша мұрағат құжаттарын сақтаудың қанағаттанарлықсыз жағдайына және олардың жойылуына байланысты Гурьев облысының барлық 6 ауданында, оның ішінде Маңғыстауда мұрағаттар құрылды. Жаңа Шевченко ауданының құрылуымен (1939 ж.) 1941 жылы Шевченко аудандық мемлекеттік мұрағат жасақталды [4].

Мұрағат – қоғамдағы тарихи бетбұрыстар мен өзгерістерге тікелей бағынышты қызмет жүйесі. Бұлай деп көрсетілудің өзіндік себебі де бар. Маңғыстау түбегі XX ғасырда әртүрлі тарихи, экономикалық және мәдени бетбұрыстарды басынан өткізген өлке. 1930 жылдарда Маңғыстау өлкесіндегі жер асты қазба байлықтары жан-жақты зерттеліп, Ресейдің геолог ғалымдары бастаған ғылыми-зерттеу экспедициялары өлкенің шикізат қорына бай екендігін толықтай анықтаған. Осыған орай 1939 жылдың өзінде Таушық елді мекенінде тас-көмір өндіретін ірі «Маңғышлақ тас-көмір тресі» мекемесі құрылып, Ұлы Отан соғысы басталар алдында Таушықта бірнеше шахталар салынып, көмір өндірісі пайдалануға беріледі. Бұл Маңғыстау жеріндегі алғашқы Кеңестік жүйедегі Одақтық деңгейде қолға алынып салынған ірі индустриялық құрылыс болды. Сонымен қатар 1920-1930 жылдары ауылшаруашылық, мал шаруашылығы салаларында жаңаша кеңестік жүйе негізінде ауылдық кеңестер құрылып, оның құрамына біренеше колхоздар ұжымдастырылды, олардың негізгі кәсібі мал шаруашылығы болды. Балық шаруашылығы қолға алынып, Форт-Шевченко қаласында, Шевченко ауданында көптеген ірі балық аулау, балық консервілеу, кеме жөндеу зауыттары жұмыс жасады. Ондаған балықшы колхоздары құрылды, аудандық балықшылар да жұмыс жасады. Сондықтан да осы жылдардағы түбектің түгелдей дерлік тыныс-тіршілігінен мағлұмат беретін мұрағаттық қорлар, ондағы құжаттар өз алдына бір қазына.

Жалпы мемлекеттік мұрағат құжаттарын жариялау

бағытында облыстық мұрағат қызметкерлері тарапынан осы уақытқа дейін облыс тұрғындары, мекемелер мен қоғамдық ұйымдар үшін аса құнды мәліметтер енгізілген ондаған басылымдар жарыққа шықты, әртүрлі тарихи, мәдени тақырыптарда жылына 15-20-ға жуық мақалалар облыстық, аудандық басылымдарға жарияланып келеді.

Қазіргі уақытта мемлекеттік сақтауда барлығы 815 мұрағаттық қор бар. Осы мұрағаттық қорларда барлығы 280 мыңға жуық сақтау бірліктері, яғни құжаттар сақталуда. Тек Қазақстан Республикасы бойынша ғана емес, сондай-ақ ТМД мемлекеттерінің заңды тұлғалары – мемлекеттік мекемелері мен жеке тұлғаларынан және алыс-жақын шетелдерден жылына 3, 5-4 мыңға жуық тақырыптық, әлеуметтік-құқықтық сұраныстар түсіп, оларға мұрағаттық анықтамалар мен мұрағаттық хаттар жөнелтіледі. Облыстық мұрағаттың оқу залына жылына 40-50-ге жуық ізденушілер мен зерттеушілер келіп, әр түрлі тақырыптарда ізденіс жұмыстарын жүргізеді. Сондай-ақ жеке тектік мұрағаттық қорлар да жылдан жылға өз қатарын көбейтуде, қазіргі кезде 99 жеке тектік мұрағаттық қорлар жасақталып, мемлекеттік сақтауға алынған. Оның ішінде облыс экономикасының қалыптасып, дамуына атсалысқан, сондай-ақ мәдениеті мен әдебиеті, білім саласы, спорт және қоғамдық өміріне ерен еңбектерін сіңіріп, мемлекеттік жоғарғы марапаттарға ие болған белгілі тұлғалардың құжаттары сақталған [5].

Қысқасы, Маңғыстау облыстық мемлекеттік мұрағаты – бүгінгі күнде қоғамдағы өз маңызын айқын көрсетіп отырған мекемелердің бірі. Қазіргі уақытта облыстық мұрағатқа тек облыс көлемінде ғана емес, бүкіл республика аймақтарынан, сондай-ақ барлық ТМД мемлекеттері мен алыс-жақын шетелдерден жылына бірнеше мыңдаған әлеуметтік,

азаматтық-құқықтық сұраныстар келіп түсуде. Мұрағаттың халыққа көрсететін қызметі сан түрлі бағыттарда жүргізіледі. Алдымен жеке азаматтардан, сондай-ақ заңды тұлғалардан, мекемелерден келіп түскен сұраныстарға жауап жазып, мұрағаттық анықтама беру болса, екінші басты бағыты – облыс көлеміндегі әрбір мекеменің құжаттар айналымына бақылау жүргізу, олардың сақталуы мен уақытында мемлекеттік мұрағатқа тапсырылуына қадағалау жасау және үшінші маңызды бағытының бірі – өлкеміздегі қоғамдық өмірге белсене араласқан, облыстың немесе ауыл-қалалардың өсіп-өркендеуіне өз үлестерін қосқан азаматтардың, сондай-ақ мәдениет, әдебиет, өнер, спорт қайраткерлерінің жеке қор құжаттарын жинақтау, мемлекеттік сақтауға тапсыру. Қарап отырсаңыз бұл қызметтердің барлығы бір ғана мұрағат мекемесінде күнделікті жұмыс уақытында қарбалас қызмет жағдайында жүзеге асып жатады. Мұрағат саласы бойынша қоғам үшін тағы бір аса маңызды жұмыс бағыты – ол мұрағатқа келіп түскен құжаттарды мемлекеттік сақтауға қабылдап алу және олардың есебін жүргізу. Бұл қызметтің аса маңыздылығы – өлке тарихынан немесе жеке азаматтың еңбек жолына, өмір жолына қатысты мағлұмат беретін әрбір құжат өзінің жеке есеп нөмірін алып, өзіне белгіленген мұрағаттық орнында сақталумен қамтамасыз етіледі.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Очерк "Архивное строительство на Мангистау", 1923 – 1985 гг., Актау., с.6-8.
2. Сабденова Г.Е. – Мұрағаттану: оқу құралы, Алматы.: Қазақ университеті, 2008. -
3. http://aid.mangystau.kz/kz/region/Management_structure/
4. Архивы Казахстана, Алматы.: Пауан, 1993.
5. Батыс Қазақстан облысының мемлекеттік мұрағатының Жолкөрсеткіші, Алматы.: Арыс, 2001.

АЛАШОРДА ҮКІМЕТІНІҢ ҚҰРЫЛҒАНЫНА – 100 ЖЫЛ!

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ АЛҒАШҚЫ САЯСИ ПАРТИЯЛАР

Бота ТАҚАБАЕВА,
тарих ғылымдарының кандидаты,
Гайһар БАҚАЕВА,
ҚазмемҚызПУ-дың аға оқытушысы

Қазақстандағы алғашқы саяси партиялар тарихы сонау XX ғасырдың басынан басталады. Бұл – қазақ тарихындағы үлкен, ірі оқиғаларға толы және қоғамдық-саяси өмірінің барынша жанданған кезеңі еді. 1917 жылы көктем мен жаз айларында қазақ қауымында Ақпан төңкерісінен кейін мемлекеттің жаңа құрылымын ұсыну, ұлттық қоғамдық-саяси ұйымдар құру, әлеуметтік-экономикалық реформалар бағдарламаларын жасау және елдің саяси өміріне араласу сияқты бағыттар көрініс тапты. Төңкеріс жеңіске жеткеннен кейін Ө.Бөкейханов, М.Тынышбаев, М.Шоқай қазақ зиялыларын жаңа мемлекеттік құрылым қызметіне ұсыну мәселесін шешуді өз қолдарына алды. Міне, осы сәттен саяси сахнаға жаңа ғана көтеріліп келе жатқан қазақ зиялылары Ресейдің кейбір оппозициялық партияларының ықпалымен Қазақ жерінде саяси ой-пікірді дамытуға, демократиялық идеяларды насихаттауға, самодержавиелік тәртіпке

қарсы әрекеттер жасауға қатыса бастады.

Бұлар негізінен кадеттер мен большевиктер партиясының бағдарламасын қолдады. XX ғасыр басындағы қазақ зиялылары сан жағынан көп болған жоқ. 1917 жылғы Қазан төңкерісіне дейін қазақ қоғамында жоғары оқу орнын аяқтағандығы туралы дипломды иемденген мамандардың саны жүз отыздан, ал арнайы орта оқу орындарын бітіргендердің саны жеті жүзден асып жығылатын еді. Қазақстанда бірлі-жарым орта білімді мұғалімдер даярланатын курстар мен училищелерді есепке алмағанда, арнайы оқу орындары болған емес. Түрлі мекемелерде, әкімшілік орындарында қызмет жасаған қазақ мамандары, негізінен, ресейлік оқу орындарында білім алды. Патша үкіметі қазақ халқының жалпы мәдени деңгейінің өсуіне мүдделі болған жоқ, керісінше, қараңғылықта ұстау оған тиімдірек көрінді. Ал XIX ғасырдың соңғы ширегінде ашыла бастаған азын-аулақ мектептер мен

гимназиялар жергілікті жұртты ислам дінінің «зиянды әсерінен» сақтау және далада орыс ықпалын дамыту үшін керек болды. Сонымен бірге отаршыл әкімшілік ресейлік оқу орындарынан бірлі-жарым орынды қазақ жастарына бөлуге мәжбүр болды. Мұндай қадамға бара отырып, ол жыл сайын өсе түскен басқару жүйесінің жергілікті ұлттан шыққан мамандарға мұқтаждығын қанағаттандыруды көздеді. Осы мақсатта генерал-губернаторлық кеңселері жанынан қазақ студенттеріне жылына 3-4 стипендия белгіленді. Міне, осы белгіленген стипендияға және қазақ ауқатты топтарының өз еркімен жәрдемге жиған қаржысына сүйеніп қазақ жастары Мәскеу, Санкт-Петербург, Қазан, Орынбор, Омбы, Варшава сияқты қалалардағы оқу орындарында түрлі мамандықтар бойынша білім алды [1].

1912-1915 жылдары Омбы жастары «Бірлік», Уфадағы Ғалия медресесінің шәкірттері «Ізгілік» атты ұйымдар құрды. Олар істі жасырын жүргізді. Ақпан революциясынан кейін қазақ жастарының ұйымдары ашық түрде жұмыс істей бастады. Тек 1917 жылдың өзінде Орынборда «Еркін дала», Семейде «Жанар», «Оқытушылар ұйымы», «Талап», Екібастұзда «Ұйым», Баянауылда «Ерік», Меркеде «Қазақ жастарының революциялық одағы», Көкшетауда «Оқығандар», Ақмолада «Жас қазақ», Ақтөбеде «Жас тілек», 1918 жылы Омбыда «Еңбекші жастар» ұйымы, «Тілек», Қостанайда «Балапан», 1919 жылы Оралда «Ақниет», «Ақжол», т.б. ұйымдар құрылды [2]. Жастар қазақша, орысша, татарша шығармашылық одақтарға ұйымдаса бастады. Олардың негізгі мақсат-міндеттері ұлттық мәдениет пен әдебиетті насихаттап, қазақ халқын озық елдің қатарына қосу, оның рухын көтеріп, сана-сезімін оятып, ұлттық қадір-қасиетін сақтауға, жастардың елін, жерін, халқының салт-дәстүрін сүюге баулуы болды.

Алғашында жастар ұйымдарының көпшілігі алдына мәдени-ағартушылық міндеттер қойды. Уақыт өте келе қоғамдық-саяси қозғалыстардың өрістеу барысында олар саяси, әлеуметтік және таптық мәні бар мәселелер қояуға және шешімін табуға біртіндеп жақындап келе жатты. Қазақстанда XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың бас кезіндегі әлеуметтік-саяси, қоғамдық-саяси және рухани-мәдени өзгерістердің нәтижесінде Алаш қозғалысы өмірге келген еді. **Қозғалыстың басты тірегі 1917 жылы шілдеде құрылған жалпыұлттық «Алаш» партиясы еді.** Қазақтың ұлттық-демократиялық зиялыларының көрнекті өкілдері Әлихан Бөкейхан, Ахмет Байтұрсынұлы, Мұстафа Шоқай, Мұхамеджан Тынышбай, Міржақып Дулатұлы, т.б. ондаған қайраткерлер 1905-1917 жылдары осынау бірінші жалпыұлттық саяси ұйымды құру жолында көп күш жұмсады. Қоғамдық-саяси өмірге араласа бастағанда **«Алаш» партиясы өзінің негізгі міндеттерін екі мақсатқа жөту:** 1) қазақ халқын отарлық езгіден азат ету; 2) қазақ қоғамының дүниежүзілік мәдени қауымдастыққа енуін қамтамасыз ету деп жариялады. Өзінің саяси табиғатына сай «Алаш» партиясы әрtekті қазақ ұлттық-демократиялық зиялылардың саяси ұйымы болды. Алашорда сол кездегі аса қиын жағдайларға байланысты автономия жариялағанымен, Ресейден бөлініп шығу жайын сөз еткен жоқ, негізгі көздегені тек автономия алу, ол «Ресей демократиялық құрама республика» болсын дегендік еді. Осындай қиын-қыстау кезеңде қазақ халқының ұлттық-демократиялық қозғалысының көсемдері жағдайдың және саяси күштердің тез өзгеруін есепке ала отырып, жалпы қазақ съезін өткізуді жылдамдату туралы шешім қабылдады. Бұл негізінен кадеттер басқарып

отырған Уақытша үкіметтің Қазақстанда шын мәнінде патшалық самодержавиенің саясатын жалғастырып отырғандығымен, ұлттық мәселені шеше алмағанымен және аграрлық мәселені шешуге құлықсыз екендігімен түсіндіріледі. Бірақ қазақ съезі негізінен «Алаш» (қазақ) ұлттық саяси партиясының күшімен өткізілді. Оның шешімінде былай делінді: **«Қазақ саяси партиясын құру қажеттігін мойындай отырып, съезд «Шура-исламияға» (яғни Бүкілресейлік мұсылман кеңесі) сайланған қазақ өкілдеріне осы партияның бағдарламасын жасауды тапсырады. Партияның саяси бағдарламасы ретінде «демократиялық федеративтік парламенттік республика құру талап етіледі» [3].** Алаш азаматтарының басым көпшілігі социалистік идеологияны, таптық принципке негізделген большевиктер күресінің бағдарламасын қабылдай қоймады. Олар қазақ қоғамы тұтасымен социалистік революцияға дайын емес деп есептеді. **«Алаш» партиясының басшылары мен мүшелері «Қазақ халқын отарлық езгіден азат ету»** бағдарламасының төңірегіне топтастырды. **1917 жылы 21 қарашада «Қазақ» газетінде Алаш партиясы бағдарламасының жобасы және съез материалдары жарияланды.** «Алаш» партиясының өмірге келуі үлкен саяси мәселе еді. Сол кездегі қазақ зиялыларының ғылыми жұмыстарымен де, оқу-ағарту ісімен де, алғашқы қазақ тілінде басылымдар шығару әрекетімен де, көркем әдебиетімен де айналысқанын көруге болады. **«Алаш» партиясы бағдарламасының жобасындағы тоғызыншы тарауда «Ғылым-білім үйрету» жөнінде:**

- оқу ордаларының есігі кімге де болса ашық, ақысыз болуы;
- жұртқа жалпы оқу жайлы; бастауыш мектептер ана тілінде оқылады;
- қазақ өз тілінде орта мектеп, университет ашуға;
- оқу жолы өз алдына автономия түрінде болуы;
- үкімет оқу ісіне кіріспеуі;
- мұғалімдер-профессорлар өзара сайлаумен қойылуы;
- ел ішінде кітапханалар ашылу туралы айтылады.
- газет шығаруға, кітап бастыруға еркіншілік, – деп көрсетілген [4].

1917 жылғы 5-13 желтоқсанда Орынбор қаласында Екінші жалпықазақ съезі өтеді. Съездегі қаралған аса маңызды мәселелер: қазақ-қырғыз автономиясы; милиция құру; ұлт кеңесі; оқу мәселесі, т.б. Жаңадан құрылып жатқан «Алашорда» үкіметі алғашқы сағатынан бастап ұрпақ тәрбиесіне, ұрпақ болашағына зор көңіл бөлген. Жас ұрпақтың туған тіліне деген сауаттылығын арттыру үшін, ана тіліндегі оқулықтарды жасауға кіріскен. Бала тәрбиесіне, оқуына осындай қиын заманда жаңаша бетбұрыс, бұл болашаққа деген сенім еді. Білімді жастар, еліне салауатты да сауатты қызмет етерін деген үміт етеді [5]. Жетпіс жылдан астам уақыт жүріп өткен тарихи жолымыз көрсетіп бергендей, қазақ қоғам қайраткерлері тәуелсіз дербес мемлекет құру жолын таңдай отырып, қателескен жоқ еді. «Алаш» партиясының өмірге келуі тарихи қажеттіліктен туған болатын. Алашорда үкіметі Кеңестер тарапынан қуғындалып, ақыр аяғы таратылады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. **Т.Тұрлығұл.** Қазақстан тарихы. Алматы: Мектеп, 2011.
2. Сонда.
3. Қазақстан тарихы (көне заманнан бүгінге дейін). Алматы «Атамұра» 2010.
4. **Н.Мартыненко.** Алашорда сборник документов. Алматы, 1992.
5. **Ж.Ақбаев.** Жанша. Орал, 1994.

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫ ХАЛҚЫНЫҢ ТАБИҒИ ӨСІМІ

(Ұлы Отан соғысы жылдары)

Назерке СЕРІКБАЙ,

Қорқыт Ата атындағы ҚызМУ-дың 2-курс магистранты

Ұлы Отан соғысы жылдарында Қызылорда облысының демографиялық ахуалында үлкен өзгерістер болды. Сыр елінің азаматтары бір жағынан майданға кетіп жатса, екінші жағынан оларға эвакуацияланғандар және күштеп қоныс аударылғандар келіп жатты. Соғыс қиыншылықтарына, ер-азаматтардың майданға алынуына және әйелдердің еңбек майданына алынуына байланысты Сыр елі халқының табиғи өсім арқылы көбеюі күрт қысқарды. Зерттеуіміздің бастапқы саны есебінде **Қызылорда облысы халқының саны 328067 адам деп берілген 1939 жылғы санақ** материалдарынан НКВД-ның тапсырмасымен 30-жылдардағы аштықтың ізін көрсетпес үшін санақ кезінде қосылған 31986 «адамды» алып тастап, **1939 жылғы қаңтардағы Қызылорда облысы халқының саны 296081 адам** деп алдық. Енді осы санды негізге алып Қызылорда облысының статистика бөлімінің 1939-1941 жылдардағы табиғи өсімі болған 17335 адамды қоссақ және осы жылдары Сыр өңіріне көшіп келген және кеткен адамдардың айырмашылық санын біздегі бар Сыр өңірінің қалалық елді мекендерінің мәліметі бойынша 36573 адам деп алсақ (бұларға 1941 жылғы эвакуацияланып келген адамдар да қосылады) Қызылорда облысында 1941 жылдың соңында 349989 адам болғанын көруге болады. Миграция есебінен Сыр өңіріне Ұлы Отан соғысы қарсаңында көшіп келушілердің көп болуының себебі КСРО үкіметінің Ресейдің ішкері аймақтарындағы және халық тығыз орналасқан батыс аймақтарындағы халықты «бос жерлер көп» – деген ұранмен Қазақстанға қоныс аударудың саясаты негізінде болды.

БКП(б) ОК және КСРО ХКК-нің бос жерлерге халықтарды көшіру туралы 1940 жылғы бірлескен шешімі негізінде осы жылдың тамызына дейін Қазақстанға 19408 жанұя, 90007 адам көшіп келді. 1941 жылдың соңындағы мәлімет бойынша көшіп келген адамдардың саны 110 мың адамға дейін өсті. Бұлардың бір бөлігі жоспарлы көшіп келгендер болса, олардан бөлек өз еркімен көшіп келушілер қаншама. XIX ғасырдың соңында Столыпиннің аграрлық реформасы кезінде және XX ғасырдың

20-30-жылдары көшіп келгендер біраз жерлерді иеленіп қалуына байланысты, жаңадан келгендердің бір бөлігі бұған дейін қоныстанушылар аздау болған Қызылорда облысына келе бастады. 30-жылдардың соңы мен 40-жылдардың басында облыста осының салдарынан миграциялық ағым көп болды. Облысқа келгендермен қоса кеткендердің де көп болғаны белгілі. Бұл кеткендердің негізін сырттан облысқа келіп, белгілі бір уақыт тұрғаннан кейін жергілікті ауа-райын, әлеуметтік инфроқұрылымын ұнатпай басқа жерлерден қолайлы жер іздеп кеткендер еді [1]. Соғыс басталғанда біздің есебіміз бойынша Сыр өңірінен 1890-1923 жылдар аралығында туылған 70 мыңнан аса адам әскер қатарына алынуы керек болғанын ескерсек және Сыр өңіріне 1941 жылдың екінші жартысында тұтастай бір этностарды көшіру саясатының қайта басталып, 3 мыңнан аса немістер, австриялықтар, гректер күштеп көшірілгенін есепке алсақ облыс халқының саны 1941 жылдың соңына қарай 280 мыңнан аса болды деп түйіндеуге болады.

1941-1945 жылдары Қызылорда облысындағы бала туу деңгейі төмендей бастады (1-кесте). 1941 жылы облыс бойынша 10108 нәресте дүниеге келсе, 5284 адам қайтыс болды. Мұндағы табиғи өсім 4824 адамды құрады. Ал 1942-1945 жылдары аралығында Сыр өңірінде 22401 бала дүниеге келіп, 10383 адам қайтыс болған. Табиғи өсімнің есебінен Сыр елінің халқы 12018 адамға көбейді. Демек, 1941-1945 жылдарда табиғи өсім 16842 адам болды. Бұл, әрине, аз. Мысалы, соғыс алдындағы 1939-1940 жылдары Қызылорда облысы бойынша табиғи өсім 12511 адам болды. Осы өсім пайызымен санасақ, 1941-1945 жылдарда облыс халқының саны табиғи өсім арқасында ғана 31826 адамға көбеюі керек еді. Соғыс жылдарындағы қиыншылықтарға, әскер жасындағы ер азаматтардың әскерге алынуына, тылдағы әйелдер мен ерлердің тыл майданына алынуына байланысты туу деңгейінің төмендеуімен Қызылорда облысы 1941-1945 жылдарда 14984 дүниеге келмеген нәрестеден айырылды.

1-кесте. Қызылорда облысы халқының табиғи өсімі [2, 2 п.]

Жылдар	Туылғандар саны			Өлгендер саны			1 жас дейінгі	Табиғи өсім		
	Ер бала	Қыз бала	Барлығы	Ер бала	Қыз бала	Барлығы		Ер бала	Қыз бала	Барлығы
1939	6183	5514	11697	2966	2491	5457	1690	3217	3023	6240
1940	6132	5847	11979	3073	2635	5708	1673	3059	3212	6271
1941	5267	4841	10108	2890	2394	5284	1346	2377	2447	4824
1942	4623	4375	8998	3218	2401	2619	988	1405	1974	3379
1943	2748	2496	5244	2065	1473	3538	339	683	1023	1706
1944	2020	2076	4096	1511	1086	2597	114	509	990	1499
1945	2149	1914	4063	913	716	1629	120	1236	1198	2434
1946	3872	3568	7440	1101	890	1991	182	2771	2678	5449
1947	6344	5718	12062	1401	975	2376	393	4943	4743	9686
1948	4096	3840	7936	1318	1054	1372	359	2778	2786	5564

Жылдар бойынша қарасақ, 1941 жылдың өзінде туылған нәрестелер саны 1940 жылмен салыстырғанда 865-ке, яки 14 пайызға азайып кеткен. Бұл жылдары туу көрсеткіштеріндегі толқынның төмендеуі ескерілмегенін және 1941 жылы туылатын балалардың ана құрсағында жатқанын ескерсек, бұның негізгі себебі күйеуінің майданға кетуіне байланысты балалары бар әйелдердің алдағы соғыс қиындығынан қорқып, жасанды түсік жасауға мәжбүр болған деп санаймыз. 1936-1955 жылдары КСРО-да жасанды түсік жасауға рұқсат етілмейтін, алайда денсаулық төмен жүкті әйелдерге поликлиниканың рұқсатымен жасанды түсік жасауға рұқсат етілетін. 1940 жылғы мәлімет бойынша, тек Ресейдің өзінде 500516 жасанды түсік жасалған. Бұдан түсікке рұқсат етілмесе де, КСРО аймағында жасанды түсіктің көптеп жасалғанын көреміз [3, 30-бет]. Соғыс басталғанда жасанды түсік жасау есебі көп жағдайда қатты бақылауда болмаған, оны арнайы зерттеулерде 1941 жылғы мәліметтің көп жағдайда болмай 1942 жылдан қайта назарға алынуынан көруге болады [4]. Соғыстың бірінші жылдары, әсіресе, немістердің қол астына түскен КСРО аймақтарында жасанды түсік жасау жаппай орын алғандығы туралы мәліметтер бар [5]. Алайда көптеген әйелдер майданға кеткен күйеулерінің көздерін қимай, құрсақтағы балаларын аман сақтап қалды.

Нәрестелер – өмір сыйы, аналарымыз осыны түсініп, соғыс қиындығына қарамай құрсақтағы балаларын сақтап қалды. Себебі соғыс жылдары аналарымыз балаларын туып, қазіргідей бала күтімі демалысын алмастан бірден жұмысқа шығып кеткен. Алайда осы жерде атап өтуіміз керек, Ұлы Отан соғысы жылдары балабақшалар саны аз да болса өсіп отырды. 1941 жылы облыста 746 орынды 13 балабақша болса, 1945 жылы 15 балабақшада 1126 бала болған. 1941 жылы қайтыс болған адамдар саны облыс бойынша 5284 адамды құрап, 1940 жылмен салыстырғанда 424 адамға, яки 4 пайызға қысқарған, бұның себебін әскер қатарына алынған Сыр өңірінің әскер жасындағы азаматтарының үлесінен көруге болады. Себебі сол жылдары және қазіргі уақытта да еңбек етуге жарамды жастағы ер-азаматтар арасында өлім фактілері әйелдерге қарағанда көп болған. Ал осы жылдары әскерге алынғандардың бәрі еңбек етуге жарамды жастағылар болған.

1942 жылы туылған нәрестелер саны 8998 болып, 1940 жылмен салыстырғанда 25%-ға, 1941 жылмен салыстырғанда 11%-ға төмендеген. Бала туғызуға қабілетті жастағы ер-азаматтардың әскер қатарына кетуіне қарамастан, соғыстың басқа жылдарымен салыстырғанда 1942 жылы бала туу деңгейінің біршама жоғары болуын 1942 жылы туылғандардың 30%-ы соғыс алдында шешесінің құрсағында қалғанынан көруге болады. 1941 жылдың 22 маусымында КСРО бойынша әскерге шақырылған 23-36 жас аралығындағы Қазақстан мен Орта Азия жастарын әскерге шақыру мерзімі екі айға кейін қойылды және 37-51 жастағылар тамыз айынан шақырыла басталды. Бұл да 1942 жылы Қызылорда облысы бойынша дүниеге келген нәрестелердің көбірек болуына өз септігін тигізді. 1941-1942 жылдары туылған нәрестелердің белгілі бір пайызы Қызылорда облысына эвакуацияланып және ұлтына қарай қудаланып келген халықтардың үлесіне тиеді. Себебі мұрағат құжаттарына сүйенсек

эвакуацияланып келгендер ішінде жүкті әйелдер көп болған. 1942 жылы облыс бойынша 2619 адам қайтыс болған, бұл көрсеткіш 1940 жылмен салыстырғанда 54, 1%-ға төмен, 1941 жылмен салыстырғанда 50, 4%-ға төмен. Өлім көрсеткішінің облыс бойынша 1942 жылы төмендеуінің негізгі себебі көптеген ер азаматтардың әскерге алынуынан және қиындық түскен жылдары адамдар психологиялық, әлеуметтік және экономикалық тұрғыдан өзіне назар аударуды күшейте түсетінінен көруге болады.

1943-1944 жылдары облыс бойынша 9340 нәресте дүниеге келсе, 6135 адам өлген. Дүниеге келген нәрестелердің үлесінде бұл жылдары күштеп көшірілген халық өкілдерінің үлесі де елеулі болды. Өкінішке орай өлгендердің үлесінде де күштеп көшірілген халық өкілдерінің үлесі көп болды. Себебі суығы ызғарлы, жазы ыстық Сыр өңіріне көшіріп әкелінген Солтүстік Кавказ, тағы да басқа ауа райы жылылау жерлер халықтары өкілдерінің жергілікті ауа-райына үйренуі қиын болды.

1945 жылы дүниеге келген нәрестелер саны 1944 жылғы деңгейде болды. Ал қайтыс болған адамдар саны күрт азайып 1629 адамды құрады. Қайтыс болғандардың күрт азаюының себебін соғыстың соңғы жылдары халыққа медициналық көмектің көрсетілуінің өсуімен байланыстыруға болады. Мысалы 1941-1942 жылдары облыста 25 аурухана болса, 1943 жылы – 27, 1944-1945 жылдары 32-33 аурухана болған, ал ондағы төсек орындары 1941 жылғы 1228-ден – 1945 жылы 2594-ке дейін өскен [2, 5-п.].

Қорыта айтқанда Ұлы Отан соғысы майданы Қазақстаннан алыста орналасса да, бұл соғыстың құрбандары Қазақстанда да көп болды. Жалпы айтқанда XX ғасырдың бірінші жартысындағы Қазақстан халқының басына түскен нәубет (1916 жылғы көтеріліс, Азамат соғысы, 20-жылдардың басындағы және 30-жылдардың басындағы ашаршылық, ұжымдастыру, 30-жылдардың соңындағы репрессиялар, Ұлы Отан соғысы) Қазақстан халқының оның ішінде Сыр өңірі халқының да демографиялық үдерістеріне балта шапқан кезең болды. Осы мақала арқылы біз бұл нәубеттің Арал өңірін де айналып өтпегенін көрсеткіміз келді.

АННОТАЦИЯ

В статье рассматриваются вопросы естественного роста населения Кызылординской области в годы Великой Отечественной войны и влияние на нее исторических процессов того времени.

The article considered questions concerned with the natural growth of the population of Kyzylorda region during the Great Patriotic War and the influence of the historical processes of the time.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. http://studbooks.net/553269/istoriya/evakuatsiya_naseleniya_voennyy_poslevoennyy_periody
2. ҚОСДМ, 19-8-іс, 15-п.
3. **Садвокасова Е.А.** Социально-гигиенические аспекты регулирования семьи. М. Медицина, 1964 г.
4. **Лебина Н.Б.** Повседневная жизнь советского города: нормы и анамний. СПб., Летний сад, 1999 г.
5. Газеты пишут о рождаемости в годы войны// Демоскоп Weekly №685-686, 9-22 май, 2016 жыл.

МАНАШ ҚОЗЫБАЕВ

және Қазақстан тарихының кейбір аспектілері

Бекзат ОМАР,
Қорқыт Ата атындағы ҚызМУ-дың 2-курс магистранты

Тәуелсіздіктің алғашқы жылдары бүкіл посткеңестік республикалардың қоғамдық ғылымдарында, соның ішінде тарих ғылымында да отандық тарих ғылымдарын кеңестік идеологиялық қатпарлардан арылту үдерісі басталған еді. Ортақ құбылыс – тарихшы ғалымдар төл тарихтарына тән «ақтаңдақтарды» әшкерелеу мәселесінде публицистерден және журналистерден кемшін түсіп жатты. Бұл да заңды құбылыс. Алайда солардан қалыспаған санаулы кәсіби тарихшылар да болды. Соның бірі әрі көшбасшысы – **М.Қозыбаев**. Отандық тарихқа қатысты қордаланған проблемалар: Қазақстанның Ресей отарына айналу үдерісі қазақ халқының ұлттық мүддесі тұрғысынан қайта қаралды, еліміздегі ұлт-азаттық қозғалыстардың жаңа концепциясы жасалды, КСРО кезіндегі саяси қуғын-сүргін тарихы зерттелді, оның құрбандары ақталды, жекеленген тарихи тұлғаларымыздың өмірі мен қызметін зерттеу, тарихи әділеттілікті қалпына келтіру бағытында ғалым орасан зор істердің басы-қасында болды [1].

Тарих ғылымындағы толғақты мәселелердің бірі ғылыми жұмыстарды ұйымдастыру еді. Ғалым шырғалаңы мол осы жұмыстардың барлығына дерлік мұрындық болды. Осы жылдары С.Әбішқызы бастаған бір топ тіл мен тарих жанашырлары қазақ тілінде ғылыми тарихи журнал шығаруды қолға алды. Нәтижесінде 1993 жылдан бастап отандық тарихымызда тұңғыш рет «Қазақ тарихы» журналы жарыққа шықты. М.Қозыбаев алғашқы күннен бастап өмірінің соңына дейін осы журналдың жұмысына үлес қосып, редакциялық алқасының мүшесі болды. Ал 1998 жылы «Отан тарихы» журналының бас редакторы болса, 2001 жылы «Қазақстан-Заман» газетінің құрылтайшысы болды [2]. «Отан тарихы» журналы алғашқы санынан іргелі ғылыми мәселелерді көтере алды. М.Қозыбаев редакция алқа мүшелігіне тарихшыларды, археологтарды, саясаттанушыларды, әдебиетшілерді, И.Тасмағамбетов, М.Тәжин, В.Школьник, Ә.Кекілбаев сынды мемлекет қайраткерлерін тартты.

Сондай-ақ ғалымның 1992-2001 жылдары шыққан «Ақтаңдақтар ақиқаты», «История и современность», екі томдық «Тарих зердесі», «Жауды шаптым ту байлап», екі томдық «Қазақстан на рубеже веков: размышления и поиски» кітаптары, бүкілқазақтық тұңғыш құрылтайда оқылған «Ата тарихы туралы үзік сыр (қазақ халқының тағдыры туралы)» баяндамасы Қазақстан тарих ғылымындағы елеулі оқиға болды. М.Қозыбаев жаңа форматтағы бес томдық «Қазақстан тарихы» еңбегін дайындауға да атсалысты. 1992 жылы «Учебное пособие по истории Казахстана с древнейших времен до наших дней», 1993 жылы «История Казахстана (очерк)» жарияланды. 1996 жылы «Қазақстан тарихының» бастапқы үш томы шықты. М.Қозыбаев бастап берген 5 томдық «Қазақстан тарихының» 4-ші, 5-ші томдары ұзаққа созылған үзілістен кейін 2010 жылы жарияланды [3].

Ғалым көтерген мәселелердің барлығын шағын мақаланың көлеміне сыйғызу мүмкін емес. Методологиялық тұрғыдан аса маңызды болып көретіндіктен біз М.Қозыбаевтың ұлт-азаттық қозғалысқа қатысты ұстанымдары мен тұжырымдарына тоқталумен шектелгенді жөн көрдік. Атап айтқанда, ғалым Қазақстандағы ұлт-азаттық қозғалыстардың сатылары мен кезеңдерін VII кезеңге бөледі. 1-кезеңге қазақ халқының құрамына кіретін тайпалардың Сібір жұртын жаулап алуға қарсы азаттық қозғалысын, 2-кезеңде қазақ елінің Жетісу, Сыр бойы

жоңғарлар мен Қоқан-Хиуа хандықтарына тәуелді болып, жоңғарларға қарсы Отан соғысының болғандығын, бұл кезеңде қозғалыстың, ұлттық дәрежеге көтерілгендігі айтылса, ал 3-кезеңде қазақ халқының Ресейге бодан болуға қарсылығын білдіру барысын айқындайды; 4-кезеңге патша үкіметінің отарлық саясатына қарсы Сырым Датұлы, Исатай Тайманов пен Махамбет Өтемісұлы көтерілістерін, ал 5-кезеңге Кенесары Қасымұлы бастаған ұлт-азаттық көтерілісті жатқызады. 6-кезеңге 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліс кезеңін алады. Ал 7-кезеңге 1917 жылғы Ақпан және Қазан революциясын жатқызған [4, 22-28-бб.]. ХҮІ ғасырдың аяғынан 1916 жылға дейін 300-ге жуық көтерілістің болғандығын да бірінші рет жариялаған М.Қозыбаев еді.

Ғасырлар тоғысында Ш.Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтын басқара жүріп ұлттық тарихнамаға М.Қозыбаев орнықтырған екі тұжырымдаманы еске салғымыз келіп отыр. Бірі – «**Қазақстан Республикасында тарихи сананы қалыптастыру тұжырымдамасы**» (1995 жыл), екіншісі – бес томнан тұратын «Қазақстан тарихы» академиялық басылымның алғашқы үш томын жарыққа шығаруы. Тұжырымдамада тарих білімінің негізгі басымдықтары, тарих ғылымының өтпелі кезеңдегі басты мәселелері мен оларды шешудің мүмкін бағыттары, тарих білімі мен оқу-ағартуды реформалау жолдары дәйектелді [3].

Түйін: тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында жаңа Қазақстан тарихының қалыптасуында академик М.Қозыбаев орасан зор еңбек етті. Оның ғылыми ізденістерінің құрамдас бөлімдерін Қазақстан тарихының дерекнамасы, тарихнамасы, ақтаңдақтар мәселелері, азаттық қозғалысының теориялық проблемалары құрады. Тәуелсіздіктен кейінгі академик өмірінің соңғы 15 жылы ғылыми ізденістер мен ашуларға толы болды. Тәуелсіз жаңа ұлттық менталитетіміздің қалыптасуында, оның тарихи тамырларын тереңдетуде ғалым аянбай еңбек етті. Тәуелсіздік мұратын, оның тарихи-әдістемелік негіздерін нығайту жолындағы адал да жанкешті еңбегі мемлекет тарапынан зор бағаланды. Ғалым Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығының, ҚР Президентінің бейбітшілік және ұлтаралық келісім сыйлығының, «Парасат» орденінің иегері атанды. Жақсының есімін ұмытпау, болашақ ұрпақ есінде қалдыру халқымызда бар қасиет. Сондықтан оның есімі Солтүстік Қазақстан мемлекеттік университетіне, Қостанай қаласындағы орта мектепке, Алматыдағы көшеге берілді. Өзі тұрған үйдің қабырғасына ескерткіш тақта орнатылды.

РЕЗЮМЕ

В статье рассматриваются творчество выдающегося Казахстанского историка и общественного деятеля М.Козыбаева. Отмечается, что ученый внес большой вклад в развитии исторической науки в первые десятилетия периода независимости.

In the article considers creativity of outstanding Kazakh historian and public figure M.Kozybayev. It is noted that the scientist made a great contribution to the development of historical science in the early decades of the period of independence.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Сағадиев.К. Ұлт ұлағатының жаршысы. // Егемен Қаз/н. 01.11.2011.
2. Байдалы Р.Ж., Елкей Н.Н. Манап Қозыбаев – қоғам қайраткері. // <http://repo.kspi.kz>
3. Әбжанов Х.М. Ғалым жолы. // <http://edu.e-history.kz/en/publications/view/504>
4. Қозыбаев М.Қ. Жауды шаптым ту байлап. – А.: Қазақстан, 1994. - 192 б.

ЕУРООДАҚ ПЕН ОРТАЛЫҚ АЗИЯ МЕМЛЕКЕТТЕРІ арасындағы қарым-қатынас негіздері

Эльмира ЖИЕНБАЕВА (Жээнбаева),
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың тарих, археология
және этнология факультетінің 2-курс магистранты,
ғылыми жетекшісі: т.ғ.к., доцент Рыскелді МЫРЗАБЕКОВА

Әлемдік саясат пен жаһандық қатынастар үдерістері үнемі өзгерісте болып тұратын мәселе. Әрбір мемлекет осы жүйеден өз орнын алуға ұмтылыс жасайды. Адамзаттың жалпы дамуы барлық мемлекеттер еріксіз есептесетін ортақ заңдылықтарды және даму тенденцияларын тудырады. Әлемдік саясат – көпқабатты және көпжақты құбылыс. Себебі оның қызметі жаһандық өзгерістердің және жаңа құбылыстардың тууына байланысты. Әлемдік саясат мақсаты мемлекеттерді ғаламшарлық ортақ мәселелерді ұжымдық шешуге ұйымдастыру, олардың арасында бейбітшілік пен татулықты сақтау. Басым державалардың және трансұлттық компаниялардың ғаламдық мәселелерді шешуге бағытталған іс-әрекеттерін ортақ арнаға бұру. Әлемдік саясаттың түпкілікті, көкейтесті міндеті – адамзаттың өмір сүруіне жағдай жасау арқылы, оның тіршілігін қамтамасыз ету. Қазіргі кезеңде әлемдік басым державалардың саяси элиталары әлемдік саясат міндеттерін шешпейінше ешбір мемлекетте келешек болмайтындығын түсінуде.

Орталық Азия аймағындағы мемлекеттер тәуелсіздік алған соң тең құқылы тиімді байланыс орнату үшін, сыртқы саясатын жаһандық қатынастарға қарай бағыттады. Әрине, мұндай саясаттағы ерекше басымдылық Еуропалық Одақпен өзара ынтымақтасуды дамытуға бағытталары сөзсіз. Еуроодақ бұрынғы КСРО құрамынан бөлініп шыққан мемлекеттердің тәуелсіздігін мойындаған соң ТМД елдерімен алғашқы байланыстың іргесі қаланды (1991 жылы 31 желтоқсан). Сонымен Орталық Азия мемлекеттерінде экономикалық және саяси реформалар маңызды құбылыс болғандықтан, Еуроодақ та қаржылай және гуманитарлық көмек көрсетуден аянбады. Нәтижесінде 1992 жылдан бастап дипломатиялық қатынастарға да қол қойыла бастады.

Бұл кезеңдегі саяси-экономикалық және дипломатиялық қатынастардың арасында «серіктестік» түсінігі кең тарай бастады. Мұндай серіктестіктің басты мақсаты, жаңа тәуелсіз мемлекеттердің қауымдастығы үшін еуропалық экономикаға қарай қолайлы жағдай жасау болатын. Экономикалық, саяси-әскери байланыстармен қатар, серіктестік адам құқығы мәселесіне де үлкен мән берді, яғни тең құқылы қағида. Осы орайда халықаралық қатынастарда ұлт дәрежесінен жоғары модельде (supranational) қалыптасқан Еуроодақ өзінің «батыстық демократия және либералдық экономикалық саясатын» аймақта тарату мақсатында аталмыш жаңа кеңістікке, оның ішінде ТМД, әсіресе, Орта Азия аймағындағы мемлекеттерге қолдау көрсету арқылы белсенділік таныта бастады.

Сөйтіп, бастапқы кезде Қазақстан [1] және Қырғызстан [2] мемлекеттерімен байланыс нәтижелі болды. Бұл аймақтарға қатысты экономикалық және саяси байланыс Еуропалық Одақ Комиссиясының арнайы құжаттарында қаралды. Алайда Еуроодақтың Өзбекстан, Түркіменстан және

Тәжікстанмен «Серіктестік және Ынтымақтастық туралы Келісімі» еш нәтиже берген жоқ. Мәселен Өзбекстан [3] мен Еуропалық Қауымдастықтың мүше-мемлекеттері арасындағы өзара байланыс тек 1996 ж. 21 маусымда ғана орнаған болатын. Ал Түркіменстан және Тәжікстан мен Еуроодақ келісімі 1997 жылдың қаңтарында басталды.

Келісімдер Еуропалық Одаққа мүше елдердің барлығының парламенттерінде талқыланып, сосын Еуропарламентте мақұлданды. Сондықтан Орталық Азия аймағындағы мемлекеттер де мұндай саясаттан қалыс қалған жоқ. Еуропалық Одақ аймақтағы адам құқығы, демократиялық қағидалар және «байыпты элементтерді» сақтауды басты назарға алды. Бірнеше жылдар бойы Еуропалық Одақтың сарапшылары – Қазақстан, Қырғызстан, Өзбекстан, Түркіменстан және Тәжікстан республикаларындағы саяси-экономикалық жағдайды бақылап, нәтижесінде жаңа құжаттарға қол қою Стратегиясын жасады. Еуропалық Комиссияның қабылдаған құжаты «Орталық Азия мемлекеттеріне қатысты Еуропалық Қауымдастықтың Стратегиясы» деп аталды [4, 2-6].

Еуропалық Одақтың халықаралық шеңбердегі қауіпсіздік және қорғаныс жүйесінің Стратегиялық бағытының ғасырлық тарихы бар. Сондықтан мұндай мәселелермен (терроризм, экстремизм, сепаратизм және есірткі бизнесі) күрес жүргізуде Еуроодақ елдерінің тәжірибесі мол. Мәселен 2001 жылдың сәуірінде Еуроодақтың министрлер Кеңесінің мәжілісінде Орталық Азия аймағында есірткімен күрес қызметінің жоспары қабылданған болатын [5, 174].

Орталық Азияда белсенді күш болудың әлдеқайда қиын екенін түсінген Еуроодақ, алдағы уақытта жиырма жылдық тәжірибесі мен басынан өткеріп жатқан дағдарыстарға қарамастан, жоғарыда сарапталған мүдделер жолында жұмыс жасауды жалғастыра береді.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Соглашение о партнерстве и сотрудничестве между Республикой Казахстан, Европейскими Сообществами и их государствами-членами. – Европейский Союз. Правительство Европейской Комиссии в Казахстане, 1999.
2. Соглашение о партнерстве и сотрудничестве между Кыргызской Республикой, Европейскими Сообществами и их государствами-членами. – Европейский Союз. Правительство Европейской Комиссии в Казахстане, 1999.
3. Соглашение о партнерстве и сотрудничестве между Республикой Узбекистан, Европейскими Сообществами и их государствами-членами. – Европейский Союз. Правительство Европейской Комиссии в Казахстане, 1999.
4. Commission Communication. The EU's Relations with the Newly Independent States of Central Asia. – Bruxelles, 1995.
5. General Report on the activities of the European Union 2001. – Brusseis, Luxembourg, 2002. – P. 320.
6. Лаумулин М.Т. Центральная Азия в зарубежной политологии и мировой геополитике. – Т.1. – Алматы, 2005.

ПРЕДПОСЫЛКИ ВОЗНИКНОВЕНИЯ ВОЙЛОКА и изделий из него в быту казахов

Айнұр НИЯЗОВА,
Магистрант университета «Алматы»

Северная Евразия. Земля где обитали племена кочевников и воинов. Жизнь их была в движении, дома из войлока. Войлок оберегал от холода, служил и постилочным ковром, и теплой одеждой.

Войлок вошел в мировую культуру как изобретение кочевых народов степей Евразии, скотоводов Тибета, Алтая, Памира и Азии. Несколько веков назад древние народности использовали войлок, потому войлок обладает свойствами тепло и звукоизоляции. Войлок мягкий, легкий, дышащий, удерживающий тепло и также отражающий жару практичный материал. Слово «войлок» тюркского происхождения и обозначает материал из валяной шерсти.

Войлок появился задолго до того, как появились вязание и ткачество. Спустя века древние люди научились вязать и ткать, так как валяя шерсть животных, они изготавливали первую одежду. Шерсть для рукоделия стал намного доступным, когда люди одомашнили животных. Так как у дикой овцы нет чешуек позволявших волокнам сцепляться друг с другом, ее шерсть не валялась и было необходимо вывести домашние породы овец. Помимо для одежды войлок использовали для юрт, напольных покрытий. Требовались большие отары, так как к примеру для изготовления покрытия юрт требовалось большое количество шерсти. При создании крупных полотен для юрт требовалось большое физическое усилие, поэтому могли участвовать и мужчины.

Легендарные скифы – племя которое занималось скотоводчеством. Свидетельством о существовании у скифов войлочных изделий являются уникальные памятники Пазырыкских курганов. Известный советский археолог С.И.Руденко изучавший эти памятники, писал о том что, народы населявшие Горный Алтай в скифское время имели жилища похожее с казахскими и были коневодами. Эсхил в своем «Прикованном Прометее» писал о скифах, живущих на высоких повозках с колесами под плетеными кибитками. Эти же кибитки описывал Страбон, о том что прикрепленные повозки сделаны из войлока. Гиппократ писал о четырехколесных, шестиколесных повозках кругом закрытых войлоками. Эти повозки были подобны домам, непроницаемы ни для воды, ни для света и ветров.

«На рельефах дворца в Персеполе и на гробнице в Пасарадах в длинных кафтанах и остроконечных шапках изображены саки. «Костюмы казахстанских племен раннего средневековья, описанные в китайских источниках, по своей форме сходны с сакскими, например, военный плащ. У казахов подобный плащ называется кебенек» [1, с.32]. «Из открытых в Пазырыкских курганах памятников для нашей работы наибольший интерес представляют войлочные изделия: ковры и небольшие коврики, настенные украшения, попоны для верблюдов и т.д. В изготовлении ковров и других изделий, служивших украшением летнего жилища (шатра), широко применена аппликация – прием наложения на войлок или ткань орнаментальных фигур из разноцветных кусков материи, кожи или ярко окрашенного в разные тона войлока. Исследователи подчеркивают, что аппликация – древнейшая и основная техника в искусстве степных племен, существовавшая с давних времен и

сохранившаяся до наших дней. В пятом Пазырыкском кургане найдены больших размеров (4, 5х6, 5) войлочные полотнища с аппликацией, напоминающие узоры – войлочные покрытия юрты казахов. На одном войлочном полотнище изображены персонажи древнешаманской легенды – фантастические птицы (у М.П.Грязнова – феникс) и всадники на крылатых конях.... На другом войлочном полотнище из Пазырыкских курганов изображен верховный шаман (у М.П.Грязнова – богиня), который держит в руках цветущую ветвь – священное дерево жизни. В казахском прикладном искусстве мотив мирового древа ассоциировался с моделью мироздания и воспринимался как оберег, предохраняющий жилище от злых духов. В Пазырыке сохранились остатки одежды: меховых кафтанов (верх одного из них выделан в виде мозаичного узора), войлочных плащей, сшитых в два слоя, замшевых халатов. Один из плащей был длинный и просторный, другой – короткий, из тонкого войлока – фетра. Отдельные виды казахской верхней одежды, например, меховые шубы, плащи из войлока по типу сходны с одеждой из Пазырыкских курганов. Сходство прослеживается также в войлочных чулках с узором по верху (у казахов такие чулки называются байпак), островерхой шапкой из плотного войлока, бытующей у казахов до наших дней» [1, с.32, 34].

Жизненный уклад казахского народа в прошлых веках определялся преимущественным расширением в хозяйстве скотоводства. Казахи были кочевым народом, поэтому их жилища были приспособлены к их образу жизни. Эти жилища назывались юрта и при их устройстве войлок был главным материалом. Казахи ценили изоляционные свойства войлока, который предохранял от холода и жары и был достаточно легким. Войлоком покрывали и утепляли юрту, также множество войлочных предметов использовали для внутреннего убранства юрты. Эти войлочные предметы могут быть образцами декоративно-прикладного искусства казахов.

Общезвестны четыре способа обработки и художественной выделки кошмы: первый способ – называется **талдырма**, который заключается в себе соединение сырого войлока разных цветов путем валяния и побрызгиванием горячей воды, второй способ – **жапсырма** (аппликация), наклеивание на кошму орнамента из другой кошмы, точнее другого цвета, где получается орнаментальный рисунок и обшивается цветными нитками, третий способ – где орнамент накладывают из материи, четвертый способ – **сырмак ою**, орнамент накладывают на кошму и вышивают в строчку цветными нитками. Казахские войлочные ковры так многообразны, что можно разделить на несколько групп. Каждой группе характерны свои особенности техники изготовления и цветовые, орнаментальные решения.

Текемет – постилочная кошма, одно из убранств юрты. Для изготовления текеметов использовали полуготовый войлок и цветную шерсть. Из цветной шерсти вырезали узоры и вваливали на полуготовый войлок. Узоры были крупные в виде спиралевидных и S-образных завитков.

«Центральное поле текеметов обычно строится из квадратных или ромбических розеток, заполненных

узорами: бараньи рога – кошкар мүйіз, бутон – терме гүль, треугольными фигурами – тумарша и отделяется от бордюров линиями – аралык-гүль» [1, с.145].

«Текемет принято расстилать под колыбелью при первом укладывании туда новорожденного, что призвано охранять здоровье и стимулировать достаток и благополучие в жизни ребенка в будущем. При первом входе невесты в дом мужа под ее ноги постлали овечью шкуру (для большого потомства и мягкости в будущем родовых схваток, а также добрых отношений с новыми родственниками) и сажали на белый войлок, чтобы была светлой и благополучной жизнь молодоженов, а также были здоровыми детородные функции невестки. В традиции казахов был обычай усаживать мужа или сына перед дальней дорогой на белый войлок, что, по принципу подобия, должно обеспечить светлую, т. е. удачную дорогу и благополучное возвращение. Войлочным ковром выражали даже информацию щекотливого характера. Так, например, если случались неожиданные гости издалека, то засидевшаяся в «девках» дочь садилась на белый войлочный ковер, тем самым инносказательно оповещая визитеров, что она не засватана и свободна. Благодаря умелой ритмической организации плоскости полотна при помощи цвета и орнамента, простые войлочные изделия в руках народных мастериц превращаются в подлинные произведения искусства» [3].

Текеметы выделяются и отличаются своеобразными характеристиками орнаментальных мотивов. Например, текеметам изготовленным в Западном Казахстане свойственны холодный колорит и преобладание космогонических узоров. Придают композиции текемета выраженный динамичный характер солярные знаки, в виде круглых розеток, спирали которые вписаны друг в друга. И заключают в себе силу центра, которая приводит впечатление экспрессии, нарастающего ритма круговых движений к центру текемета. Несколько приглушенный в тоне орнамент своеобразно проступает сквозь структуру шерсти. Также в Западном Казахстане распространены ак текемет, это ковры с белым фоном и геометризированными орнаментами.

В текеметах Южного Казахстана преобладают яркие оттенки красного, желтого, зеленого, синего и коричневого цветов. Построение композиции этих текеметов образованы из мотивов сыңар мүйіз и қос мүйіз (один рог и пара рогов), которые komponуются в крестовины и заключаются в ромбы в центре текемета. А бордюр моделируют тоже этот мотив, но в виде волны. Казахи верят в оберег и поэтому часто обрамляют центральное поле пестрой линией.

Текеметам района Жетысу, Сырдарья, западные и северные склоны Тянь-Шаня свойственны полихромные текеметы, где в основном преобладают мягкие переходы цветов. Это достигалось за счет хорошо смешанных красителей и конечно же за счет умелых мастериц, которые создавали легкие пастельные тона, понимая саму структуру материала они гармонично сочетали их в изделии. Живость изделия придает легкая неточность контура узора, так как узоры раскладывают на глаз, вручную. Также в узорах мы видим разную степень насыщенности цвета из-за неодинаковой толщины, где то сквозь орнамент может просвечиваться цвет фона. Плавно и органично переходящий в фон контур узора, приобретают какую то размытость и легкость. Изысканность цветового колорита обуславливают моменты, где мы видим плавность очертаний орнамента. В Сарыарке в текеметах предпочитают использовать шерсти натурального цвета. Можно увидеть большие

текеметы из двух или трех цветов, а крупные узоры на них зрительно уменьшают их.

Сырмак – войлочный ковер, изготавливаемый из тонкого войлока. Сырмаки украшали стенку юрты, они являлись одним из важных убранств юрты и даже входили в приданое невесты. Изготовление сырмака напоминает технику мозаики. Берут готовый войлок разных цветов, в основном это были черный и белый, так как их изготавливали из натуральной овечьей шерсти. Два готовых войлока накладывают один на другой, вырезают нужный узор и получаются 2 готовые зеркальные заготовки. Куски узора меняют местами и накладывают на грубый готовый войлок. Соединенные линии узора пришивают шнуром, цветовое решение этого шнура тоже была значительна. У сырмака есть центральное поле и узорная рамка. Были также шашақты сырмак, кайма которых была из козьего волоса разных оттенков. В технике изготовления сырмаков можно увидеть глубокие традиции, которые передавались народными мастерицами из поколения в поколение.

«В сырмаках четко видна зависимость их орнаментации от техники исполнения. В них обычно не бывает деления на фон и узор. Вырезанные одновременно из двух кусков войлока разного цвета орнаментальные мотивы в сырмаках образуют композицию, в которой каждый из них занимает равную по отношению к узору другого цвета площадь и является часто его зеркальным отражением, – пишет академик А.Х.Маргулан. – Это равенство узора и фона определяет художественные особенности изделия; при таком построении создается впечатление как бы позитивного и негативного изображения. Орнамент почти всегда построен симметрично по горизонтали.» [2, с.6].

Тускииз – войлочный настенный ковер. Они представляют собой прямоугольные войлоки, орнамент которых составляла аппликация различных узоров из сукна или бархата. Тускиизы украшали стены юрты, это было и утеплением и украшением юрты.

«Тускиизы создавались способом мозаики, аппликации и вышивки. Тускиизы, изготовленные первыми двумя способами, имеют П-образный бордюр, обрамляющий внутренний прямоугольник. В их орнаментации применяли в равной степени как зооморфные, так и растительные узоры. Вышитые тускиизы отличались по своему композиционному решению и применяемым узорам: центральное поле всегда имело замкнутую узорную рамку, господствующими являлись растительные мотивы. Но главное отличие вышитых тускиизов состояло в том, что вышивка производилась на каком-либо материале (сукне, бархате, хлопчатобумажной ткани), а затем пришивалась к войлочной основе» [3].

Анализируя множества видов войлочных изделий казахов, можно сделать вывод, что техника изготовления, цветовые и орнаментальные решения совершенствовались от поколения к поколению, в итоге сложилось казахское национальное искусство. Использовали войлок многообразно: изготавливали одежду, применяли для наружной отделки юрты и ее убранства.

СПИСОК ИСПОЛЬЗОВАННЫХ ИСТОЧНИКОВ

1. А.Х.Маргулан. «Казахское народное прикладное искусство» Том 1. Алма-Ата, Онер, 1986.
2. А.Х.Маргулан. «Казахское народное прикладное искусство» Том 2. Алма-Ата, Онер, 1987.
3. <http://kazakh.orgfree.com/index.php?dn=article&to=art&id=42&p=5>. Казахские ковры из войлока.

КАЗАХСКАЯ ИНТЕЛЛИГЕНЦИЯ В НАЧАЛЕ XX ВЕКА

и её влияние на просвещение и политическую жизнь края

Наталья КЕС-ОГЛЫ,
магистрант 1-курса КазГосЖенПУ

Начало XX века в Казахстане ознаменовалось подъемом национального самосознания народа. Национальное движение в казахском обществе было неоднородным, существовали его различные течения, ядром которых стала национальная интеллигенция. Интеллигенция в виде наиболее образованной и просвещенной части общества хорошо понимала и осознавала потребности простого народа, внешние и внутренние политические процессы и не могла стоять в стороне. Представители казахской интеллигенции того времени стремились пробудить самосознание народа и таким образом освободить его от эксплуатации. Они дали толчок к развитию казахского общества и их вклад в формирование государственности является неоспоримой заслугой.

Изменения, которые происходили в социально-экономическом и политическом развитии Казахстана во второй половине XIX - начале XX веков, оказали глубокое воздействие и на духовную жизнь казахского народа. Политическая, экономическая экспансия сопровождалась принудительным навязыванием культуры порабощателя. К началу XX века в Казахстане шел процесс формирования национальной казахской интеллигенции, часть которой получила европейское образование. Она испытала на себе влияние не только национального движения Востока, но и буржуазных революций Запада, нарастающее давление оппозиционно-настроенных царскому режиму своих соотечественников. Возникновению и развитию периодической печати способствовало и развитие капитализма, товарно-денежных отношений, транспорта и связи, дальнейшая колонизация края. На культурную жизнь Казахстана оказал большое влияние Казанский Университет, являвшийся очагом демократической культуры, центром развития просвещения [1].

Коренные изменения в социально-экономической и политической жизни Казахстана рассматриваемого периода привели к существенным преобразованиям в формировании казахского общества. Такие значительные перемены обусловили пробуждение национального самосознания, определили формирование новых идей, мыслей, взглядов в казахском обществе. Интеллигенция, обладая обостренными социальными, интеллектуальными и нравственными чувствами поднимала вопросы о положении личности в обществе. Главная заслуга казахской интеллигенции заключалась в том, что она вовремя разглядела начало этапа всероссийского развития, начались поиски средств, которые могли привести в движение казахское общество. Но также стремилась выволить народ из патриархально-родовой отсталости, освободить от царского гнета, указать ему пути знания и прогресса, приобретения государственной независимости. Первая казахская интеллигенция начала XX века считала главным в своей политической деятельности, защиту как национальных, так и общественных ценностей. Она стремилась помочь своему народу в борьбе за независимость и освобождение от колониального раб-

ства, боролась за такие общественные ценности, как право каждого человека и каждого народа за свою личную свободу и свободный доступ к достижениям и завоеваниям своей человеческой культуры. Формирование национального самосознания казахов определялось факторами внутриэтнического характера и условиями развития казахского общества. Особенно активно этот процесс происходил после втягивания региона в общероссийскую экономику. Значительное место в деятельности казахской интеллигенции начала XX века занимали правовые проблемы, поскольку действовавшее царское законодательство грубо нарушало, ущемляло права кочевого народа, что вызвало его естественный протест. Обладая полной информацией о бедственном положении своего народа на его исконных землях, они пытались донести до царского правительства информацию о социальных потребностях казахского народа, защитить его правовые интересы. Многие из них имели специальную юридическую подготовку, что позволяло им расширить правовые знания широких масс, обогатить и углубить их правовые знания [2]. Путь становления национальной интеллигенции не был однозначным, являл собой сложный и длительный процесс. Ход его тормозился условиями колониального режима, дискриминационной политикой царизма в отношении покоренных народов. Это обстоятельство негативно отражалось на количественном росте интеллигенции. Как свидетельствует исторический опыт, в периоды резких социальных перемен интеллигенция всегда отличалась значительной активностью, инициативой. Центральное место правовой деятельности лидеров казахской интеллигенции М.Тынышпаева, А.Байтурсынова, М.Дулатова занимал вопрос о земле. В своих научных и публицистических статьях, различных обращениях к царским властям они подвергали справедливой критике законодательные нормы царского правительства, не отвечающие жизненным условиям казахского народа. **С упрочением власти большевиков постепенно началось давление на представителей казахской интеллигенции, особенно тех, кто начал свою общественную и политическую деятельность. Новой власти стали неинтересны ни их взгляды на развитие культуры, ни их знания и навыки, в частности в области культуры. Резкой критике были подвергнуты как практическая деятельность казахской интеллигенции дореволюционной формации, так и их теоретические взгляды [3].**

В этот период, демократические традиции культуры в Казахстане получили дальнейшее развитие. Расширилась сеть начальных школ, мектебов, русско-казахских училищ. Часть казахской молодежи обучались в средних специальных учебных заведениях Ташкента, Оренбурга, Омска – были студентами Петербургского и Томского университетов. Многие, получившие образование, выезжали в аулы учительствовать, работали в медицинских, административных учреждениях. На

казахском языке выходило несколько газет, среди которых наиболее популярной была газета «Казах» (редактор – А. Байтурсынов, ответственный секретарь – М. Дулатов). На развитие национальной культуры большое влияние оказал журнал «Айқап», издававшийся в 1911 – 1915 гг. Журнал способствовал развитию литературы, языка, консолидации национального сознания. Казахские интеллигенты активно участвовали в работе мусульманских съездов. Ш.Кошекулов и С.Жантурин вместе с такими выдающимися лидерами мусульманского движения как И.Гаспралы, Ю.Акчурина, А.Ибрагимов и др. были избраны в состав ЦК мусульманской партии «Иттифак эль муслимин» [4]. Летом 1906 года в первую Государственную думу от Казахстана были избраны 9 депутатов, из них 4 казаха, а в начале 1907 года во вторую государственную думу – 15 депутатов, в том числе 7 казахов. Казахские депутаты думы ставили очень актуальные вопросы и добивались их решения. Так, по инициативе А.Беримжанова, С.Жантурина, 6 июля 1906 года за подписью 53 депутатов был подан запрос Председателю Совета министров по поводу незаконности изъятия земли у казахов. Все время усиливающий колониальный гнет в Казахстане угрожал будущности казахского народа. Поэтому казахские интеллигенты, несмотря на все трудности и преграды, настойчиво продолжали борьбу против российского колониализма за свободу и независимость. Придавая исключительное значение изданию газеты «Қазақ», А.Бокейханов, 2 февраля 1913 года, день выхода ее первого номера, назвал историческим днем для казахов. В пробуждении казахского народа, в поднятии его национального сознания исключительную роль сыграл сборник стихов «Оян, қазақ», М.Дулатова опубликованный в 1911 г. [5]. Еще одним ярким представителем казахской интеллигенции новой формации стал Т.Рыскулов, который в своих работах и выступлениях на съездах, конференциях и пленумах поднимал вопросы просвещения казахского народа. Придя во властные структуры после Октября 1917 г., Т.Рыскулов был преданным ленинцем и к оценке развития образования в дооктябрьский период относился критически: «*При царском режиме казахский народ не имел возможности свободно развивать свою культуру и строить школы*». Подлинное развитие образование получило после революции и, как считал Т.Рыскулов, именно этот фронт работы был одним из самых важных и актуальных. Рассмотрение проблемы развития образования, просвещения в Казахской степи невозможно без обращения к такой проблеме, как складывание и оформление казахского алфавита и письменности. Казахская интеллигенция не ограничивалась культурными требованиями в ходе революционных потрясений в стране и заложила основы национального единства. Несомненно, это был путь трудной борьбы, сложных конфликтов и поисков и на этом пути наряду с достижениями, конечно, были и ошибки и заблуждения. Однако порождены они были не злоумышлением по отношению к своему народу, как это трактовалось впоследствии сталинской идеологией, а естественными трудностями борьбы за облегчение жизни своего народа. Но, несмотря на это, внутри самой интеллигенции в начале XX в. имелись расхождения – часть ее стояла за сохранение самобытности казахов на пути укрепления мусульманской культуры, другая через рус-

скую культуру стремилась подражать западному обществу. Многие из них пришли к этнополитическим приоритетам через участие в мусульманских (В. Танашев, М.Чокаев), эсеровских (М.Тынышпаев), кадетских (А.Букейханов, Х.Досмухамедов, Ж.Сейдалин) организациях. Для этой группы деятелей наиболее характерной чертой было стремление сохранить национальную самобытность в условиях необходимой модернизации, соединить традиционные духовные ценности с началами европейской демократии, достижениями общечеловеческой цивилизации.

Таким образом, общественное сознание Казахстана рассматриваемого периода (начало XX века), было неоднозначным, представляло собой сложное явление, находившееся на перепутье истории, впрочем, как и общество в целом. Непримируемая борьба шла между идеологией колониализма и идеологией свободы и независимости, и представители казахской интеллигенции помогли обществу выбрать правильный путь. Идеи, активно распространяемые казахской интеллигенцией, способствовали пробуждению казахского общества, оказывали влияние на правосознание, нравственность казахского народа. Представители казахской интеллигенции того времени находились в сложной, противоречивой ситуации. Однако они делали свой выбор, основываясь лишь на потребностях общества, и любви к народу. Многие из них знали, что могут полатиться за свою борьбу, но, несмотря на это, не останавливались. И кто знает, какой была бы история казахского народа без их усилий – самоотверженных и человеколюбивых.

АНДАТПА

Бұл мақалада қазақ зиялыларының ұлттық рухани баюына тікелей араласып, егеменді ел болу жолында, қоғам дамуының ең күрделі кезеңін бастан кешкен азаттық жолындағы қазақ зиялылары мен қазақ елінің егемендік аңсаған жалынды бастамалары баяндалады. Сонымен қатар адамзаттың рухани және тұлғалық дамуы мен ерекшеліктері де көрсетілген.

The article deals with the formation of national intelligentsia, which had an impact on the spiritual life of the Kazakh people. It sought to help his people in their struggle for independence and liberation from colonial slavery, fought for social values, their personal freedom and access to achievements and gains of their human culture.

ЛИТЕРАТУРЫ

1. Асылбеков М.Х., Алдажуманов К.С., Байпаков К.М., Исмагулов О.И., Козыбаев М.К. «Казахстан в новое время». С.14.
2. Бекмаханова Н.Е. Россия и Казахстан в освободительном движении: Последняя половина XIX - первая четверть XX в. С.26.
3. Значение деятельности казахских просветителей в формировании идей независимости казахской государственности // Вестник университета Ясави.
4. Чатыбекова К.К. «Казахстан в начале XX века» Алматы 2001г. С.32.
5. Сатпаева Ш.К. «Литература XIX века». С.18.

БІЛІМ МАЗМҰНЫН ЖАҢАРТУ

және тарихты оқытудың ерекшеліктері

Бақтыбек ҚАҒАЗОВ,
Білім беру жүйесінің басшы және ғылыми-педагогикалық қызметкерлерінің біліктілігін арттыратын республикалық институтының бапкері

Бүгінде білім беру ісінде үлкен өзгерістер орын алуда. Себебі әлемдік өзара кірігулер оқушыларымыздан сыртқы ақпараттар ағынына төтеп бере алатындай тың рухани иммунитет қалыптастыруды талап етуде. Осы негізде білім беру мазмұнын жаңарту бойынша қыруар жұмыстар атқарылып, жаңаша мазмұнда оқу-тәрбие беру мәселелері алға шығып отыр. Бұл өзгерістер мұғалімдер мен мектеп басшыларының біліктілігін арттыру ісі арқылы жүзеге асырылатыны белгілі. Сондықтан Назарбаев зияткерлік мектептері жанындағы Педагогикалық шеберліктері орталықтары мен «Өрлеу» БАҰО филиалдарының бапкерлері ел мұғалімдерінің біліктілігін жаңаша мазмұнда арттыруда.

Тарих пәні – ұрпақ бойына рух қалыптастырушы күштің бірі. Отаншылдық, туған жерін сүю және құрметтеу, отбасылық құндылықтарды қастерлеу, үлкенді сыйлау, кішіпейілділік, бауырмалдық, ашықтық, қонақжайлылық қасиеттерді бойына сіңіруде, осы негізде жас ұрпақтың бойына тарихи сана қалыптастыруда тарих пәнінің рөлі айрықша.

Осы негізде Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаевтың бастамасымен «Мәңгілік ел» жалпыұлттық идеясын жүзеге асыру қолға алынғаны мәлім. Құжаттың маңызды құрамдас бөліктері болып табылатын азаматтық және жалпыұлттық идея оқушыларымыз бен жастарымыздың бойында патриоттық сезімі, ұлттық санасы, ұлттық рухы, азаматтылығы мен әлеуметтік белсенділігі жоғары саналы әрі бәсекеге қабілетті тұлғаға тән қасиет пен құндылықтарды жетілдіруге бағытталған.

Қоғамдық келісімнің негізін қалайтын басты құндылықтар мыналар:

1. Қазақстанның Тәуелсіздігі және Астана.
2. Қоғамымыздағы ұлттық бірлік, бейбітшілік пен келісім.
3. Зайырлы қоғам және жоғары руханият.
4. Индустрияландыру мен инновацияларға негізделген экономикалық өсу.
5. Жалпыға бірдей еңбек қоғамы.
6. Тарихтың, мәдениет пен тілдің біртұтастығы.
7. Ұлттық қауіпсіздік пен еліміздің бүкіләлемдік, өңірлік мәселелерді шешуге жаһандық тұрғыдан қатысуы.

Жалпыұлттық идеяны жүзеге асыру мектептегі оқу-тәрбие жұмысының барлық түрлері арқылы кешенді түрде жүргізілуі тиіс. Мемлекеттің қауіпсіздігі азаматтардың мемлекет алдындағы жауапкершілігін жоғарғы деңгейде түсіне білуі мен рух тәрбиесінің күштілігіне тікелей бағынышты. Сондықтан, оқу-тәрбие үдерісінде рухани иммунитетті

қалыптастыру бағытындағы шараларды дамыту басты міндет.

Енді білім беру мазмұнын жаңарту аясындағы тарих пәнін оқытудың ерекшеліктері ретінде төмендегі мәселелерді бөліп қарастыруға болады.

Біріншіден, тақырыптар сұрақ сияқты ұсынылса, оқушылардың ой қозғауына түрткі болатынын айрықша атап өтпекпіз. Бұрынғы оқулықтарда тақырыптар жаттанды немесе ғылыми түрде беріліп, балалардың қызығушылығын төмендетіп келді. Дәлелді болу үшін бірнеше жаңаша ұсынылған тақырыптарды мысалға келтірейік. Мәселен, 5-сыныптағы алғашқы тақырыптардың бірі «Алғашқы адамдар қалай өмір сүрді», «Тасқа салынған суреттер ежелгі адамдардың дүниетанымын қалай бейнелейді», «Көшпелілер баспанасының ерекшелігі неде» немесе «Көшпелілердің қандай салт-дәстүрлері бүгінгі күнге дейін сақталған», т.б. Қарап отырсақ, жоғары дәрежелі сұрақ ретінде берілген тақырыптардың өзі оқушыларды ойлауға жетелеп тұрған жоқ па. Бұл да білім беру мазмұнын жаңарту аясында тарих пәнін оқытудың бір ерекшелігі деп айтуға болады.

Екіншіден, тарих пәнін оқыту мақсаты мен міндеттеріне байланысты. Осы тұста Кеңес Одағы тарихы оқытудағы мақсат кеңестік идеологияны сіңіру болып, «соғыстар тарихы» ретінде оқытылғаны мәлім. Негізінен тап күресі мен шетелдік мемлекеттердегі «жайлаған жұмыссыздық» туралы, өзіміздегі «жарқын болашақтың» жақындығына сендіруге ұмтылатын. Басымдық даталар мен хронологияға берілетін. Тақырыптар мен мәселелерді талдау жағы кемшін болатын. Оқушы тек сипаттап немесе баяндап берсе болғаны соның өзіне жоғары баға қойылып жататын.

Ендігі көзқарас өзгеше болмақ. Себебі, бүгінгі мен өткенді байланыстыратын тарихи сана оқушыларымызға жағдаяттар мен оқиғалар туралы толық түсінік қалыптастыруға мүмкіндік береді. Тарихи сана дегеніміз өткен тарихыңды білу, оған рефлексия жасау, талдау, сабақ алу, мәнін ұғыну, болашаққа әлеуметтік болжау жасау, өз әрекетің үшін жауапкершілікті түсіну. Осыны қазақтың біртуар тұлғасы, қоғам қайраткері Дінмұхамед Қонаевтың «Кешегі күн – бүгінгі күннің ұстазы» деген нақыл сөзімен бекітуге болады. Иә, өткен тарихтан бүгінгі ұрпақ сабақ алуы міндетті.

Бұған қоса, Қазақстан тарихы әлем өркениетіне қосқан еліміздің үлесі, ондағы орны мен рөлін айқындауға, Ұлы Дала кеңістігінде қалыптасқан рухани және ұлттық құндылықтарымызды түсінуімізге, дө-

ріптеуге жетелейді.

Қазақстан тарихы пәнінің мақсаты – жас ұрпақ бойына елдік сана мен тарихи сана, елжандылық, қазақстандық патриотизм, еліміздің тарихы мен мәдениетіне, ата-баба табыстарына құрметпен қарап, мақтаныш сезімдерін қалыптастыру, оқушы бойына құндылықтарды сіңіру мен коммуникативті және зерттеушілік, сыни ойлау дағдыларын дамыту.

Үшіншіден, тарих пәнін оқытудағы педагогикалық тәсілдердің өзі стратегиялар түрінде емес, тиісінше жүйеленген негізде берілген. Мәселен, белгілі бір құндылықтар негізінен нәтиже алу бойынша «Құндылықтарға бағытталған тәсілдер» қарастырылған. Онда баланың жеке тұлғалық қасиеттерін мақсатты түрде қалыптастыру көзделген. Бұл жерде басты ұстаным қазақстандық патриотизмді, ата-бабалар мәдениеті мен дәстүріне, әдет-ғұрпына құрмет көрсету басты міндет. Нәтижесінде оқушылар адамзаттың тарихи даму үдерісіндегі еліміздің бірегей үлесін түсінетін болады.

Келесі «Тұлғаға бағытталған тәсілдерде» мұғалім оқушының жеке тұлғасына құрметпен қарап, оған демократиялық қарым-қатынас жасауына, субъект-субъект қатынасына баса көңіл бөлуіне, этикалық тұрғыдан келуіне назар аударылған. Бұған қоса, оқушының таланттары мен дарындылығын ашу мен қалыптастыруына жағдай тудырып, жеке қабілеттері мен қызығушылықтарын ескеруді де мақсат тұтады. Тарихи оқиғаларды талқылау барысында өзіндік сыни ойлау дағдыларын дамыту мен пікір білдіруіне, тарихи оқиғаларға баға беруге, қорытынды шығаруға жетелейді.

Кезекті «Іс-әрекетке бағытталған тәсілдерде» оқушы тарихи фактілер мен деректерге талдау, тұжырымдау, бағалау жасауға дағдыланады. Ресурстарды өз бетімен іздестіру, оны іріктеу, оған өңдеу жасау, интерпретациялау, мәселелерді бірге талқылау, рөлдік ойындар арқылы оқу мен оқытуға белсенді қатыса алады. Оқу бағдарламасындағы жаңа мәліметтерді алу, қолдану мен түрлендіру мүмкіндіктеріне баса назар аударылады, балалардың функционалды сауаттылығын арттыруға мүмкіндік береді.

«Саралап оқыту тәсілдері» барысында балалардың жеке қабілеттерін ескере отырып түрлі тапсырмалар ұйымдастыру мен жағдайлар тудыру қажет. Қиындығы мен күрделілігі, танымдық қызығушылықтарына сай сабақ өту де оңай шаруа емес. Осы тұста Чиксентмихай диаграммасында көрсетілгендей бала дарынды болса, оңай тапсырманы орындап тастап зерігуі мүмкін. Тиісінше, деңгейі орташа балаға күрделі тапсырма жүктелсе, ол алаңдаушылыққа беріліп қиындыққа тап келуі ықтимал. Осындай мәселелер туындамас үшін сыныптағы барлық оқушылардың жеке қабілеттеріне сай тапсырмалар беріліп, сол күнгі сараланған мақсатқа сәйкес бағалау жасауға болады.

Жұптық немесе топтық жұмыстар арқылы балаларды өзара пікірлмасуға жетелейтін амалдар «Коммуникативтік тәсілдер» арқылы жүргізілсе, құба-құп. Нәтижесінде балалар ой бөлісіп, берілген тақырыпты немесе тапсырманы талдап, шешімін шығаруға талпынады, дағдыланады.

Заман ағымына сай ақпараттық технологияларды қолдану да жоғарыдағы тәсілдердің қа-

тарынан орын алады. Осы негізде жас өркен ақпаратты іздеу, оны талдап, жіктеу, деректер мен құбылыстарды зерделеп, айырмашылықтарын анықтап, салыстырады. Мультимедиялық ресурстарды пайдаланған да тиімді. Интербелсенді тақталардың көмегіне неге қолданбасқа. Электронды оқулықтар бойынша сабақ өту тиімділігін көрсетіп отырғаны мәлім. Осы негізде түрлі таныстырылымдарды пайдаланып, қорғау бойынша жұмыстар ұйымдастыру да оқушылар үшін қызықты болмақ.

Төртіншіден, «Қазақстан тарихы» пәнін оқытудың тарихи концептілер арқылы ұйымдастырылуында. Концептілердің тізбесі төмендегідей:

- дәлел;
- өзгеріс пен сабақтастық;
- себеп пен салдар;
- ұқсастық пен айырмашылық;
- маңыздылық;
- интерпретация.

Енді әрқайсысына жеке тоқталсақ, дәлел концептісінде оқушылар берілген тақырыпқа сай айғақтың ерекшелігін талдайды, деректер мен мәліметтерді бағалау негізінде қорытындылайды, түпнұсқалық және қосымша фактілер арасындағы қарама-қайшылықты біріктіреді.

Өзгеріс пен сабақтастық концептісінде балалар тарихи оқиғаның өзгерісі мен сабақтастығын уақыт пен кеңістік жағдайында талдайды. Тарихи мысалдарды тарих үдерістер мен тақырыптарға біріктіреді. Оқиғалардың, үдерістердің уақытқа сай жүйеленуі мен ұйымдасуын түсіндіруі тиіс.

Тақырыптың себеп пен салдарын анықтау мәселесі де оқушылардың жоғары ойлауына негіз болады. Бұл жерде балалар оқиғаның бір не бірнеше себептерін, өзара әрекеттесуін талдап, бағалайды. Ұқсастықтар мен себеп-салдарды, ондағы өзара байланыстарды түсіндіре отырып, тарихи себепін баяндайды. Құбылыс, үдеріс немесе тарихи оқиғаларды басқа ұқсас тарихи оқиғалармен байланыстыра алады. Келесі «Ұқсастық пен айырмашылық» концептісінде білімалушылар тақырыптағы оқиғалар мен құбылыстардың айырмашылықтары мен ұқсастықтарын анықтап, талдау жасайды. Түрлі қоғамдағы немесе бір қоғамдағы өзара байланысқан оқиғаларды салыстыруға мүмкіндік алады. «Маңыздылық» концептісі оқушылардың тарихи оқиғаның, үдерістің немесе құбылыстың қоғамның дамуындағы маңыздылығын, мәні мен мағынасын айқындауын, бағалауын талап етеді. Соңғы «Интерпретация» концептісінде балалар қандай да бір тарихи оқиға немесе үдеріс туралы түрлі көзқарастарды түсіндіреді, бағалайды. Нәтижесінде тарих пәнінде бала тақырыпты тек баяндап қана қоймай, жоғарыда берілген концептілердің қайсысына жататындығын анықтап, соған сай талдау жасау дағдысы қалыптасады. Жоғары деңгейде ойлауға машықтанып, өзіндік пікір қосып, саяси сауаттылығы арта түседі.

Бесіншіден, білім беру мазмұнын жаңарту, оның ішінде тарих пәнін оқыту спиральдік қағидат негізінде жүзеге асады. Бұл түсінік Джером Брунердің теориясымен байланысты. Аталған ғалымның пікірінше, кез келген күрделі материал дұрыс құрылымдалып берілсе, немесе ұсынылса, оны кішкентай балалардың өздері де тез түсініп кетеді екен.

Спиральді білім беру бағдарламасының ерекшеліктері:

-балалар тақырыпты бірнеше рет қайталап оқиды;

-қайталап оқыған сайын тақырып күрделене береді;

-алынған жаңа білім алдыңғы біліммен тығыз байланыста болып, бұрын алынған ақпарат тұрғысынан қарастырылады.

Бұған қоса және келесі басымдықтарды атап өткен жөн:

-балалар пәнді немесе тақырыпты оқыған сайын ақпарат толықтырылып, бекітіліп отырады;

-қарапайым идеялардан күрделі идеяларға бірте-бірте ауысуға әсер етеді;

-оқу мақсатына жету үшін білім алушыларды алдыңғы білімдерін қолдануға жетелеу ұсынылады.

Бір сөзбен айтқанда, қарапайымнан күрделіге қарай дами отырып, Блум таксономиясына сай оқушыларды жоғары деңгейде ойлауға жүйелі жеткізу қарастырылған. Оқу материалы сыныптан сыныпқа көшкен сайын күрделене бермек. Мәселен, Қазақстан тарихы пәні бойынша 5-сыныптағы алғашқы тақырып «Алғашқы адамдардың тұрмыс-тіршілігін шығармашылық түрде көрсету» деп берілсе, 6-сыныптағы алғашқы тақырып «Қазақ хандығындағы әлеуметтік топтардың орнын анықтау» ретінде қарастырылған, т.б.

Алтыншыдан, оқу мақсаттарын пайдаланудың тиімділігі үшін кодтау енгізілген. Кодтағы бірінші сан сыныпты, екінші сан бөлімді, келесі сан бөлімшені, ал соңғы сан оқу мақсатының реттілігін білдірген. Мысал келтірер болсақ, 8.2.1.2 кодтауындағы «8»-сынып, «2», «1»-бөлім және бөлімше, «2» оқу мақсатының реті.

Жетіншіден, критериялды бағалауға қатысты толықтырулар енгізілген. Қалыптастырушы бағалау ағымдағы бағалау ретінде сол күнгі тақырып аясындағы мақсатқа жетуі үшін арнайы критерийлер арқылы баланың жұмысын бағалауға мүмкіндік беретін педагогикалық үдеріс екені аян. Үздіксіз жүргізіле отырып, баланың дамуы мен қалыптасуы үшін мұғалім мен оқушы арасында кері байланысқа негізделетіні анық. Нәтижесінде оқушының оқу үдерісін түзетіп, қолдау жасауға әсер етеді. Балл немесе баға қоюдың міндетті емес екендігі көрсетілген.

Ал жиынтық бағалау барысында белгілі бір бөлім аяқталған соң тарих пәні бірлестігі мұғалімдері біртұтас критерийлер құрып, соның негізінде балалардың жетістіктерін өлшеп алады. Осы негізде арнайы Excel программасы құрастырылған, сол бойынша тоқсандық, жартыжылдық және жылдық бағаларын шығару қиындық тудырмайды.

Осы тұста өте бір өзекті мәселені баса айта кеткен жөн. Бұдан былай мұғалімдер сабақ тақырыбына сай оқу мақсатын құрып, оның Блум таксономиясының қандай ойлау деңгейіне жататындығын анықтауы тиіс. Одан соң бағалау критерийлерін құрастырып, осыған орай тапсырма ұйымдастырып, соңында дескриптор түзу біршама дағдыны талап ететіні анық. Дегенмен басты мәселе оқу мақсатының орындалуына тәуелді болуы тиіс.

Сегізіншіден, тарих пәнін оқытуда ұтымды болатын көптеген белсенді тәсілдер ұсынылып отыр. Оның ішінде оқушылардың ішкі уәжін ояту мәселесіне баса көңіл бөлінген. Бұған қоса,

зерттеуге негізделген оқу, ойлау дағдыларын қалыптастырудың негізгі тәсілі ретінде – дәлелдеу туралы да ақпараттық ресурстар қамтылған. Оқушылардың қажеттіліктерін анықтау мен оған сай білім беру және кері байланыс ұсынудың тиімділігі де осы пәнді оқытуда маңыздылығын төмендеткен емес. Сонымен қатар, тарих пәнін оқытуда оқушылардың қызығушылығын арттыруда қажет болатын біршама сабақ әдістері ұсынылып отыр. Оның ішінде семинар-сабақ, дәріс-сабақ, көрнекілік әдісі, көрсетілім әдісі, иллюстрация әдісі, картамен жұмыс, экрандық құралдармен жұмыс, диалогтік оқыту, проблемалық жағдаят туындату стратегиясы, жоба әдісі, т.б.

Тоғызыншыдан, қысқа мерзімді жоспарлау барысында мұғалімнің ескеретін мәселелеріне тоқталсақ, бірқатар аспектілерді бөліп аламыз. Бұл жерде барлық мәселе мақсатқа жетуге негізделуі тиіс. Себебі, қызықты тапсырмаларды ұйымдастырып, мақсат соның көлеңкесінде қалып қоятын кездер болады. Сондықтан мақсатқа жеткізетін тапсырма ұйымдастыру да өзекті болып отыр.

Бұған қоса, мақсатты саралап қою мәселесі. Сыныпта түрлі дейгейдегі оқушылар оқып жатқандықтан, тақырыпқа сай және олардың қабілеттеріне тиісті тапсырмалар беріп, сол арқылы білім беруге міндеттіміз. Мәселен, 5-сыныптағы «Алғашқы адамдар қалай өмір сүрді» деген тақырыпты алсақ, сараланған мақсатқа сай оқушылардың барлығы алғашқы адамдардың антропологиясын сипаттай алуы тиіс, көпшілігі тұрмыс-тіршілігін әңгімелесе, жекелеген оқушылар олардың қолданған құралдарын атап бере алады.

Сондай-ақ қысқа мерзімді жоспарда тілдік мақсат қоя білу мәселесі де жауапкершілікті талап етеді. Өйткені әр пәннің, тіпті әр тақырыптың тілі болады. Оны академиялық тіл деп атайды. Осы жерде пәнге қатысты терминдер мен лексикаға қатысты баған толтырамыз. Мысал ретінде: герман тайпалары, ғұндардың басып алуы, түркілер, эфталиттер, Юстиниан заңдары, «Азаматтық құқықтар жинағы», Византия империясы, т.б. ұғымдарды жазып қойған жөн. Ал диалогке қатысты сөз тіркестеріне: «саяси және әлеуметтік қатынастар», «мынадай факторлар әсер етті», «тарихи үдерістер әсер етті», «жыл санауы», т.б. белгілеп алу ұсынылады. Мәтінмен жұмыс істетіп, соңынан жұптастырып әңгімелеуді ұсынсаңыз тілдік мақсаттың «оқылым» және «жазылым» бөліктері орындалғаны.

Міне, қарап отырсақ, жоғарыда берілген ерекшеліктер арқылы тарихты оқытуға жаңаша көзқарас керек екені байқалып отыр. Сондықтан жаңашылдыққа тік қарап, оқушыларымыздың бойына рух қалыптастырудағы тарих пәнінің маңыздылығын арттырып, тарихи сана сіңірудегі рөлін күшейте білуге тиіспіз.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. ҚР Үкіметінің 2012 жылғы 23 тамыздағы №1080 қаулысымен бекітілген Орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты.

2. Мұғалімге арналған нұсқаулық, Астана – 2016 ж.

3. Мұғалімге арналған үлестірме материалдар, Астана – 2016 ж.

Алматы қаласы.

ЖОБАЛЫҚ ОҚЫТУ ЖӘНЕ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚҚА БАУЛУ

Райхан ӘЛИХАНОВА,
Атырау аграрлық-техникалық колледжінің
І санатты тарих пәні оқытушысы

Мұғалім – өзінің білімін үздіксіз көтеріп отырғанда ғана мұғалім, ал оқуды, ізденуді тоқтатса, оның мұғалімдігі де жойылады.

К.Д.Ушинский.

Қазіргі кезде жаңа педагогикалық технологияның бірі – жобалық әдістемені тиімді қолдану мен оны енгізу мектептің алдында тұрған мәселе. [1. Е.С.Полат «Метод проектов»]. Шын мәнінде әлемдік педагогикада жобалық оқыту жаңа технология емес. Бұл технологияны өткен ғасырдың 1920 жылдары американдық ағартушысы әрі философы Джон Дьюи және оның шәкірті В.Х.Килпатрик енгізген болатын. Бұл оқытуды философия мен ағарту саласының гуманистік идеяларына бағытталғандықтан проблемалық оқыту деп те атайды.

Ресейде жобалық оқыту технологиясына қызығушылық XX ғ. басынан басталды. Жобалық оқыту идеясы Ресейде американдық ағартушыларының ойларымен тұспа-тұс пайда болды. Орыс ағартушысы С.Т.Шацкийдің басшылығымен 1905 ж. бір топ педагогтар оқу процесінде жобалық оқытуды қолдана бастады. Бірақ КСРО кезінде БКП ОК-ің арнаулы қаулысымен 1931 ж. білім беру саласынан мүлдем алынып тасталды.

Ал бұл кезде АҚШ-та, Англияда, Бельгияда, Германияда, Италияда ағарту саласында жобалық оқыту технологиясы қарыштап дамып, жетістікке жетіп жатты.

Жобалық әдістеме жаңа педагогикалық тұлғалық болжамды технология ретінде білім беруде гуманистік көзқарастың төмендегі қағидаларын бейнелейді:

- адамның тұлға ретінде, жеке адам даралығына ерекше назар аудару;

- оқушылардың шығармашылық ойлауын саналы түрде дамуын бағдарлаудағы айқындылық.

Осы технологиядағы қызықтыратын, сонымен бірге жобалау әдісінің заманауи түсінігінің негізгі қысқа желісі «мен танып білетін, мен білетін, маған не үшін қажетті және барлық білімімді қайда қолдануға болады» деген сұраққа жауап алу болып табылады.

Мектептегі білім беру жүйесінің өзгеруі мен жобалық оқытудың дидактикалық құрылымы білім беру жүйесіндегі жаңа педагогикалық технология ретінде жобалық әдістеменің мектептердегі енуіне себепкер болды. Соның нәтижесінде соңғы бес жыл көлемінде колледж студенттерінің ғылыми жобаларына ғылыми жетекші ретінде көмегімді көрсетіп келемін. Осы бағытта жұмыс істегеннен соң оқу үдерісінде жобалық технологияны қолдану төмендегідей маңызды **дидактикалық міндеттерді шешуге мүмкіндік береді:**

- мектептерде білім беру кезінде сабақтар оқушының белгілі бір білімдерді, шеберліктер мен дағдыларды қалыптастырып қана қоймайды, оның сезіміне

әсер ете отырып, тәжірибелік іс-әрекетке әкеледі де, соның нәтижесінде оқушының уәжі артады;

- берілген тақырып бойынша оқушылардың шығармашылық жұмыспен айналысуына мүмкіндік болады, өздігінен қажетті ақпаратты тек қана оқулықтан ғана емес, сонымен бірге басқа да көздермен жұмыс істеуге мүмкіндік болады.

Жобалық әдістің дәстүрлі әдістен негізгі айырмашылығы оқушылар өздігінен ойлауға, мәселені шешуге және табуға, осы мақсатта әр түрлі салалардан алынған білімдерін қолдануға, шешімнің әртүрлі нұсқаларының нәтижелер мен мүмкін болатын салдарларын болжауға, себеп-салдарлы байланыстарды бекіте білуге үйренеді.

Сонымен, бірге жобалық әдістеменің маңызды айырмашылығының бірі, мұғалімнің рөлі. Жобалық әдістеме бойынша жұмыс істеу барысында педагогикалық мәдениеттің жаңалануы болады. Мұғалім жаңа кәсіби ұстанымға дағдыланады. Оқушы мен мұғалім, мұғалім мен әкімші арасындағы серіктестік қатынастар нығаяды.

Жобалық оқытудың нақты мақсаты қандай? Жобалық оқытуды көптеген зерттеушілер төмендегіше түсінеді:

1. Жобаға қатысушы әрбір шәкірттің өзіне деген сенімділігін арттыра отырып, мынадай мүмкіндіктерге қол жеткізуге болады:

«табыс ситуациясы» арқылы, сөз жүзінде емес, іс жүзінде (сабақта және сабақтан тыс) әр түрлі мәселелерді шеше отырып, өзін қоғамға қажет, қабілетті, жетістікке қол жеткізе алатынын түсінеді.

Жоба тапсырмасын орындай отырып, өзінің бойындағы мүмкіндіктері мен қабілетін жетілдіре түсетінін сезінеді.

2. Шығармашылық тапсырманы орындау барысында нәтижеге қол жеткізу үшін серіктестік пен бірлесіп әрекет етудің, топтық жұмыстың маңызын ұғындыра дамыту; шәкірттерді өзара тіл табысуға шабыттандыру. Өмірде кез келген мәселені шешуде тек өз көзқарасын жеткізуге ғана емес, сондай-ақ қарама-қарсы пікірді тыңдай білуге де дағдыландыру.

3. Зерттеу қабілетін дамыту: проблемалық мәселеге талдау жасауға, проблеманы анықтауға, ашуға, қажетті мәліметтерді әдебиеттерден іріктеуге, практикалық ситуацияларға бақылау жасауға, нәтижесіне талдау жасап, гипотеза ұсынуға, қорытынды жасауға.

Жоба әдісін шығармашылыққа баулуға қалай пайдалануға болады?

Алдымен балалардың ғылыми жұмысқа қызығушылығын арттыру үшін зерттеуге кең көлемде және тар шеңберде тарихқа салыстыра отырып, баға беріп, қорытынды жасауға кесте беріледі.

1-кесте. Зерттеу объектісі.

Шәкірттерден әрбір графадағы тарихи фактілерге

Кең көлемдегі тарих (макротарих).	Тар көлемдегі тарих (микротарих).
1.Ресми тарих. Тарихи оқиғалардың субъектісі – мемлекет.	Бейресми тарих. Тарихи оқиғаның субъектісі мемлекетке ұқсамайды.
2.Белгілі бір мемлекеттің тарихы.	Шекара маңындағы обылыстар тарихы.
3.Ерлік тарихы. Әскери-саяси, әлеуметтік-экономикалық.	Ауызша тарих. Күнделікті тарих. Интеллектуальды тарих.
4. «Ұлы адамдардың» тарихы.	«Қарапайым адамның» тарихы.

5.Басқарушы азшылықтың тарихы.	Үндемейтін көпшіліктің тарихы.
6.Ірі қалалардың тарихы.	Провинция тарихы: қалалар тарихы.
7.Көрнекті тұлғалардың өмірі.	Өмірбаянын репрезентациялау: Әлеуметтік топтардың өмірін баяндайтын.
8.Әлеуметтік топтардың, таптардың тарихы. Әр түрлі тарихи дәуірлердегі қоғамдық өмірдегі әйел мәселесі, әйел еңбегі, әйел өмірі, рөлі.	Әйел тарихы. Гендерлік тарих.
9. «Генералдар» тарихы	Сарбаздар тарихы.
10. Мемлекеттің өнеркәсіптік даму тарихы.	Жұмысшы тарихы.
11.Мемлекеттің аграрлық даму тарихы.	Шаруа тарихы.
12. Әлеуметтік тарих.	Отбасы тарих.
13. Әлеуметтік-экономикалық даму көрсеткіштері, материалдық әлем.	Адамның рухани жан-дүниесі, құндылықтары, дәстүрлері, стереотипі, қорқынышы.

мысал келтіруді сұрауға болады. Кейін «күнделікті өмірдің тарихы» және «ауызша тарих» деген ұғымдардың мағынасын түсіндіремін. Бұл бағыт естелік, әңгіме, интервью, жеке жазбалар түріндегі субъективті деректердің қалай сақталу мәселесін шешеді.

*Ауызша деректердің мұндай түрлерін кез келген шәкірт пайдалана алады. Ол үшін оларға алдымен естеліктерді жинауға үйрету және интервью алуға оқыту керек.

*«Ауызша тарих» дегеніміз не? Балалардың назарын 1971 жылы жарық көрген «Oral History» журналына аударайық. Осыдан кейін Ұлыбританияда ауызша тарихтың алғашқы қарлығашы Пол Томпсонның жетекшілігімен қоғамды танудың «төменнен жоғарыға» ұстанымымен [2.Томпсон П. Голос прошлого: устная история.] зерттеуге ұмтылған қоғамы пайда болды.

*Студенттерге шындықтың күрделі және көптүрлі екенін, ал ауызша тарихтың басты құндылығы қоғамды зерттеуде пікірлердің әртүрлілігі екендігін жеткізу. Ауызша тарихтың ерекшелігі мен басты құндылығы адамдардың күнделікті өмірде өз тарихына ойша көз жүгірту, менталитетінің ерекшелігін ашып көрсету. Тағы бір балалардың көңілін аударатын жайт, басқа деректерде, әсіресе, мемлекет тарапынан чиновниктердің, іс жүргізушілердің жазған жазбаларында адам билік құзырындағы қосымша объект болып қалады. Ауызша тарих зерттеушілік қабілетінің қалыптасуында маңызы зор. Басынан-ақ тарихшы интервью жүргізгенде алынатын мәліметтер зерттеушінің бейімділігімен сенімділігіне сай диалогқа байланысты екенін біледі.

Ауызша тарихтың коммуникативті мүмкіндігі ғылым мен білімнің интеграциялануына жол ашады. Еліміздің кез келген түкпірінен зерттеуді қажет ететін тақырып пен тақырыпқа сай мәліметтерді табуға болады. Балаларға әлі ешкім зерттемеген деректерді ашатын шынайы мүмкіндік туады. Олар үлкен қызығушылық тудыратын шығармашылық үдеріске жақындайды. Ауызша тарихтың бұл қызметін көптеген зерттеушілер мойындайды. Мұны біз өз тәжірибемізден де көрдік. Әрбір интервьюден кейін балалар танданыспен келеді. Мысалы, Игламов Ақанның «Біз соғысты көрген жоқпыз» атты шығармашылық жұмысында сол кездегі 7-8 жастағы балдардың бүгінде 80-ге жақындаған қарттардың әңгімесі қатты толғанысқа түсіргенін мынадан көреміз: *«Сендер соғысты көрген жоқсыңдар ғой.Қырқыншы жылдары бала болған жоқ. Олардың жылаған дыбыстары да сирек естілетін. Күні бойы аш жүріп, кешке қарай аш жатты. Бұл олардың ерлігі емес, уақыттың қатыгездігі, уақыттың қателігі еді. Майданда жеңіс үшін, ауылда жеңіс үшін де, тіршілік үшін де күрес*

жүріп жатты. Олар сезімтал болды. Олар оңашада жылады. Үнсіз жылады. Сендер соғысты көрген жоқсыңдар ғой». Немесе Надиров Нұрпейістің «Қазақстанның әлеуметтік саясатының: бүгіні, ертеңі және болашағы» тақырыбындағы жұмысында Қызылқоға және Құрманғазы аудандарының толық газбен және ауыз сумен қамтамасыз еткен кездегі ауыл адамдарының қуанышы мен болашаққа деген сенімін мынадан көруге болады. *«Шіркін! Тәуелсіздік! Қаншама жылдар мұнай мен газдың үстінде отырсақта тезек теріп, от жағатын едік, көгілдір газды армандамайтында едік. Ауыз суды алыстан таситын едік. Елбасымыздың сарабал саясатының арқасында әрбір үйде газ, есігінің алдында суға кенеліп, шаттыққа жетіп отырмыз деп»* көздеріне жас алғандарын тебірене айтады. Ауыр естеліктер балаларды толғанысқа, жұмбақ күйге түсіретінін көреміз. Оларды алғашқы ашушылар (жиі айтатыны: *«Мен мұны ешқашан естіген емеспін»*) сезімді басым болады. Бұл шәкірттердің өткенді тек танып қоймай, онымен сөйлесуге, сезінуге жағдай жасайды.

Көптеген адамдар ауызша тарихтың методологиясының қарапайым ақиқатын тез түсінеді. Олар тарихи зерттеудің өте күрделі екенін, бірақ ең бастысы «үндемейтін көпшіліктің» тарихты бақылауы және ойлауында екендігін түсінеді. П.Томпсон айтуынша, бірлескен, топтық жобалар айырылмайтын қорытпаға «зерттеу және оқыту, нәтижесінде екеуінің де сапасы артады». Ауызша тарих азаматтықтың қуатты қайнар көзі. Өйткені интервью барысында екі ұрпақтың кездесуі өтеді. Аға ұрпақ жастардың өткенге қызығушылығын қуана-қуана бақылайды. Ешбір ардагер жобаға өз естеліктерімен интервью беруді сұрағанда, ешқайсысы бас тартпаған. Қайта ардагерлер өздеріне жастардың көңіл бөлгеніне алғыс айтқан. Аға ұрпақ өкілдері жастық шақтарын еске алып, интервью алушы студенттердің еңбегіне құрметпен қарауы, олардың бойында өз Отанының лайықты азаматы деген сезімді тудырады. Осылай ауызша тарих ұрпақтар сабақтастығын, өткен мен болашақты байланыстырады. Тарихты реконструкциялау жас ұрпақтың аға ұрпақты тыңдауы және екі ұрпақтың бірлескен іс әрекетінің жемісі. «Память человека – это «не отлаженный механизм» [2. Зверев В.А. Услышанное прошлое: опыт создания и использования историко-биографической коллекции в педагогическом университете]. Оқиғаларды көзімен көргендердің әңгімелері үзік-үзік және нақты болмайды. Бұл зерттеушінің ой толғауына азық; неге адам сол қызықты сәтті ұмытып қалды, ал басқа жағынан қарасақ бұл зерттеушіге қиындық туғызуы мүмкін. Өйткені күнделікті өмір тарихында сол адамнан басқа ешкім жауап бермеуі мүм-

кін. Сондай-ақ еске алу үдерісі – «талдау», «түсіндіру», «интерпретация» екенін студенттерге жеткізе білуіміз керек. Л.Гудков атап көрсеткендей, әңгімеші тарихты өзінің дүниеге қалыптасқан көзқарасымен, саяси және мәдени қағидаларымен, өз өмірінің ерекшелігімен, психологиялық көңіл-күйімен жасайды [3. Гудков Л. «Память» о войне и массовая идентичность россиян].

Оның көмегімен тарих ғылымында өзгерістер, зерттеудің жаңа бағытын, ұстаз бен шәкірт арасындағы, ұрпақтар арасындағы, білім мекемелерінің арасындағы алшақтықты жоюға, ал тарихи білімді нақтылауға – кітап, музей, не фильмді болсын, тарихты басынан өткерген, жасаған адамдарға бар даусымен айту мүмкіндігі үшін қайтару керек.

2-кесте. Зерттеу тақырыптары.

Күнделікті тарих бойынша ғылыми жобалардың тақырыптары мен аннотациялары.	Ғылыми аннотация
Кеңес қоғамының күнделікті өмірі. Атырау тұрғындарының естелігінде.	КСРО-ның бұрынғы азаматтарымен интервью. Ауызша естеліктер негізінде Кеңес адамдарының күнделікті өмірінен, қоршаған ортасынан, белгілі бір тәртіп стратегиясынан көптеген фактілер келтіруге болады. Кеңес азаматтарының құндылықтар жүйесін, оның даму кезеңдерін анықтау. Кеңес халқының саясатқа көзқарасы.
Мұғалімдердің, село тұрғындарының, жұмысшылардың, қызметкерлердің, бұрынғы коммунистердің, комсомолдардың өмірбаяндары.	Мұғалімдердің және басқа әлеуметтік топтардың өмірбаянынан жинақ дайындау. Зерттеу барысында олардың құндылықтар жүйесін және оның даму кезеңдерін анықтау. Әр түрлі әлеуметтік топтардың мемлекет саясатына қарым-қатынасын анықтау негізгі мәселе болып қалады.
Кеңес мәдениетінің кеңістігіндегі кино және көрермен.	Бұрынғы Кеңес азаматтарынан интервью алу. Ауызша естеліктер негізінде кино сферасында «мәдени жорық» фактілерін ашу. Кеңес адамдарының Отандық және шетелдік фильмдерге көзқарасын анықтау. Кеңес киноиндустриясының адамдардың көзқарасы мен құндылықтар жүйесінің қалыптасуындағы рөлі.
Ыстық нүктелердің ардагерлері (ауғандықтар, чернобылдықтар).	Әскери тәжірибесі бар, әскери конфликтер зонасында қызмет еткен офицерлер, жауынгерлерден интервью алу. Ауызша естеліктер негізінде адамдардың соғысқа бейімделуі. Әскери конфликтердің ардагерлердің психологиясына бейбіт өмірдегі әсерін фактілермен көрсету. Сондай-ақ КСРО қарулы күштерінің контингенттерін анықтау. Басты назарда Кеңес офицері мен жауынгерінің күнделікті өмірі болады.
Ауызша естеліктерде мектеп тарихы.	Мектеп мұғалімдерінен, қызметкерлерінен және мектеп бітіушілерінен интервью алу. Зерттеу барысында Кеңес мұғалімдерінің құндылықтары және даму кезеңдерін ашу. Басты назарда мектептің дау кезеңдері болады.
«Біздің шет ел» Кеңес әскери қызметкерлерінің көзімен.	Интервью Польшада, Чехословакияда, Германия Демократиялық Республикасында, Кубада, Венгрияда қызмет еткен офицерлер мен жауынгерлерден интервью алу. Басты назарда Кеңес офицерлері мен жауынгерлері және олардың туыстары. КСРО-ның саясатын ашу.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Полат Е.С. «Метод проектов» [Электронный ресурс].
2. Томпсон П. Голос прошлого: устная история/П.Томпсон. Пер.М. Л.Коробочкин //
3. Зверев В.А. Услышанное прошлое: опыт создания и использования историко-биографической коллекции в педагогическом университете /В.А.Зверев, Е.И.Косякова //

Устная история (oral history): теория и практика: материалы Все рос. научного. семинара / сост. и научный ред. Т.К. Щеглова. – Барнаул, 2007. [Электронный ресурс].

4. Гудков Л. «Память» о войне и массовая идентичность россиян // Неприкосновенный запас. – 2005. – № 2–3(40–41).

Атырау қаласы.

ТАРИХТЫ ОҚЫТУДА СҰРАҚ ҚОЮДЫҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

Әлфия МЕНДАЛИЕВА,
Жаңақала орта білім беретін мектебінің
I санатты тарих пәні мұғалімі

Қазақстан Республикасының педагог қызметкерлерінің біліктілігін арттыру курстарының бағдарламасы бойынша үшінші (базалық) деңгейлік курсынан өткеннен кейін сабақ беру үдерісіне деген көзқарасым өзгере бастады. Мен тарих және "Адам. Қоғам. Құқық" пәндерінің оқытушысымын. Бұл пәндер арқылы қоғам дамуындағы өзгерістерді, әлемдік жаһандандудың тың мәселелерін сабақ барысында оқушылармен бірге талдап, ойларын ортаға салдырып, үнемі пікірталасу өткізіп отырамын.

Қазақстан тарихы пәнін оқытуда ең негізгі міндет – өткен тарихи оқиғалар туралы терең білім беріп, әр

оқушыны өз халқының тарихына, мәдениетіне, салт-дәстүріне, құрметпен қарауға тәрбиелеу.

Жеті модуль негізіне бағытталған бұл сындарлы оқыту жүйесін күнделікті тәжірибе барысында жаңа қырынан көріп, әр модульдің идеясын терең ұғынып жатырмын. Жеті модульдердің барлығында қарастырылатын идеяларды «Оқыту мен оқудағы жаңа тәсілдер» деп санауға болатынына қарамастан, біз жаңа әдістер ретінде «Диалог арқылы оқыту» мен «Қалай оқу керектігін үйренуді» ғана қарастырамыз, себебі олар әлеуметтік-сындарлылық көзқарасымен тығыз байланысты. Диалог негізінде оқыту мен оқушылардың

өзара сұхбаттасуы және мұғалім мен оқушы арасындағы диалогтің шәкірттердің өзіндік ой-пікірін жүйелеуі мен дамытуына көмектесетін амал екенін меңзейді. «Қалай оқу керектігін үйрену» немесе метасана оқушыларға оқуды өз бетінше жалғастыра алатын білім алу жауапкершілігін түсінуге және оны өз мойнына алуға қалай көмектесуге болатынын көрсетеді. [Мұғалімге арналған нұсқаулық 12-б.] Оқыту мен оқу барысында оқушылардың өзара білім алмасуын, оқушы мен мұғалімнің арасындағы байланыстың негізгі құралы бұл – диалог екенін меңзейді. Яғни, осы диалог сабақ барысында тиімді қолданылса, оқушылар өздерінің ойларын, көзқарастарын жан-жақты, еркін айтуына, дамуына көмектеседі. Ал «Қалай оқыту керектігін үйрету» оқушылардың алған білімдерін есте сақтап, қосымша өздігінен ізденіп оқуға, яғни, білім алу жауапкершілігін түсінуге мұғалім қандай іс-әрекет жасауын қарастырады. Осындай нәтижеге жету үшін әр сабағымда оқушылар арасында диалогті өрбітуге бағытталған әр түрлі стратегияларды қолданып келемін. Сөйлесе отырып сыни ойлауға итермелеуге, өз ойларын ашық білдіруге мүмкіндік алуға, барлығында да тың идеялар болатындығына көз жеткізуге диалогтің маңызы зор дер едім.

Сыныптағы диалогті сұрақ қою арқылы дамыту үшін, әсіресе, үй тапсырмасын тексергенде «Джoker», «Стикердегі диалог», «Серпінді сауал», «Қапшықтағы фасоль», «Күн шапағаты» әдістерін кеңінен қолданып жүрмін. Мысалы, Қазақстан тарихы пәнінен 10-сыныпқа өткізген «Ұлы Жібек жолының мәдениеттің дамуындағы алатын орны» деген тақырыптағы ашық сабағымда үй тапсырмасын «Күн шапағаты» әдісімен тексердім. Оқушылар дөңгелене орындыққа отырады. Мұғалім: «*Күн нұрына бөленер, білсе егер*», – деп үй тапсырмасы бойынша сұрақ қояды. Жауабын білетін оқушы қол көтеріп жауап береді және ойынды өзі сұрақ қою арқылы жалғасытырып кетеді. Бұдан әрі мұғалім оқушылардың сұрақ қоюын, жауап беруін қадағалап, бағыттап отырады. Әр жауаптан кейін оқушылар орындарын ауыстырып отырады. Бұл ойынға оқушылар қызығушылықпен, көтеріңкі көңіл-күймен қатысты. Бұнда әр оқушы өзінің тақырып бойынша білетін мәліметін сұрақ ретінде қойып және сыныптастарының сұрақтарына барынша жауап беруге тырысты. Қазақ халқының салт-дәстүрлері бойынша көптеген мағлұмат алса, әрі бойларын да сергітіп, жаңа сабаққа құлшыныспен қатысты.

Ал 5-сыныпқа өткізген «Қазақ ұлттық зиялылары» тақырыбындағы сабағымда «Джoker» әдісін пайдаландым. Оқушыларға «Джoker» картаны ұсына отырып үйге берілген тақырып бойынша жоғары және төмен дәрежелі сұрақтар қойдым. Картаны қолына ұстаған оқушы сұраққа жауап бере отырып, келесі оқушыға сұрақ қою арқылы диалогті жалғастырады. Сұраққа оқушы жауап бер алмай қалса, мұғалім сұрақты қайта бағыттап өзге оқушыға немесе өзгертіп өзіне қояды. Алғашқы кезде оқушылар сұрақ қоюға қиналатын. Соның ішінде жоғары дәрежелі сұрақты жақсы оқитын оқушылардың өзі әрең құрастыратын, төмен және жоғары дәрежелі сұрақтардың қандай болатынын айта отырып, жаңа тақырып өткен сайын оқушыларға сабақ үстінде немесе үй тапсырмасы ретінде 5 төмен дәрежелі, 1 жоғары дәрежелі сұрақ құрастыруды үнемі беріп отыратын болдым. Біртіндеп оқушылар сұрақ дайындауды үйренді, жоғары дәрежелі сұрақтарды қызығушылықпен, үлкен жауапкершілікпен дайындайтын болды. Олар біртіндеп төмен дәрежелі сұрақтан жоғары дәрежелі сұрақтар қоюға қабілетті бола бастады. Оқушының білім алуын қолдау үшін сұрақ қоюдың түрткі болу, сынақтан өткізу және қайта бағыттау сияқты әр түрлі техникаларын пайдалану керектігін ұғындым. Сұрақ қою техникаларын

оқушыларға да үйреттім.

Сұрақтардың маңызды қойылуы, сұрақ қою арқылы мұғалім:

-Оқушыларды тақырып бойынша және сындарлы сөйлеуге ынталандырады;

-Оқушылардың шынайы қызығушылығы мен сезімдерін анықтайды;

-Білімге құштарлықты дамытады және зерттеуге ынталандырады;

-Оқушыларға өз білімін басқа адамдарға сөзбен жеткізуге көмектеседі;

-Оқушылардың сын тұрғысынан ойлауына ықпал етеді;

-Оқушылардың бір-бірінен үйренуіне, басқа оқушылардың идеяларын құрметтеуіне және бағалауына ықпал етеді;

Әңгіме және ой елегінен өткізу көмегімен ойын жинақтауға көмек береді, іс-әрекеттерін тереңдетеді және шоғырландырады;

Оқытуды қиындатып, кедергі келтіретін қиындықтар мен түсінбестіктерді анықтайды. [Мұғалімге арналған нұсқаулық 41-бет].

Биылғы оқу жылында 11-сыныпқа Қазақстан тарихы пәнінен «Сауатсыздықты жою. Халық ағарту ісінің дамуы» тақырыбында ашық сабақ өткіздім. Бұл сабағымда жаңа тақырып бойынша мәтінді сұрақтар бойынша талдау әдісін сәтті шықты. Үш топ «Қашан?», «Қандай?», «Неліктен?» деп басталатын әр оқушы 5 сұрақтан дайындауы керек. Берілген мәтін осы қойылған сұрақтар арқылы өте жақсы талқыланды. Мысалы, бір оқушының: «**Неліктен** 1923 жылы сауатсыздықпен күрес барысында араб графикасын латын графикасымен алмастыру мәселесі қойылды?» немесе «Қазақстанда сауатсыздықты жою науқанын бастау барысында **қандай** кедергілер болды?» деген сұрақтарына келесі топ оқушыларынан тұщымды жауап алдым. Кейбір сұрақтар төңірегінде қызу пікірталас туып, қазіргі білім беру жүйесіндегі өзгерістермен салыстыра отырып өздерінің ойларымен бөлісті.

Сабақты қортындылаған кезде де оқушыларға өз-өздеріне «Бүгін мен не үйрендім?», «Бүгінгі жаңалықтың мен үшін маңыздылығы қандай?», «Мен не істей алдым немесе не істей алмадым?» деген сұрақтармен рефлексия жасататын болдым. Бұдан мен оқушыларда күнделікті өздеріне есеп беру дағдыларын қалыптастырамын деп ойлаймын.

Мұғалімнің кәсіби білігін шыңдаудың үздіксіздігі оның шығармашылық қабілетінің дамуының кепілі және өзіндік жеке педагогтік тәжірибесінің дамуының алғы шарты. Ұстаздың кәсіби шеберлігінің негізі, **біріншіден**, мұғалімнің өмірге көзқарасы, оның идеялық наным. **Екіншіден**, пәнді жетік білуі, ойын оқушыларға жеткізу үшін жан-жақты, терең дайындықпен баруы, оқушылар бойына әдеп, әдет, дағды сияқты жақсы қасиеттерді сіңіруі, моральдық нормаларды білуі. **Үшіншіден**, оқыту мен тәрбиелеудің әдіс-тәсілдерін міндетті түрде меңгеру. Білім берудің ұлттық моделіне көшкен қазіргі мектепке ойшыл, зерттеуші, практикалық қызметте педагогикалық үйлестіруді шебер меңгерген психолог педагогтік диагностика қоя білетін іскер мұғалім қажет.

Сөз соңын тағы да Елбасымыздың сөзімен аяқтағым келіп тұр: «*Жаңа формация мұғалімі – рухани дамыған әрі әлеуметтік тұрғыдан есейген, педагогикалық құралдардың барлық түрлерін шебер меңгерген білікті маман, өзін-өзі әрдайым жетілдіруге ұмтылатын шығармашыл тұлға. Ол жоғары білімді шығармашыл тұлғаны қалыптастырып, дамыту үшін жауапты*».

**Батыс Қазақстан облысы,
Жаңақала ауылы.**

«ҚАЗАҚ ТАРИХЫНДАҒЫ ТҰҢҒЫШТАР»

(факультативтік курстың жоспары)

Жәния НҰРҒАЛИЕВА,

№40 жалпы орта білім беретін мектептің тарих пәні мұғалімі

ТҮСІНІК ХАТ

Курстың мақсаты мен маңызы. Қазіргі жаһандану үдерісі күшейген кезеңде тарихи білім берудің қажеттілігі мен маңызы өте зор, себебі жас ұрпақ бойына жалпыадамзаттық, ұлттық, азаматтық құндылықтарды және әдеп нормаларын қалыптастыру, ұрпақтар сабақтастығын қамтамасыз ету талап етілуде. «Қазақ тарихындағы тұңғыштар» факультативтік курсы Қазақстан тарихының құрамдас бір бөлігі. Курс оқушыларға белгілі бір тарихи кезеңдегі қоғам өмірінің әр саласының тұңғыш негізін қалаған, сол саланың тұңғыш кәсіби маманы болып, оның қалыптасып, дамуына, өркендеуіне жол ашқан, қазақ халқының өзге халықтармен терезесі тең болып, ғылым мен мәдениетте жетістіктерге жетіп, әлемдік өркениеттен ойып орын алуында өлшеусіз еңбек сіңірген ұлт тарихының жанаушы ұлы тұлғалары туралы оқып, білуіне мүмкіндік береді. Сонымен қатар қоғамдық құбылыстар мен тарихи оқиғаларға деген жеке көзқарастарын қалыптастырып, қоғам мен адам арасындағы байланысты сыни тұрғыда қабылдай білуге дағдыландырады, саяси-мәдени, әлеуметтік-экономикалық көзқарастарын кеңейтіп, дүниетанымдарын арттырады.

Жалпы білім беретін мектептің 6-9-сынып оқушыларына арналған «Қазақ тарихындағы тұңғыштар» факультативтік курсының бағдарламасы «Білім ту-

ралы» Қазақстан Республикасының Заңына, Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына, сәйкес құрастырылды.

Оқу міндеттері: Ұлы тұлғалардың ағартушылық, шығармашылық, қоғамдық-саяси қызметімен таныстыра отырып, азаматтық, отаншылдық, ұлттық, демократиялық құндылықтарды қалыптастыру;

Тарихи білімдерін өмірде шығармашылықпен қолдана білу, тарихи деректермен жұмыс жасау, тарихи тұжырымдарға сыни тұрғыдан қарап, бағалай білу, өздерінің жеке тұжырымдары мен қорытындыларын жасай білу қабілеттерін арттыру.

Оқу жүктемесі: Курс бағдарламасы жалпы орта білім беретін мектептің 6-9-сынып оқушыларына арналып құрастырылды, аптасына бір сағат, жылына 34 сағатты құрайды.

Күтілетін нәтиже: Қазақ тарихындағы әр саланың негізін қалаған тұңғыш тарихи тұлғалар туралы жүйелі, жан-жақты оқып білу негізінде тарихи білімдері молаяды. Өз ұлтына, халқына, еліне деген сүйіспеншілік, құрмет сезімдері қалыптасып, отаншылдық рухта тәрбиеленеді және өз қандастарының қай істе де керемет жетістіктерге жете алатынына көз жеткізу барысында бәсекеге қабілеттіліктері артады. Іздену, қосымша мәліметтермен жұмыс жасау арқылы шығармашылықпен жұмыс жасауға дағдыланады.

№	Тақырыптар	Сағ.	Күні
1	Керей, Жәнібек – Қазақ хандығының тұңғыш хандары.	1	
2	Қарасай – Жоңғар соғысының тұңғыш батыры, қолбасшы.	1	
3	Ұлбике – қазақтың тұңғыш айтыскер ақыны.	1	
4	Шоқан Уәлиханов – тұңғыш ағартушы-ғалым.	1	
5	Ыбырай Алтынсарин – тұңғыш ағартушы-педагог.	1	
6	Абай Құнанбаев – тұңғыш ағартушы-ақын.	1	
7	Мұхаметжан Қарабаев – тұңғыш қазақ дәрігері.	1	
8	Жақып Ақбаев – тұңғыш құқық магистрі (заңгер).	1	
9	Мұхамеджан Тынышбаев – қазақтың тұңғыш инженері.	1	
10	Санжар Асфендияров – тұңғыш профессор және ректор.	1	
11	Нәзір Төреқұлов – қазақтың тұңғыш ресми елшісі.	1	
12	Құдайберген Жұбанов – тұңғыш тіл профессоры.	1	
13	Ермұхан Бекмаханов – «Қазақстан тарихы» оқулығын жазған тұңғыш тарихшы-ғалым.	1	
14	Жұмат Шанин – қазақтың тұңғыш театрының негізін салушы және режиссері.	1	
15	Әлімхан Ермеков – қазақ тіліндегі тұңғыш математика оқулығының авторы.	1	
16	Қаныш Сәтбаев – тұңғыш академик, аспан денелеріне есімі берілген ғұлама.	1	
17	Әлкей Марғұлан – қазақтың тұңғыш археолог-ғалымы.	1	
18	Әбілхан Қастеев – қазақтың тұңғыш кәсіби суретшісі.	1	
19	Ахмет Жұбанов – қазақтың тұңғыш кәсіби дирижері, композитор, музыка зерттеушісі, академик.	1	
20	Күләш Байсейітова – тұңғыш КСРО халық әртісі атағын алған кәсіби опера әншісі.	1	
21	Шара Жиенқұлова – қазақтың тұңғыш кәсіби бишісі.	1	
22	Шәкен Айманов – қазақтың тұңғыш кинорежиссері.	1	
23	Халифа Алтай – «Құран-Нәрімді» тұңғыш қазақ тіліне аударушы.	1	
24	Әмен Қайдар – қазақтың тұңғыш мультфильмінің авторы.	1	
25	Шоқыр Бөлтекұлы – қазақ боксының негізін салушы, тұңғыш спорт шебері.	1	
26	Нұрсұлу Тапалова – қазақтың тұңғыш балеринасы.	1	
27	Хакімжан Наурызбаев – қазақтың тұңғыш кәсіби мүсіншісі.	1	

28	Сабыр Рақымов – қазақтан шыққан тұңғыш генерал.	1	
29	Хиуаз Доспанова – тұңғыш әйел-ұшқыш.	1	
30	Төлеу Бәсенов – тұңғыш қазақ сәулетшісі.	1	
31	Аида Мүсілімова – қазақ қыздары арасынан шахматтан тұңғыш спорт шебері.	1	
32	Нұрсұлтан Назарбаев – тәуелсіз Қазақстанның тұңғыш президенті.	1	
33	Тоқтар Дүбәкіров – тұңғыш қазақ ғарышкері.	1	
34	Марат Жыланбаев – Гиннестің рекордтар кітабына енген тұңғыш қазақ.	1	

Керей, Жәнібек – Қазақ хандығының негізін қалаушы ұлы тарихи тұлғалар. Қазақ хандығының құрылуы. Керей мен Жәнібектің елдің саяси-экономикалық базасын нығайту үшін 3 тарихи міндет қойып, оны жүзеге асырудағы сіңірген өлшеусіз еңбектері. Қазақ хандығының құрылуының 550 жылдығы.

Қарасай Алтынайұлы – жоңғарға қарсы күрескен қазақтың қаһарман батыры, қолбасшы, есімі шапырашты руының ұранына айналған аса көрнекті тарихи тұлға. 1635, 1643, 1652 жылдардағы Қарасай аса ерлік көрсеткен ірі шайқастар. Батыр бейітінің басына орнатылған күмбезді кесене.

Ұлбике Жанаділқызы – қазақтың сөз өнерінде ақындық айтыстың негізін қалаған тұңғыш ақын қызы. Ақынның Күдеріқожа, Мәделіқожа, Майлықожа, Жанкент сияқты белгілі ақындармен айтыстағы жеңістері. Ақын мұраларын М.Ж.Көпеев, В.В.Радлов сынды ғалымдардың зерттеуі. Тұңғыш рет өлеңі шетел тіліне аударылған ақын жырларының М.Әуезов, С.Мұқанов тарапынан жоғары бағалануы.

Шоқан Шыңғысұлы Уәлиханов – қазақ халқының тұңғыш ағартушы-ғалымы, этнограф, тарихшы, әдебиетші, саяхатшы. Шыққан тегі, балалық шағы, өскен ортасы. Іле Алатауына, Жоңғарияға, Алакөл, Тарбағатайға, Қашқарияға саяхаттары. Ғылыми-зерттеу еңбектері. Шоқан атындағы білім ордалары, елді мекендер, ғылыми институттар, академиялар. Шоқан мемориалдық музейі, ескерткіштері.

Ыбырай Алтынсарин – қазақ халқының тұңғыш ағартушы-педагогы. Балалық шағы, өскен ортасы. Ағартушылық, қоғамдық-саяси көзқарасы. 1864 ж. Торғайда ашылған тұңғыш мектептің негізін қалаушы. Елек, Торғай, Ырғыз, Қостанайда ашылған орыс-қазақ мектептері. «Қазақ хрестоматиясы».

Абай Құнанбаев – қазақ халқының тұңғыш ағартушы-ақыны, қазақтың жазба әдебиетінің негізін салушы, философ, композитор, аудармашы, саяси қайраткер. Абайдың адамгершілік, ақындық қасиеттері. Шығармаларындағы қазақ халқының әлеуметтік, қоғамдық, моральдық мәселелері. Абайдың қазақ тарихында алатын орны. Адамзаттың Абайы.

Мұхаметжан Қарабаев – тұңғыш қазақ дәрігері. Троицк ерлер гимназиясының пансионында білім алған тұңғыш қазақ. 1881-1887 жж. Қазан университетінің студенті. Ырғыз оясындағы, Якутияның Олнекметі округіндегі, Орынбордағы дәрігерлік қызметі, сүзек эпидемиясына қарсы күрескен дәрігер.

Жақып Ақбаев – қазақтан шыққан тұңғыш магистр. Санкт-Петербургтегі императорлық университеттің заң факультетін алтын медальмен бітіріп, тұңғыш магистр атануы. Омбы, Семей, Сырдария округтік, губерниялық соттарындағы қызметі. Жақып Ақбаев – Алашорда мемлекетін құруға атсалысқан көсемдердің бірі және қазақ зиялыларының рухани жетекшісі.

Мұхамеджан Тынышбаев – қазақтың тұңғыш инженері, теміржолшы, жалпы көлік қатынасын қалыптастыруда үлкен еңбек сіңірген тұлға. Түркістан-Сібір теміржолының құрылысын салушылардың бірі. Мемлекеттік Дума депутаты. Қоқан автономиялық үкіметінің басшысы. М.Тынышбаев – қазақ ұлтының тарихи санасын қалыптастыруда еңбек етіп, тұңғыш

қазақ шежіресін түзген адам.

Санжар Асфендияров – Мәскеу мемлекеттік университетінің шығыс тарихы бойынша тұңғыш рет профессор атағына ие болған және қазақ университетінің тұңғыш ректоры. С.Асфендияров – Қазақ АКСР-і Денсаулық сақтау халық комиссары. Ғылыми-зерттеу еңбектері. «Қазақ тарихы» – ең алғашқы ғылыми еңбегі. Әдеби шығармалары мен мақалалары, «Шатер мира» повесі.

Нәзір Төреқұлов – қазақ халқының ресми түрдегі тұңғыш елшісі. Н.Төреқұлов – Түркістан Орталық Атқару Комитетінің төрағасы, КСРО-ның Орталық Атқару комитетінің орталық баспасы басқармасының төрағасы. КСРО-ның Сауд Арабиясындағы елшісі.

Құдайберген Жұбанов – тұңғыш тіл профессоры, әдебиет, өнер, қоғамдық-әлеуметтік ой тарихында, мәдениет салаларында бағалы еңбектер қалдырған ғұлама ғалым. Қазақ тілінің фонетика, грамматика салаларындағы ашқан жаңалықтары. «Қазақ тілі бойынша зерттеулер» кітабы. Мемлекеттік терминологиялық комиссияның Тәржімалау жөніндегі мемлекеттік комитетінің басшысы.

Ермұхан Бекмаханов – «Қазақстан тарихы» оқулығын жазған тұңғыш тарихшы-ғалым. Қайраткерлігі, қоғамдық-саяси қызметі. Тарих саласындағы ғылыми-зерттеу еңбектері. Е.Бекмахановтың Кенесары Қасымовтың көтерілісін қазақтың ұлт-азаттық көтерілісі деп бағалауының тарихи маңызы.

Жұмат Шанин – қазақтың тұңғыш ұлттық театрының директоры, әрі көркемдік жетекшісі. Семей қаласындағы «Ес аймақ» труппасының көркемдік жетекшісі. «Арқалық батыр» трагедиясын, М.Әуезовтың «Еңлік-Кебек», С.Сейфуллиннің «Қызыл сұңқарлар» пьесаларын сахналауы.

Әлімхан Ермеков – қазақтың математика саласындағы тұңғыш профессоры, қазақ тіліндегі тұңғыш жарық көрген «Жоғарғы математика курсы» оқулығының авторы. Қоғамдық-саяси қызметтері. Каспий теңізінің солтүстігіндегі жағалауды Астрахань губерниясының немістігінен алып, Қазақстанға қосудағы сіңірген еңбегі, математика терминологиясының авторы.

Қаныш Сәтбаев – тұңғыш геолог, академик және тұңғыш аспан денелеріне есімі берілген ғұлама. Қарсақбай, Жезқазған өңірлерін зерттеп, мыстың, түрлітүсті металдардың мол қорын тапқан ғалым. Ұлттық академияның тұңғыш президенті. Қарағанды металлургия зауытының негізін қалаушы, Қаратау фосфоритінің, Алтай кендерінің игерілуіне мол үлес қосқан қазақ геологиясының атасы.

Әлкей Марғұлан – қазақтың тұңғыш археолог-ғалымы, әдебиетші, тарихшы, саясаткер, өнер зерттеушісі, этнограф, жазушы. Сырдария, Шу, Талас өзендері бойында және Отырар, Сауран, Сығанақ қалалары орнында қазба жұмыстарын жүргізуі және «Беғазы-Дәндібай» мәдениеті.

Әбілхан Қастеев – қазақ халқының тұңғыш кәсіби суретшісі, қазақ бейнелеу өнерінің негізін салушы. Алғашқы суреттері. Ә.Қастеев ұлтымыздың Ш.Уәлиханов, А.Құнанбаев, Ж.Жабаев, А.Иманов, М.Әуезов, т.с.с. біртуар тұлғаларының суретін салып, халықпен қауыштырған ұлы суреткер. Суретші еңбектерінің ТМД елдері, АҚШ, Мексика, Бразилия, Канада, Франция, т.б. елдерде көрсетілуі және Ресейдегі Третьяков галереясында, Шы-

ғыс халықтары мемлекеттік мұражайында орын алуы.

Ахмет Жұбанов – қазақтың тұңғыш кәсіби дирижері, тұңғыш қазақ тілінде «Музыка әліпбиін» жасаушы, музыка зерттеушісі, академик. Қазақтың Құрманғазы атындағы мемлекеттік ұлт-аспаптар оркестрінің ұйымдастырушысы және көркемдік жетекшісі. Құрманғазының, Тәттімбеттің, Динаның, Дәулеткерейдің күйлерін нотаға түсіруші. Оркестр репертуарына шетел классиктерінің шығармаларын енгізуі. Ән-күйлері, ғылыми-зерттеу еңбектері. «Абай», «Төлеген Тоқтаров» опералары.

Күләш Байсейітова – әйелдер арасынан КСРО халық әртісі атағын алған тұңғыш кәсіби опера әншісі. 1936 жылы Мәскеуде өткен қазақ өнерінің он күндігінде өнер көрсетуі. Күләштің операда Қыз Жібек, Шұға, Айман, Ақжүніс, Қадиха, Баттерфляй, Маро, Ажар, Сара, Алтыншаш бейнелерін сомдауы.

Шара Жиенқұлова – қазақтың тұңғыш кәсіби бишісі, қазақ биінің негізін салушы, Қазақ КСР-нің халық артисі. Биші репертуарындағы дүниежүзі халықтарының билері. М.Әуезовтің «Айман-Шолпан» драмасында, Е.Брусиловскийдің «Қыз Жібек», «Ер Тарғын» операларындағы ұлттық билерді орындау шеберлігі. Қазақтың тұңғыш ұлттық балеті «Қалқаман-Мамырда» Мамырдың партиясын орындауы, т.с.с.

Шәкен Айманов – қазақ кинематография басқармасының тұңғыш төрағасы, атақты киноактер, режиссер. Ш.Аймановтың Ақан сері, Қобыланды, Алдар Көсе, Исатай, Отелло сынды классикалық образдарды сомдауы. «Абай» спектаклі, фильмдері. «Атаманның ақыры» – режиссер шығармашылығының шырқау шыңы. «Шәкен жұлдыздары» атты халықаралық кинофестиваль.

Халифа Алтай – ислам дінінің қайнар бұлағы – «Құран-Кәрімді» қазақ тіліне тұңғыш аударған ғалым. «Ата жұрттан Анадолыға дейін», «Алтайдан ауған ел», «Қазақ түріктері шежіресі» атты еңбектері. «Құран-Кәрімді» қазақ тіліне аударуы – ислам дінінің құндылығын, қасиетін халыққа жеткізудегі мақсаты.

Әмен Әбжанұлы Қайдар – «Қарлығаштың құйрығы неге айыр?» атты қазақ халқының тұңғыш мультфильмінің авторы және режиссері, қазақ мультипликациясының негізін салушы. «Қарлығаштың құйрығы неге айыр?» мультфильмінің Ленинград қаласында өткен «III Бүкілодақтық кинофестивальде» бас жүлде, Халықаралық Нью-Йорк мультфильмдер фестивалінде «Қола Праксиноскоп» жүлдесін жеңіп алуы. Ә.Қайдардың мультипликация, бейнелеу өнері, кино саласындағы еңбектері.

Шоқыр Бөлтекұлы – қазақ боксының негізін салушы, бокстан тұңғыш қазақ спорт шебері. Балалық, жастық шағы. «Алматы чемпионы» атағы – алғашқы жеңісі. Бүкілодақтық «Динамо» қоғамының чемпионы. 200 рет жеке-жеке шығып, 185-нде жеңіске жеткен.

Нұрсұлу Тапалова – қазақтың тұңғыш кәсіби операнасы, Қазақ академиялық опера және балет театрының соло-бишісі, «Қазақконцерттің» солисі. И.Н.Надиловтың «Көктемінде», Б.В.Астафьевтің «Бақшасарай фонтанында», П.И.Чайковскийдің «Аққу көлінде», т.б. балеттік партияларды, ұлттық опералардағы жеке билерді шебер орындаушы. Эстрадалық ән-би, миниатюра жанрындағы еңбектері.

Хакімжан Наурызбаев – қазақтың тұңғыш кәсіпқой мүсіншісі, ұлттық кәсіби мүсін өнерінің негізін салушы, Қазақ КСР халық суретшісі. Алматыдағы «Абай», «Шоқан», Тараздағы «Жамбыл», т.б. ескерткіштері. Шығармаларындағы ұлттық калорит, кейіпкердің жан дүниесін терең ашу шеберлігі. «Амангелді портреті», «Құрманғазы», «М.Хакімжанова», т.б. туындылары.

Сабыр Рақымов – қазақтан шыққан тұңғыш генерал, әскери қайраткер, Кеңес Одағының Батыры. Ұлы

Отан соғысы жылдарында дивизия қолбасшысы, «Темір генерал» атануы. Ерліктері. Наградалары. «Генерал Рахимов» атты көркемфильм. Рахимов атындағы республикалық мектеп-интернат.

Хиуаз Доспанова – қазақтан шыққан тұңғыш әйел-ұшқыш, жауынгер, батыр, Халық Қаһарманы. М.Раскова басқарған 46-гвардиялық бомбалаушы-ұшқыштар полкінде штурман қызметін атқаруы. 300-ден астам әуе шайқасқа қатысып, ерен ерлігі үшін «Қанатты қыз» атануы. Наградалары.

Төлеу Бәсенов – қазақтан шыққан тұңғыш кәсіпқой сәулетші, Қазақстанда сәулет мектебінің негізін салушы, сәулет саласындағы алғашқы ғалым-педагог. Алматы қаласының алғашқы бас жоспарын жасаған бас сәулетшісі. Қазақ опера және балет театрының ғимаратының, Мәскеудегі Бүкілодақтық халық шаруашылығы жетістіктері көрмесіндегі Қазақ ССР павильоны ғимаратының, ТМД елдері қалаларындағы ірі ғимараттардың, алып кешендердің авторы, 25 сәулет кешенінің жетекшісі.

Аида Мүсілімова – қазақ қыздары арасынан шыққан тұңғыш шахматтан спорт шебері. Қазақстанның 10 дүркін чемпионы. 1992 ж. Филиппиннің Манила қаласында өткен Бүкіләлемдік шахмат олимпиадасындағы жеңісі. Қазақстан Республикасы құрама командасының капитаны. Наградалары.

Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев – тәуелсіз Қазақстан Республикасының тұңғыш президенті. Шыққан тегі, балалық шағы, өскен ортасы. Қызмет жолы. Ғылыми еңбектері мен кітаптары. Реформалары. Н.Ә.Назарбаев – ТМД, ОАО, Кеден Одағы, Шанхай Ынтымақтастық Ұйымы, Еуразиялық Одақ сияқты халықаралық құрылымдарды дүниеге әкелудің бастамашысы. Н.Ә.Назарбаевтың бастамасымен ашылған оқу орындары.

Тоқтар Әубәкіров – қазақтан шыққан тұңғыш ғарышкер, ұшқыш, Кеңес Одағының батыры, Қазақстан Республикасының Халық Қаһарманы. Кеңес Одағында тұңғыш рет солтүстік полюске ұшу сапарын ерлікпен орындаушы. Реактивті ұшақтың 50-ден аса жаңа түрін сынақтан өткізуші. 1991 ж. 2 қазанда «Союз ТМ-13» кемесімен ғарышқа ұшқан тұңғыш қазақ. Ғарыштан биотехнология, металлургия, медицина салалары, Арал аймағы бойынша ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізуі.

Марат Жыланбаев – Гиннестің рекордтар кітабына 7 рекордымен енген тұңғыш қазақ марафоншы, халықаралық дәрежедегі спорт шебері. Эльбурсқа міну бойынша халықаралық жүгіру жарысындағы, Красноярская сотка, Өлім жазығы халықаралық супермарафондарындағы тамаша жеңістері. Қарақұм, Сахара, Үлкен Виктория және Невадаға табаны тиген тұңғыш қазақ. Наградалары.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Назарбаев Ә.Н. Тәуелсіздік белестері. Алматы, 2003.
2. Қазақстан. Ұлттық энциклопедия. 1-4-томдар. Алматы, 1999.
3. Ақтөбе. Энциклопедия. Ақтөбе, 2001.
4. Қазақстан тарихы. Очерктер. Алматы, 1994.
5. Қазақ өнерінің тарихы, 3 томдық. Алматы, 2008.
6. Касымбаев Ж. Государственные деятели казахских ханств. Алматы, 2002.
7. Назаров А.С. Первенец казахского кино. Алматы, 1980.
8. Сұлтанов Қ.С. Қазақтың жаңа дәуірі. Астана, 2010.
9. Жолымбетов Ә. Қазақстан спортшылар елі. Алматы, 2009.
10. Бейсенбайұлы Ж. Шоқан. Алматы, 2009.
11. Тайжанов А.Т. Тағылымды танымдар. Орал, 2007.
12. «Егемен Қазақстан» газеті, 25 қаңтар 2012 ж.
13. «Ақтөбе» газеті, 23 қаңтар 1996 ж.; 20 мамыр 2004 ж.; 13 желтоқсан 2005 ж.; 18 сәуір 2006 ж.;
14. «Парасат» журналы. №11, 2004 ж.
15. Республикалық «Жұлдыздар отбасы. Аңыз адам» журналы. №7. 2011 ж.; №20. 2012 ж.

Ақтөбе қаласы.



Алматы қаласындағы № 26 жалпы білім беретін мектеп 2000 жылдан бастап «Шаңырақ-2» ықпалауданында ашылып, жұмыс жасауда. Тұлбану Әлімқадырова жетекшілік ететін тарих және қоғамдық пәндер бірлестігі жеткіншек ұрпаққа білім беру мен тәрбиелеуді ұштастырып, үздіксіз жұмыс жасап келеді. Бірлестікте 11 тарихшы маман жұмыс атқарады. Мұғалімдердің сапалық құрамы: жоғары санаттысы - 4; бірінші санаттысы - 3; екінші санаттысы - 3; жас мұғалім - 1.

Олар 2009 жылдан бастап «Қазақ тарихы» журналына үздіксіз жазылып, мақалаларын жариялап келеді. Редакция аталған мектептің тарих және қоғамдық пәндер бірлестігінің ісіне береке, өздеріне жұдырықтай жұмылған ынтымақ тілей отырып, мұқабаның 1-бетіне бірлестік мүшелерінің суреті мен төменде іс-тәжірибесін назарларыңызға ұсынады.

ИСАТАЙ МЕН МАХАМБЕТ БАСТАҒАН КӨТЕРІЛІС

(Қазақстан тарихы. 8-сынып)

Гүлбану ӘЛІМҚАДЫРОВА (Алимкадинова),
№ 26 жалпы білім беретін мектептің тарих пәні мұғалімі,
пән бірлестігінің жетекшісі

Сабақтың мақсаты. Білімділік: оқушыларды кіші жүздегі көтеріліс тарихымен таныстыру, көтерілістің алғышарттарын, себептерін анықтап, көтеріліс басшыларының ықпалына баға беру. Көтерілістің өз құқықтарын қорғаулары үшін қажет болғанын түсіндіру. **Дамытушылық:** Логикалық ойлауын дамыту, шығармашылық жұмыспен айналысу дағдыларын қалыптастыру. **Тәрбиелік:** Ел тарихын құрметтеуге тәрбиелеу.

Сабақтың түрі: ізденіс сабақ.

Әдіс-тәсілі: АКТ, “Оқыту мен оқудағы жаңа тә-

сілдер”, “Оқыту үшін бағалау және оқуды бағалау”, “Сыни тұрғыдан ойлауға үйрету”, “Оқытуды басқару және көшбасшылық”.

Негізгі түсініктер: көтерілістің шығу себебі, басталуы, жеңілуі, тарихи маңызы, аумағы мен негізгі оқиғалары.

Көрнекіліктер: фишка, смайлик, кестелер, карта.

Бағалау: Формативті бағалау, суммативті бағалау.

Формативті бағалау нормасы: Әр кезең бойынша бағалау.

Кезеңі	Сабақ барысы	Мұғалімнің рөлі	Оқушы рөлі
I Ұйымдастыру: 2 мин	Ынтымақтастық атмосферасын құру. Топқа бөлу: 1-топ – Тарихшылар. 2-топ – Зерттеушілер. 3-топ – Әдебиетшілер.	Оқушылармен амандасу, түгендеу. Сабақты бастау.	Оқушылар сабаққа дайындалады.
II Үй тапсырмасын сұрау: (түсіну) 7 мин	Өткен тақырып бойынша сұрақтар қойылады: 1. Қай жылы Бөкей сұлтан Ресей императорынан Жайықтың оң жағына көшіп баруға рұқсат сұрайды? 2. 1801 жылы 11 наурызда Ресей монархы І Павел қандай жарлық шығарды? Және т.б.	Сұрақтар қою, жауаптарын қадағалау, формативті бағалайды.	Сұрақтарға жауап беру, өз пікірін ортаға салады, өзін-өзі танытады (Маслоу).
III Негізгі бөлім: қолдану 17 мин (талдау)	1. Тарихшылар тобы – өздері тақырыпты оқып, түсініп арнайы жасалған слайдтар бойынша алған білімдерін қалған балаларға түсіндіреді. Зерттеушілер тобы алдын-ала дайындап әкелген тақырып бойынша шығармашылық зерттеу жұмыстарын арнайы жасалған слайдтар бойынша қорғайды. Әдебиетшілер тобы – Махамбеттің өлеңдерін оқып, мәнін ашуға тырысады. 2. Тарихи тұлғаларға сипаттама беру. Исатай – Махамбет –	Қабылданған шешімдердің дұрыстығын анықтауына көңіл бөлу.	Сабақ барысында өз шығармашылықтарын көрсетеді. ЖАДА қолданады.
IV Жинақтау	Ой толғау: «Егер мен сол дәуірде өмір сүрсем...».	Оқушы деңгейін бақылайды, формативті бағалайды.	Өз бетінше еңбектенеді, метатануы артады (Флейвел).
V Үйге: 2 мин	1. 19 параграфты оқу. 2. Тақырыптық тест құрастырып келу.	Үлгі көрсетіледі.	Түсінбеген тапсырманы сұрайды
VI Бағалау: 2 мин	Оқушының білімімен берге құндылығында ескеру.	Жиынтық баға қойылады.	Топтар бір-бірін бағалайды.
Рефлексия: 1 мин	Бүгінгі сабақ оқушыларға түсінікті және қызықты.	Оқушылар белсенділікпен сабаққа қатысты. Сабақ мақсатына жетті.	Өз білімдерін бағалады, алған әсерлерін смайликтер бойынша білдіреді.

ҮШ ТІЛДЕ ОҚЫТУ ЗАМАН ТАЛАБЫ МА?

Сәбира БЕРТІЛЕУОВА,
№ 26 жалпы білім беретін мектептің тарих пәні мұғалімі

Оқытудың мақсаты	1. Оқушыларға көптілде сөйлей алатын тілдік құзыреттілік біліктілігін қалыптастыру туралы түсіндіру. Үш немесе одан да көп тілде қарым-қатынас жасай алуы және дерек жинай білуге үйрету. Адамгершілікке, мейірімділікке тәрбиелеу. Көпмәдениетті тұлғаны қалыптастыру. 2. Елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтың «Үш тұғырлы тіл» саясатын насихаттау.	
Жалпы мақсат	-оқушылар өз бетімен жұмыс істей алу дағдыларын қалыптастырады. - алған білімін жүйелей алады. - оқушының ізденіс нәтижесі анықталады. - өз ойын, пікірін ашық айта алады.	
Жетістік критерий	Оқушылар көптілде сөйлей алатынын түсінеді. Ұлы адамдардың нақыл сөздерінен мағлұмат келтіреді. Елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтың «Үш тұғырлы тіл» саясатын насихаттау.	
Ойлау деңгейі	Қолдану, талдау, бағалау.	
Сабақтың типі	Жаңа білімді меңгерту.	
Сабақтың түрі	Пікір-сайыс	
7 модульдің қолданылуы.	АКТ, “Оқыту мен оқудағы жаңа тәсілдер”, “Оқыту үшін бағалау және оқуды бағалау”, “Сыни тұрғыдан ойлауға үйрету”, Диалог, Көшбасшы.	
Әдіс-тәсілдер	Миға шабуыл, СТО стратегиялары, ауызша баяндау, сұрақ-жауап.	
Ресурстар	Интертақта, слайд, видеопроектор, компьютер, А 3 қағаз, фламастер.	
Сайыс кезеңі:	1.Сұрақтар қойылады. «Үш тұғырлы тіл» саясаты. 2.Мақал-мәтел сайысы. Қорытынды.	
Ұйымдастыру кезеңі 2 мин	Оқушылармен қалыпты психологиялық жағдай орнату: Ширату. Оларды үш топқа бөліп; топ жетекшілерін тағайындау; Хатшы тағайындау. Уақыт сақшысы. 1. «Мақтаушы» тобы. 2. «Даттаушы» тобы.	Оқушылар өз топбасшыларын сайлайды. Топ басшылары бір-біріне тілек білдіреді.
Кезеңдері	Мұғалімнің іс-әрекеті	Оқушы іс-әрекеті
Кіріспе 3 мин	Мұғалім: бүгін сынып арасында «Үш тілде оқыту заман талабы ма?» атты пікір-сайысымызды ашық деп жариялаймыз. Кез келген әңгіменің құндылығы мен өзектілігі, негізінен қозғаған тақырыбына қарай, сол тақырыпты ашу деңгейіне орай бағаланатыны белгілі. Бүгінгі әңгімеміздің төркіні – үштілділік мәселесі болмақ. Жүргізуші: Үштілділік жөніндегі сөз Елбасымыздың “Тілдердің үштұғырлығы мәдени жобасын кезеңдеп жүзеге асыруды қолға алуды ұсынамын. Қазақстан бүкіл әлемге халқы үш тілді пайдаланатын мәдениетті ел ретінде танылуға тиіс. Бұлар – қазақ тілі – мемлекеттік тіл, орыс тілі – ұлтаралық қатынас тілі және ағылшын тілі – жаһандық экономикаға ойдағыдай кіру тілі” деген үндеуінен бастау алған болатын. Дамыған өркениетті 30 елдің қатарына қосылу мақсатында жүргізіліп отырған «Үштұғырлы тіл» саясаты, шын мәнінде, елдің ертеңі үшін керек. Бұның мақсаты – көп ұлтты елімізде ұлтаралық татулықты сақтау, ұлттық-мемлекеттік біртұтастықты қалыптастыру, қазақстандық патриотизмді негіз ете отырып, ұлттың бәсекеге қабілеттілігін арттыру.	Оқушылар тыңдайды. Сыни тұрғыдан ойланады.
Миға шабуыл «Болжау» стратегиясы 20 мин	«Болжау» стратегиясы арқылы басталады. Жүргізуші: екі топқа сұрақтар қояды. 1.«Үш тұғырлы тіл» саясатын қолдайсыздар ма? 2.«Жеті жұрттың тілін біл» атты сонау ежелден келе жатқан мақалға көзқарастарыңыз қандай? 3.Өз тіліміз өзге тілдің көлеңкесінде қалып қойса, оған қандай пікір білдірер едіңіздер? 4.«Үш тұғырлы тіл» саясатының жетістіктері мен кемшіліктері қандай?	Ойланады, еске түсіреді, жаңа тақырыпты ашады. Сұраққа жауап береді.
Ой толғаныс 9 мин	Жүргізуші: келесі кезең бойынша топтар «Үш тұғырлы тіл» саясаты туралы өздерінің дайындап келген слайдтарын қорғайды.	Оқушылар слайдтарын дәлелдер арқылы түсіндіріп, видео-ролик, көрсетеді. Бір-бірін тыңдап, сұрақтарын қояды.
Жинақтау 3 мин	Жүргізуші: келесі кезең мақал-мәтел айту	Әр оқушы орындарынан тұрып мақал-мәтелдерін айтады.
Қорытынды. Кері байланыс. 8 мин	Жүргізуші: мақтаушы және даттаушы топтар сіздер бүгінгі пікір-сайысымызды бір сөзбен қорытсаңыздар. Осымен біздің пікір-сайысымыз өз мәресіне жетті. Келесі сөз кезегін қонақтарға тарту етеміз.	Оқушылар жүргізушіні тыңдайды. «Екі жұлдыз, бір тілек» арқылы кері байланыс жасайды.

ҰЙҒЫРЛАР МЕН ДҮНГЕНДЕРДІҢ ЖЕТІСУҒА ҚОНЫС АУДАРУЫ

Гүлнар ЖҰМАБАЕВА (Джумабаева),
№26 жалпы білім беретін мектептің тарих пәні мұғалімі

Мақсаты	Оқушыларға ұйғырлар мен дүнгендердің Жетісуға қоныс аудару себептерін, олардың шаруашылығына, салт-дәстүрлеріне, мәдениетіне сипаттама беру.		
Жалпы мақсат	Тақырыпты түсініп оқи білуге баулу. Тілін, сөздік қорларын дамыту арқылы сабаққа деген қызығушылығын арттыру.		
Күтілетін нәтиже	Оқушыларға ұйғырлар мен дүнгендердің Жетісуға қоныс аудару себептері мен тарихи маңыздылығы туралы өзіндік ой-пікірлерін қалыптастыру, баға беру.		
7 модульдің қолданылуы	АКТ, “Оқыту мен оқудағы жаңа тәсілдер”, “Оқыту үшін бағалау және оқуды бағалау”, “Сыни тұрғыдан ойлауға үйрету”, “Оқытуды басқару және көшбасшылық”.		
Әдіс-тәсілдер	«Кім жылдам?» ойыны, Кім алғыр? ЖИГСО, Интервью әдісі.		
Ресурстар	Карта, флипчарт, маркерлер, слайдтар, интербелсенді тақта, стикерлер, оқулық.		
Ұйымдас-тыру кезеңі Тренинг	1. Оқушылар шеңберге тұрып, бір-біріне тілектер айтады. 2. Шаттық шеңберін жасай отырып, оқушыларды гүлдер арқылы топқа бөлу.	Оқушылардың мұндағы мақсаты бір-біріне жақсы тілектер айтуды үйренеді және гүлдер арқылы өз жұптарын тауып, бір топ болып құралады.	
Кезеңі	Тапсырма	Мұғалімнің іс-әрекеті	Оқушылардың іс-әрекеті
Үй тапсыр-масын тексеру	«Асық» ойыны арқылы үй тапсырмасын қайталауға сыныпқа сұрақтар беру	Үйге берілген тапсырманы сұрақ-жауап арқылы диалогқа түсіру Слайдта үй тапсырмасын қайталауға сұрақтар жасалып, интерактивті тақтада көрсетіледі.	Мұғалім берген тапсырманы орындау слайдта жазылған барлық қайталау сұрақтары мен тапсырмалар интерактивті тақтамен беріліп, әр топ өз білгендерін, білетіндерін сыни тұрғыдан ойлау арқылы нақты дәлелдермен жауап береді.
Ой қозғау	Ассоциация құру сұрақ: ұйғырлар мен дүнгендер деген кімдер? Қоныс аудару деген не?	Кеңесші, бағыттаушы.	Бұрын алған білімдерін ортаға салып, бірлесе жұмыс жасайды.
Білу. Қы-зығушылық тарын ояту	Кітаппен жұмыс: 244-247-бб. материалды оқып, жүйеге келтіреді	Мұғалім бағыт-бағдар береді.	Материалды оқу арқылы ұйғыр, дүнгендердің басынан өткен оқиғаларды ажырата біледі.
Түсіну	«Кім алғыр» әдісі. Оқушыларға жарыс ретінді топпен сайыстыру мақсатында тапсырмалар беру.	Жаңа сабақты бастамас бұрын ой қозғау мақсатында оқушыларға сұрақ арқылы өткен тақырыпты еске түсіруге байланысты бірнеше сұрақтар дайындау.	Оқушылардың мұндағы мақсаты берілген сұрақтарға жауап беріп, өз ой-пікірлерімен санаса білу. Топпен жұмыс жасау.
Қолдану	«Ұйғырлар мен дүнгендердің Жетісуға қоныс аударуы» (10 мин) «ЖИГ-СО әдісі» пайдаланамыз.	Осы көрсетілген жаңа тақырыпты оқушыларға қысқаша түсіндіру мақсатында, көрсетілген әдіс бойынша жаңа материалдарға байланысты ресурстар беру, өз беттерінше дайындық жасату.	Оқушылар мұғалімді тыңдап, өз ойлары мен пікірлерін айтады. Әдіс бойынша жаңа тақырыпты меңгеріп, өз пікірлерін ортаға салады, бір-біріне түсіндіреді.
Сергітусәті	Өз есімдеріне байланысты жақсы сөздер айтады.	Оқушыларға қолдау көрсетеді	Көңіл-күйлері көтеріледі. Өз есімдерінің мағынасын біледі.
Талдау	Интервью әдісі арқылы тақырыпты талдау үшін тапсырма беру	Жаңа тақырыпты оқушыларға түсіндіру. Соңында интервью әдісін пайдалану арқылы жаңа тақырыпты меңгерту және сабақты талдату.	Мақсаты: мұғалімді тыңдап, өз ойлары мен пікірлерін айту. Әдіс бойынша әр топтан ортаға оқушы шығып бір-біріне жаңа тақырып көлемінде интервью арқылы сұрақ-жауап жүргізеді.
Жинақтау	Сөйкестендіру тесті (5 мин)	Мұғалім жаңа тақырыпқа байланысты тест таратады.	Оқушылардың мақсаты берілген тесті орындайды.
Бағалау	Өзін-өзі бағалау (2 мин) бағалау парақшалары.	Бағалау парақшасы мен бағалау шкаласын тарату.	Өзін-өзі топпен бағалайды.
Рефлексия	Стикерлерді толтыру.	Оқушыларға стикер толтыруды ұсыну.	Ұсынылған стикерді толтыру.

ҚАЗАҚТЫҢ ДӘСТҮРЛІ ЗАТТЫҚ МӘДЕНИЕТІ

(Қазақстан тарихы. 10-сынып).

Света ИШЕБАЕВА,

№26 жалпы білім беретін мектептің тарих пәні мұғалімі

Мақсаты.	Қазақ халқының дәстүрлі заттық мәдениетінің тарихи маңызы туралы білімдерін кеңейту. Білімділік: Оқушыларға Қазақ халқының материалдық мәдениеті туралы мәліметтер беріп, білімдерін арттыру. 2. Дамытушылық: Оқушылардың өзіндік жұмыс жасауға, ой-өрісін кеңейтіп, тарихи ойлау қабілеттерін дамыту. Тақырыпқа қорытынды жасап, өз пікірін айтуға баулу. 3. Тәрбиелік: Оқушыларды өз Отанымыздың ұлтжанды, еліміздің болашағына үлес қосатын ақылды, сауатты және парасатты, білімі жоғары, көзі ашық, көкірегі ояу сенімді азаматы етіп тәрбиелеу.			
Күтілетін нәтиже.	Қазақ халқының заттық мәдениетінің қалыптасуының тарихи маңызын анықтайды. Осыны жан- жақты талдай отырып, сыни көзқарастарын қалыптастырады. Өз пікірлерін білдіріп, тақырыпты қорытындылайды.			
Қолданылған модульдер.	-Сын тұрғысынан ойлауға үйрету. -Оқыту үшін бағалау және оқуды бағалау. -Оқытуды басқару және көшбасшылық. -Оқыту мен оқудағы жаңа тәсілдер.			
Түрі.	Жаңа сабақ.			
Әдістері.	Блум таксономиясы, АҚТ, суреттер, тірек сызба.			
Кезеңдері.	Мұғалім әрекеті	Оқушы әрекеті	Бағалау	Уақыт
Ұйым-дастыру.	1. Амандасу. 2. Жылулық шеңбері: «Жүректен жүрекке» ұстаз өзі бірінші болып тілек білдіреді. 2.Түстерді таңдау арқылы топқа бөлу. «Үш қадамдағы сұхбат» стратегиясы. Онда әр топ бір-біріне сұрақ қояды.	Тілек айту арқылы сәттілік тілеу. Топбасшыларын сайлау. Оқушылар сұрақтарға жеке жеке жауап береді.		
Үй тапсырмасын сұрау.				
Білу.	Слайд көрсету арқылы жаңа сабақтың тақырыбымен таныстыру.			
Түсіну.	Өзіндік даму технологиясы. Мәтінмен жұмыс: «Ой қозғау». 1-топ. «Қызыл» – Киіз үй тарихы. 2-топ. «Сары» – Ұлттық тағамдар. 3-топ. «Жасыл» – Әскери өнер.	1 Мазмұндау. Оқулықтағы мәтінмен жұмыс. 2 Қосымша ақпарат. 3.Диалог.	Бағалау критерииі: 1. Топтағы оқушының белсенді қатысуы.	
Қолдану.	Топтарды орындарымен алмастыру. Суреттер сөйлейді. Постермен жұмыс. Тақырыптарға қатысты суреттерді постерге орналастырып, әңгіме құрастыру.	Топтардың бір-бірін қаншалықты тыңдағанын бақылау.	Оқушылардың мұндағы мақсаты берілген тақырыпқа қатысты не біліп не үйренгендерін көрсету.	
Талдау	Топтарды орындарымен алмастыру. Сызбаны толтыру. Венн диаграммасы. 1-топ. Салыстырушылар. Венн диаграммасы. Киіз үй: Көшпелі және отырықшы баспаналар. 2-топ. Зерттеушілер. Дәстүрлі киім-кешек пен ұлттық тағамдар. 3-топ. Шығармашылдар. Әскери өнер.	Диалог. Ашық сұрақтар.	Бағалау критерииі: 1.Топтағы оқушының белсенді қатысуы. 2. Шапалақ әдісі.	
Сергіту сәті.	Жел қалай соғады – Жүрек қалай соғады – Алақан қалай соғады-			
Жинақтау.	«Сиқырлы орындық» әдісі: Сабақтың алдында орындықтардың астына жаңа сабақтың сұрақтары жасырылған. Қалағандарына сыйлық жасыруға болады.	Орындығынан сұрақ табылған оқушылар сұрақтарына жауап береді.		
Кері байланыс.	Чемодан –	Еттартқыш –	Қоқыс шелек –	
Үйге.	§47.Қазақтың дәстүрлі заттық мәдениеті.			
Бағалау.	Формативті бағалау.			
Рефлексия.	Сабақ сендерге ұнады ма? Ұнаса несімен? Нені жетілдіру керек?	Сабақтан алған әсерлері мен ұсыныстарын стикерге жазу.		

ЕГЕМЕНДІ ЕРКІН ЕЛ

Қалия ТІЛЕКМЕТОВА,
№26 жалпы білім беретін мектептің тарих пәні мұғалімі

Сабақтың мақсаты. Білімділік: оқушыларға Қазақ мемлекетінің егеменді еркін ел екендігін түсіндіру. **Дамытушылық:** егемен еліміз жайлы білімдерін молайту, тіл байлықтарын дамыту. **Тәрбиелік:** жас ұрпақты Отанымызды сүйуге, еліміздің рәміздерін, тарихын салт-дәстүрін құрметтеуге тәрбиелеу.

Сабақтың көрнекілігі: Қазақстан Республикасының картасы, Елбасымыздың портреті, рәміздер, буклеттер, қима қағаздар.

Сабақтың әдісі: түсіндіру, сұрақ-жауап.

Сабақтың барысы. I Ұйымдастыру.

Оқушыларды 3 топқа бөлу.

1-топ «Тұлпар», 2-топ «Сұңқар», 3-топ «Жігер». бұл топтар сабақтың барлық кезеңінде берілген тапсырмаларды орындау арқылы ұпай жинайды. Сабақ соңында жинаған ұпайлары бойынша бағаланады.

1-кезең. II Үйге берілген тапсырманы тексеру.

1. Отаным менің, байтақ өлкем (мазмұнын айту).

2. Отан туралы мақал-мәтелдер айту.

Сұрақтар:

- Мәтінде қандай поезд туралы айтылған?

- Ежелгі замандарда ең көп сатылған өтімді тауар қандай?

- Табиғи жібек өндіру технологиясын құпия ұстаған кімдер?

- Қытайлар жібекті қалай алған?

- Қазақстан жерінен өткен Жібек жолы елімізге қандай ықпал етті?

- Біздің мемлекетіміз жер көлемі жөнінен әлем елдері ішінде нешінші орында? (Сабаққа қатысып отырған топтардың ұпайлары өз қоржындарына салынады).

2-кезең. Сайыстың бұл кезеңінде сөзжұмбақ беріліп, нәтижесінде «Егеменді еркін ел» сөзі шығады

(Сөзжұмбақтың әрбір сұрағына берілген дұрыс жауапқа 1 ұпайдан беріледі).

III Жаңа сабақ. 1. Жаңа сабақтың тақырыбымен, мақсатымен оқушыларды таныстыра келе, көрнекіліктер бойынша түсіндіру.

2. Оқулықпен жұмыс.

3. Мәтінді 2-3 оқушыға тізбектеп оқыту.

IV Сергіту сәті. Оқушылардан туған жер туралы қандай ән білетіндіктерін сұрау және хормен ән айту.

3-кезең. Сызба бойынша жазылып, жасырылған сөздерді сұрақ-жауап арқылы ашады.

Жасырылған сөздер: дербес мемлекет, тәуелсіз ел, көп ұлтты ел, кең байтақ.

Сұрақтар:

- КСРО-ның құрамында қанша ел болды?

- ҚР мемлекеттік тәуелсіздігі қай жылы жарияланды?

- Тәуелсіз деген ұғымды қалай түсінесің?

- Қазақстан қай жылы БҰҰ-на мүше болды?

- Желтоқсан оқиғасы қай жылы болды?

- Мемлекеттік рәміздерді ата. (Берілген жауаптарына қарай топтарға ұпай беріледі).

4-кезең. «Қазақстанның болашағы балалар көзімен» тақырыбымен балалар сурет салады. Салған суреттері бойынша шағын әңгіме құрастырады.

5-кезең. 1-топ «Егер мен әкім болсам...».

2-топ «Егер мен мұғалім болсам...».

3-топ «Егер мен дәрігер болсам...».

Осы тақырыптар бойынша балалар ауызша өз ойларын айтады.

V Қорытынды. Сайысқа қатысқан топтардың ұпайлары есептеледі.

VI Бағалау.

VII Үйге тапсырма: Мәтінді оқып келу.

ЕЛІМНІҢ БАҚЫТЫН ТЕРБЕТКЕН – ТӘУЕЛСІЗДІК

Нұргүл ҚАСЫНБАЕВА,
№ 26 жалпы білім беретін мектептің тарих пәні мұғалімі

Тәрбие сағатының мақсаты. Білімділігі: балалардың бойында Қазақстанның өткені мен бүгінгі өмірін салыстыра отырып, өз еліміздің даму тарихы туралы танымдарын қалыптастыру. Ұлттық сана сезімін, саяси сауаттылығын ояту. Тәуелсіздік күні туралы терең мағлұмат беру. Тәуелсіздік үшін күрескен, желтоқсан құрбандарын еске түсіріп, желтоқсан құрбандарының ерлігі жайында түсіндіру. **Тәрбиелігі:** Қазақстанның болашақ дамуына өзіндік үлес қосатын жеке тұлға екендерін ұғындыру. Қоғамның бір мүшесі ретінде адам өмірі мен жақсы тұрмыстық құндылықтарын ұғындыру, жауапкершілік сезімдерін ояту. Оқушыларға патриоттық тәрбие беру, Отанды сүйуге және ерлікке баулу. Желтоқсан оқиғасында ел қамын жеген ерлерді үлгі тұту, өнеге алуға және халқының тарихын білуге үйрету, достыққа, ұйымшылдыққа тәрбиелеу. **Дамытушылығы:** балалардың өткен тарихқа деген қызығушылығын ояту.

Түрі: ашық тәрбие сағаты.

Әдісі: сыни тұрғыдан ойлау, диалог, блум таксаномиасы, АКТ.

Өлшемдік ойлау қабілеті: 10 сынып (жас ерекшеліктеріне байланысты оқыту).

Өтілетін орны: мәжіліс залы.

Сабақтың көрнекілігі: ұлағатты сөздер, слайдтар, суреттер.

Тәрбие сағатының барысы:

Қайрат: – Армысыздар, құрметті ұстаздар, оқушылар және қадірменді қонақтар! Бүгінгі Тәуелсіздігімізге арналған «Елімнің бақытын тербеткен Тәуелсіздік» атты мерекелік кешімізге қош келдіңіздер!

Тәуелсіздік – ең басты құндылығымыз. Тәуелсіздікке қантөгіссіз, бейбіт түрде қол жеткізгеннен кейін ғана елімізді әлемнің өркеніетті мемлекеттерінің қатарына қоса алдық. 20 жыл ішінде тәуелсіз Қазақ елін қалыптастырып, нарықтың қиын өткелдерінен аман өткізіп келеміз. (Өнұран орындалады).

Бүгін кештің жүгізушілері: Шаяхмет Карина,

Қанат Қайрат.

Бұл кешті ұйымдастырушылар: 10 «Ә» сыныбы.

Карина: Армандарды жақындатып тым алыс,

Біздің жаққа жеткен екен жылы ағыс.

Егемендік – ел бақыты, ертеңі,

О, халайық! Құтты болсын қуаныш!

Тәуелсіздік алған жылдары қайсыбір мемлекеттер біздің болашағымызға күмәнмен қарады. Көптеген қиындықтарды бастан кешкенімізде рас. Осындай қиын-қыстау сәтте бүкіл халықтың сеніміне ие болған Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың көреген істері, салиқалы саясаты мемлекетімізді дүние жүзіне танытып қана қоймай, бүгінгі күні дамыған 50 елдің қатарына қосылдық.

Олай болса «Елімнің бақытын тербеткен – Тәуелсіздік» тақырыбында баяндама. Ортаға Еркебұлан Дайананы шақырамыз.

Қайрат: Астанадағы Бейбітшілік және келісім сарайында Қазақстан халқы Ассамблеясының мерейтойлық XX сессиясы өтті. Сессияда Елбасы Қазақстан халқы Ассамблеясын «Бүкіл халықтық өкілдік!» деп атады. Көреген Ұлт Көшбасшысының ұлы мақсатын сессияның аты да әйгілеп тұр: «Қазақстан – 2050» Стратегиясы: бір халық – бір ел – бір тағдыр!»

Карина: Елбасы сессияда сөйлеген өз сөзінде:

«Бір халық» – бұл барлығымыз үшін ортақ ұлттық мүдделер, «Бір ел» бұл – барлығымыз үшін ортақ Отан. «Бір тағдыр» бұл – біз бірге жүріп өткен қиындықтар мен жеңістер!

Олай болса Елбасымыздың өмірімен қысқаша танысып кетсек. Ортаға Тұрлыбек Мереке мен Хасенқызы Жаннаны шақырамыз.

Қайрат: Міне, қазақстандық қоғамдық келісімді шайқалтпай ұстап тұратын табаны таудай үш таған. Қоғамдық келісімсіз мемлекет бір адым да ілгері жылжи алмайды деді.

Карина: Елбасы мынаны баса айтты: «Қазақстандағы қоғамық келісім, ең алдымен, қазақтың келісімі екендігін мықтап есте сақтаған абзал. Қазақтың ынтымағы мен бірлігі мықты болмайынша, мем-

лекеттің тұтастық келбетін сақтау мүмкін емес». Ендеше, Ассамблея – барша қазақстандықтың мүддесі! – деген болатын. Құрметті көрермендер экранға назар аударайық.

Қайрат: Олай болса, келесі кезекте сыныбымыздың Елбасымызға арналған өлең шумақтарын тыңдауға рұқсат етіңіздер.

Карина: Мектебіміздің жез таңдай әншілері Аманжол Самат орындауында «Қазақтың жері» әнін қабыл алыңыздар.

Қайрат: «Жауқазын жыр жүрегімде» демекші, оқушылардың Елбасына арнап жазған поэзияларына кезек берейік. «Менің сүйікті президентім!» тақырыбында: Сабыржан Жансая, Тоқтасын Ұлболсын қарсы алыңыздар.

Карина: «Ақылмен іс қылған еңбек елге сүйкімді болады» деп Жүсіп Баласағұн айтқандай, Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев – саясаткер, ғалым және стратегия ретінде қысқа кезең ішінде тәуелсіз мемлекеттің жетістіктерге қол жеткізе алатындығын бүкіл Әлем алдында дәлелдеп берді. Келесі кезекте Н.Ә.Назарбаевтың балалық шағынан алынған көріністі тамашаласақ. Қорытынды бөлім:

Қайрат: Қазақстан Республикасының Президенті туралы өзінің елінде де, сондай-ақ әлемнің басқа жерлеріне жақсы жағынан айтылып келеді, оның атқарған істерінің, әсіресе, біздің еліміздегі ғана емес барлық халықтардың бейбіт өмір сүруіне орай тындырған жұмыстарының мән-маңызын сезінбеу мүмкін емес, сондықтан да «Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев – менің сүйікті Президентім!» деп зор сеніммен әрі мақтанышпен айта аламыз!

Карина: Біз шын мәнінде Президент Назарбаев бізге қолайлы да еркін өмір сүруімізге барлық мүмкіндік жасап келе жатқаны үшін мақтан етеміз.

Мансұр мен Мади «Қазақстан» әнін орындайды.

Қайрат: Бүгінгі ұрпақ болар елдің ертеңі дей келе бүгінгі тәуелсіздігіміздің 20 жылдығына арналған «Елімнің бақытын тербеткен – Тәуелсіздік» атты мерекелік кешіміз өз мәресіне де келіп жетті.

ГУЛАГ ЖҮЙЕСІ

(1920-30-жж. ұлттық зиялы қауымға қарсы қуғын-сүргін)

Марал БАЗАРБАЕВА,

№ 26 жалпы білім беретін мектептің тарих пәні мұғалімі

Оқытудың мақсаты	1.1920-30 жылдардағы қоғамда қалыптасқан саяси жағдайға талдау жасайды, Қазақстандағы тоталитаризмнің көріністерін сипаттайды. Саяси қуғын-сүргіннің сипатын, барысын, нәтижесін түсінеді. Терминдермен жұмыс жасап, анықтамасын бере алады. 2. Ұлы адамдардың өмірбаянын мағлұмат келтіреді, оларды бағалайды. Жазалау лагерлері туралы мағлұматтармен жұмыс жасап, сұрақтарға жауап береді.
Жалпы мақсат	- Оқушылар өз бетімен жұмыс істей алу дағдыларын қалыптастырады. - Алған білімін жүйелей алады. - Оқушының ізденіс нәтижесі анықталады. - Өз ойын, пікірін ашық айта алады.
Жетістік критерий	Терминдермен жұмыс жасап, Қазақстандағы тоталитаризмнің көріністерін сипаттайды. Саяси қуғын-сүргіннің сипатын, барысын нәтижесін түсінеді. Ұлы адамдардың өмірбаянына мағлұмат келтіреді. Жазалау лагерлері туралы мағлұматтармен жұмыс жасайды.
Ойлау деңгейі	Қолдану, талдау, бағалау.
Сабақтың типі	Жаңа білімді меңгеру.
Сабақтың түрі	Шығармашылық ізденіс, проблемалық оқыту.
7 модульдің қолданылуы	АКТ, "Оқыту мен оқудағы жаңа тәсілдер", "Оқыту үшін бағалау және оқуды бағалау", "Сыни тұрғыдан ойлауға үйрету", Диалог, Көшбасшы.

Қолданылатын әдіс-тәсілдер	Миға шабуыл, СТО стратегиялары, ауызша баяндау, сұрақ- жауап, деңгейлік тапсырмалар, «Ойлан, бірік, бөліс», «Сағат-минут» әдісі, «Диірмен» әдісі, «Инсерт» әдісі.	
Қолданылатын ресурстар	Қазақстанның саяси картасы, саяси қуғын -сүргіннің құрбаны болған қоғам қайраткерлерінің фотосуреттері, буклет, видеопроектор, компьютер, слайд, А 3 қағаз, фламастер.	
Тақырыпты оқыту жоспары:	1.Сталинизмнің орнығуы. Жазалау шараларының күшеюі. 2.Қазақстандағы тоталитаризмнің көріністері. 3.Қазақстан – ГУЛАГ жүйесінде. 4. Зұлматты жылдар сұмдықтары.	
Ұйымдастыру кезеңі 3 мин	Оқушылармен қалыпты психологиялық климат орнату: Ширату: - оқушыларды үш топқа бөлу; -топ жетекшілерін тағайындау; -көшбасшысын тағайындау; -хатшы тағайындау; -әрлеуші; -тайм спикер. 1.«Кеңестер» тобы. 2.«Тарих» тобы. 3. «Ақиқат» тобы.	Оқушылар топқа бөлініп, өз топ-басшыларын сайлайды. Топ басшы-лары бір-біріне тілек білдіреді.

Кезеңі	Тапсырма	Мұғалімнің іс-әрекеті	Оқушы іс-әрекеті
Қызығу-шылық тарын ояту 5 мин	Алдыңғы білім: «Тосын сый»	№ 26 ЖББ мектептің мұғалімдерінең өткен тақырыптары бойынша сұрақтар қояды. 1.«Комсомол – Коммунистік партияның көмекшісі әрі тың күші!» деген ұранды қалай түсінесіңдер? 2.Оқушылар коммунистік ұйымдарының құрылуы қандай қағидаларға негізделді? 3.Ғ. Мұратбаевқа ұлт зиялысы ретінде баға беруге бола ма?	Оқушылар сұраққа жауап береді. Топтар бас бармақ арқылы бағалайды.
Білу Түсіну 5 мин	Миға шабуыл «Болжау» стратегиясы.	«Болжау» стратегиясы арқылы басталады. Оқушыларға интертақтадан «Өмір дастан» деректі фильм көрсетемін. Мынандай сұрақтар қоямын: 1.Бүгінгі сабақта әңгіме не туралы болады? 2.Қандай тақырып маңайында өрбиді?	Ойланады, еске түсіреді, жаңа тақырыпты ашады. Сұраққа жауап береді.
Мағынаны тану Қолдану Талдау Ой толғаныс 15 мин	Ойлан, бірік, бөліс тапсырмасы.	1. «Кеңестер» тобы. Тапсырмасы: Қазақстандағы тоталитаризмнің көрінісіне сипаттама беру. «Венн диаграммасын» толтырады. 2. «Тарих» тобы. Тапсырмасы: Қазақстандағы 1930 жылдардың бас кезеңіндегі лагерлер жүйесіне сипаттама беру. Слайд жасайды. 3 «Ақиқат» тобы. Тапсырмасы: 1920-1930 жж. сталиндік қуғын-сүргіннің ақиқат зардаптарына сипаттама беру, нәтижесін ментальді картаға түсіреді.	Жеке ойланады, топ болып біріге жұмыс жасайды, басқа топтарға бөліседі. Өз-өздерін бағалау парақшасына бағалап отырады.
Жианақтау 5 мин	«Сағат-минут» әдісі Диірмен әдісі	1-тапсырма. Концентрация – шоғырлану, топтастыру. Репрессия – мемлекеттің өз азаматтарына қолданатын қатаң жазалау шаралары. АЛЖИР – Ақмола қаласындағы әйелдерге арналған лагерь \Отанына опасыздық жасағандар отбасыларының мүшелеріне арналған лагерь. Ресми түрде лагерлер бас басқармасының 26-шы нүктесі делінді. 26 нүктеде 22 мыңдай тұтқын әйелдер азап шеккен. Акмолинский лагерь жен изменников Родины. Карлаг – Қарағанды қаласындағы лагерь /Қарағанды еңбекпен түзеу лагері/. Степлаг – далалы аймақтағы лагерь. ГУЛАГ – лагерьлер Бас басқармасы 2-тапсырма. Жергілікті зиялылардың «халық жауы» қатарына жатқызылып, жазаланған уақытын бағытпен көрсетіңіз? 1928 ж. М.Тынышбаев. 1937 ж. 8 қазан А.Байтұрсынов. 1930 ж. 4 сәуірде Ж.Аймауытов. 1935 ж. 5 қазан М.Дулатов. 1938 ж. С.Сейфуллин. Тест тапсырмаларын орындау:	Оқушылар шеңберге тұрады, сағат тілі минуттарға сұрақ қояды, минуттар жылжып сағат тіліне сұрақ қояды. Смайликтер арқылы бағалайды.
К е р і байланыс	«Insert» /түртіп алу/.	«Insert» /түртіп алу/. «V» бұрыннан білемін. «+» мен үшін жаңалық. «?» мағына түсініксіз. «-» келіспеймін. Жеке адам құқығы аяққа басылып, балама пікір айтқан адам «халық жауына» жатқызылып, жазаланды.	Берілген тапсырманы уақтылы орындау, сұрақтарға нақты жауап беру.
Бағалау		Бағалау парағы.	Топ басшысы бағалайды.

ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕМЛЕКЕТІНІҢ НЕГІЗІН ҚАЛАУШЫЛАР

Ақбота ӘБЕНОВА,
№26 жалпы білім беретін мектептің тарих пәні мұғалімі

Жалпы мақсат:	Қазақ Ұлттық мемлекетінің негізін қалаушылар, Қазақ хандығының ішкі және сыртқы саяси жағдайы туралы, қазақ ұлттық мемлекетінің құрылуының тарихи маңызы туралы оқушыларға жан-жақты түсінік беру.	
Күтілетін нәтижесі:	Оқушылардың сабаққа деген қызығушылықтарын тудыру, өз ойларын айтуға жетелеу, ойлау қабілеттерін дамыту.	
Материалдар:	Постер. Маркер. Бейнетаспа. Слайд. Оқулық.	
Оқыту әдістері:	Оқытудағы жаңа әдіс-тәсілдер, сыни ойлауды дамыту, АКТ, диалог.	Жеке жұмыс; жұптық жұмыс; топтық жұмыс.
Психологиялық ахуал туғызу.	Амандасу, Топтастыру.	1. «Керей хан тобы». 2.«Жәнібек хан тобы». 3. «Әбілқайыр хан тобы».
Тапсырмалар:	Мұғалім әрекеті, жетелеуші сұрақтар.	Оқушы әрекеті.
Үй тапсырмасы. Кубикті лақтыру әдісі бойынша.	Өтілген тақырыптар бойынша интерактивті тақтадан сұрақтар беріледі.	Топпен ақылдаса отырып сұрақтарға жауап береді.
Түсіну. Бейнеролик көру.	Қазақ хандығының құрылу туралы бейнероликтен көрсету және түсіндіру.	Тақырыптың мазмұнын ортаға салып, талқылайды. Бір-біріне айтып түсіндіреді.
Қолдану.	Әр топқа тапсырма береді, постермен жұмыс жүргізіледі.	Оқушылар берілген тапсырманы суреттер арқылы көрсетеді. Постерге салады.
Талдау	Венн диаграммасы. 1-топ. Керей мен Жәнібекті Н.Назарбаевпен салыстыру. 2-топ. Қазақ хандығын Қазақстан Республикасымен салыстыру. 3-топ. Қазақ хандығының аумағын ҚР территориясымен салыстырады. Картадан көрсету.	Венн диаграммасы арқылы тапсырманы орындауда ерекше қызығушылық танытады.
Сергіту сәті	«Қара жорға» биі арқылы.	
Жинақтау	Тест тапсырмаларын таратып береді. Оқушыларға тексертеді. Тест қорытындысын слайдтан көрсетеді.	Оқушылар тест сұрағын белгілейді. Бір-бірімен алмастыра отырып, тест қорытындысы бойынша бағалайды.
Бағалау	Бағалау парақшасын тарату.	Өзін-өзі топпен бағалайды.
Рефлексия	Стикер толтыру. Оқушыларға стикерді толтыруды ұсыну.	Ұсынылған стикерге бүгінгі сабақтан алған әсерлерін толтыру.
Қорытындылау	Алдын-ала талданып жазылған оқу мақсатына оралу, бағалау.	Жаңа оқу материалына қатысты білімдерін жинақтайды, бағалайды.
Үйге тапсырма	§ 32-33 Қазақ Ұлттық мемлекетінің негізін қалаушылар.	

ҮЙСІНДЕР

Сандуғаш ШАДИЕВА,
№26 жалпы білім беретін мектептің тарих пәні мұғалімі

Мақсаты:	Білімділік: Оқушыларға үйсіндердің даму тарихы, орналасуы, қоғамдық құрылысы туралы жан-жақты мәліметтер беріп, білімдерін жетілдіру. Дамытушылық: Оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамыту. Тәрбиелік: Оқушыларды патриотизмге, өз тарихын жақсы танып білуге тәрбиелеу.			
Қолданылған модульдер:	-Сын тұрғысынан ойлауға үйрету. -Оқыту үшін бағалау және оқуды бағалау. -Оқытуды басқару және көшбасшылық. -Оқыту мен оқудағы жаңа тәсілдер.			
Сабақтың түрі:	Жаңа сабақ.			
Әдістері	Блум таксономиясы, АКТ, суреттер, тірек сызба			
Кезендері	Мұғалім әрекеті	Оқушы әрекеті	Бағалау	Уақыт
Ұйымдастыру Үй тапсырмасын сұрау	1. Амандасу. 2. Шаттық шеңбері: 3. Гүлдерді таңдау арқылы топқа бөлу. «Кубизм» стратегиясы. Онда әр топ бір-біріне сұрақ қояды.	Тілек айту арқылы сәттілік тілеу. Топ басшыларын сайлау. Оқушылар сұрақтарға жауап береді.		

Білу	Слайд көрсету арқылы жаңа сабақтың тақырыбымен таныстыру: «Үйсіндер».			
Түсіну	Мәтінмен жұмыс: «Ой қозғау». 1-топ. «Шаңырақ» – Үйсіндер туралы жазба деректер. 2-топ. «Ұлан» – Үйсіндердің қоныстанған жері. 3-топ. «Қыран» – Үйсіндердің қоғамдық құрылысы.	1 Мазмұндау. Оқулықтағы мәтінмен жұмыс. 2 Сұрақтар қою. 3.Диалог.	Бағалау критерийі: 1.Топтағы оқушының белсенді қатысуы.	
Қолдану	Білгенге маржан. Картамен жұмыс.	Географиялық орнын анықтайды.	Бағалау критерийі: 1. Топтағы оқушының белсенді қатысуы. 2. Тайпалардың аумағын нақты табу.	3
Талдау	«Топтастыру» арқылы жалпы бүгінгі сабақты меңгерту іс-әрекетіне байланысты сабақты талдау.	Әр топқа жаңа тақырып төңірегінде тапсырмалар тарату. Әр топ өз беттерінше ақылдасып, нәтижесінде топтаса отырып ортақ жауап табады, сол арқылы тақырыптың мағанасын ашады.	Берілген тапсырманы уақтылы орындау, сұрақтарға нақты жауап беру, өзара пікір алмасады, топпен, жеке-дара тапсырмаларды орындайды, нәтижесінде топтаса отырып ортақ жауап табу керек.	
Сергіту сәті	«Қара жорға» биі.			
Жинақтау	Суреттер жарысы. Сурет арқылы ойларын ортаға салу.	Әр топ өзіне берілген суреттегі тапсырмаларды ашады.	Әр топ суреттегі тапсырмаларды орындайды.	
Бағалау	Осы сабақ бойынша топ басшыларының бағалауларын тыңдау. Мұғалім қорытынды шығару.			
Үйге	§ 46-47. Үйсіндер.			
Бағалау:	Формативті бағалау.			
Рефлексия	Сабақ сендерге ұнады ма? Ұнаса несімен? Нені жетілдіру керек?	Сабақтан алған әсерлері мен ұсыныстарын стикерге жазу.		

Алматы қаласы.

Адам. Қоғам. Құқық.

ОТБАСЫЛЫҚ ҚҰҚЫҚ

Индира РАМАЗАНОВА,

№36 мектеп-гимназияның тарих, құқық пәндері мұғалімі

Мақсаты: Отбасы құқығын, некені бұзу, отбасындағы ерлі-зайыптының, баланың құқығы мен міндеті, неке шарты туралы түсіндіру. Оқушыларды ата-ананы құрметтеуге, отбасылық құндылықты ұғынуға, мейірімділікке, имандылыққа, жауапкершілікке тәрбиелеу. Құжаттарды пайдалана отырып, олардың өз бетінше жұмыс жасау дағдысын дамыту.

Түрі: аралас.

Әдісі: интерактивті, сұрақ-жауап, пікір алысу, эссе.

Көрнекілігі: дәйекті сөздер, 25.12.2011 ж. ҚР “Неке және отбасы туралы” кодекс, тірек сызбалар.

Пәнаралық байланыс: әдебиет.

Сабақ барысы. I Ұйымдастыру бөлімі.

- оқушылармен амандасу.

- оқушыларды түгендеу.

-сынып дайындығын қарау.

II Үй тапсырмасын сұрау. 1.Еңбек дегеніміз не?

2.Неше жастан бастап еңбек ете алады?

3.Еңбек шарты және оның жасалуы, тоқтатылуы.

III Жаңа сабақ. Эпиграф.

Қыз анадан көрмейінше өнеге алмас,

Ұл атадан көрмейінше сапар шекпес.

Қорқыт ата. Отбасы туралы бейнеролик көрсету.

Слайд (мұғалімнің ауызша баяндауы).

1. Отбасы түсінігі.

2.Некеге отыру тәртібі.

3.Некенің тоқтатылуы.

4.Ата-ананың құқықтары мен міндеттері.

5.Неке шарты.

«Үлгілі отбасы» тренинг.

I топ (әке рөлі, ертең жауапты жұмысқа кірісетін болғандықтан, бүгін кешке үйінде тыныш демалғысы келеді).

II топ (үлкен баласы, дәл сол күні өз үйінде кеште достарымен көңілді кеш өткізгісі келуі).

III топ (кіші баласы, бір нәрсеге шамданып, өз ойымен әуре боп отыр, оған үлкендерінің көмек, кеңес бергенін қалайды).

1-тапсырма (Баланың құқықтары мен міндеттері, пайда болуы, тоқтатылуы).

2-тапсырма. Ерлі-зайыптылардың құқықтары мен міндеттері, басталу және аяқталу мерзімдері).

3-тапсырма. «Менің отбасым...» эссе жазу.

IV Үйге тапсырма: §28 тақырыпты оқу, ситуациялық тапсырмалар беру арқылы материалдар іздеу тапсырылады.

V Бағалау.

Атырау қаласы.

Қазақ тарихы

№4 (151), сәуір, 2017

СӘУЛЕТ ЕСКЕРТКІШТЕРІ

(Қазақстан тарихы. 5-сынып)

Гүлмира БЕКЕНОВА,
Амантоғай жалпы білім беретін орта мектебінің
тарих және құқық пәні мұғалімі

Сабақтың мақсаты. Білімділік: оқушыларға сәулет өнері туралы мағлұмат беру; 2) Оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамыту. **Тәрбиелік:** өз Отанын сүйуге, тарихи ескерткіштерді қадірлей білуге тәрбиелеу. **Дамытушылық:** ақпараттық коммуникативтік технологияларды еркін қолдана білуін қызығушылықпен терең дамыту.

Сабақтың түрі: аралас сабақ.

Көрнекілігі: интертақтадағы әлемдік ғимараттар сәулеттері, қарта схема, фотосуреттер, карточкалар, видеофильм.

Пәнаралық байланыс: тарих, әдебиет.

Сабақ жоспары: Қызығушылығын ояту. Мағынасын тану. Ой толғаныс. Бекіту. Үйге тапсырма. Бағалау.

Ұйымдастыру кезеңі. Сәлемдесу. Оқушылардың сабаққа қатысуын түгендеу. Оқушы назарын сабаққа аудару.

Топқа бөлу. Ұлттық жәдігерлер арқылы (киіз үй, ұлттық киім, қолөнер бұйымы суреттері арқылы).

1. Ынтымақтастық атмосферасын құру.
2. Қуаныш бүгін ерекше,
3. Шуағын шашып тұр әлем.
4. Білімнің шығар шыңына
5. Ұрпағым, саған мың сәлем!

Бейне ролик көрсету. Жаңа сабақ. X-XII ғасырдағы Қарахан мемлекетінің тұсында сәулет өнері дамыды. Оған дәлел Тараз қаласының маңындағы Айша-биді, Бабаджа-қатын кесенелері.

XIII ғасырда Моңғол шапқыншылығы кезінде сәулет өнерінің дамуына көп нұқсан келтірді. XIV-XV ғасырда ірі археологиялық құрылыстар салына бастады. Арыстан-баб, Қожа Ахмет Ясауи кесенесі, Көк кесене, Алаша хан, Дәуітбек, Тектұрмас кесенелері жатады.

XIV ғасырларда Түркістан, Отырар, Тараз қалаларында монша табылды. Отырардағы монша жер көлемі – 163,5 шаршы метр, 10 бөлмеден тұрды. Бу, массаж, шешінетін бөлмелері бар. Құдық суын пайдаланған. Монша оттықпен жылытылған. Күйдірілген кірпіштен салынған.

Тайқазан – 1399 жылы Тербиз шаһарының ұстасы Әбділ Әзиз ибн-Саруараддин Қарнатқа құйған. 7 түрлі метал қоспасынан құйылған. Тайқазаннан жұма күндері намазға келгендерге тәтті су, жетім-жесірлерге, кәріптерге арнап ас берген. Бүкіл адамның басын қосып адалдыққа, адамдыққа, адамгершілікке уағыздаған.

XVI ғасырдағы сәулет өнері. Қазақстанның оңтүстік астанасының көркіне айналған қазіргі зәулім мешіт бұрынғы ескі мешіт орнына жайғасқан. Жоба авторлары сәулетші С.Баймағамбетов, Ш.Шарапиев және К.Жарылғапов. Мешіт құрылысын «Алматыжилстрой» жүргізді. Қаражатын Алматы қаласының әкімшілігі көтерді. Мешіттің бітуіне ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаев сүбелі үлес қосты.

Мешіттің жалпы ауданы – 3594,5 шаршы м., пайдалы көлемі – 3264,5 шаршы м., үлкен залдағы люстраның салмағы – 1750 кг, диаметрі – 5, ұзындығы – 7 метр, 365 шамы бар. Мешіт бес мың адамға арналған үлкен төрт залдан тұрады: негізгі зал, бес уақыт намаз оқитын зал, әйелдер залы және иътй-қаш (мұсылманның өзімен-өзі Аллаға құлшылық ететін) бөлмесі. Барлық бөлмелерге «Алматы кілем» фабрикасы тоқыған кілемдер төселген. Мешіттің төрт мұнарасы бар. Бас мұнараның биіктігі – 40 метр. Бұл хазреті Мұхаммедке (с.ғ.с.) пайғамбарлықтың қырық жаста қонғандығын, ал төрт мұнара төрт халифаны білдіреді. Мінбердің биіктігі – 7,77 м, яғни ол жеті қат аспан, жеті қабат жер дегенді білдіреді. Ол сүйек қолдана отырып самырсын ағашынан жасалған. Үлкен күмбездің диаметрі 20, қалған төрт кіші күмбездердің биіктігі 27 метр.

Бекіту кезеңі. 1-топ – Қарахан кесенесіне шолу жасау. Постермен жұмыс.

«Не? Қайда? Қашан?» Кестесін толтыру.

Құтан әулие кесенесі.

2-топ – Айша биді кесенесіне шолу жасау. Постер қорғау.

Айша биді кесенесінің тарихын баяндау.

Кейкі батыр кесенесі.

3-топ – Қожа Ахмет Ясауи кесенесіне шолу жасау. Постермен жұмыс.

Қожа Ахмет Ясауидің өмірбаянын айту.

Шайхы Молла мешіті.

1-топ – Сәйкестендіру тесті.

2-топ – Бес жол өлең.

3-топ – БҮБ әдісі.

Рефлексия.

Сабақ	Мен сабақта	Қорытынды
1. Қызық	1. Жұмыс істедім	1. Материалды түсіндім.
2. Қызықсыз	2. Демалдым	2. Білетінімнен де көп білдім.
3. Енжарлық басым	3. Басқаларға көмектестім.	3. Түсінбедім.

Қорытындылау. Президентіміз Н.Ә.Назарбаевтың “Мәдени мұра” бағдарламасы бойынша тарихи ескерткіштерді, мәдени мұраларды зерттеуге тапсырмалар жүктелді. Қазіргі таңда әлем деңгейінде зерттеу жұмыстары қызу жүріп жатыр. Әр азамат тарихи және мәдени мұралардың сақталуына қамқорлық жасауға, тарих пен мәдениет ескерткіштерін қорғауға міндетті.

Бағалау.

Үйге тапсырма. Оқу, дерек, буклет.

Қостанай облысы,
Амангелді ауданы.

Қазақ тарихы
№4 (151), сәуір, 2017

ҚАЗАҚСТАН АУМАҒЫНДАҒЫ ТАЙПАЛЫҚ ОДАҚТАР МЕН МЕМЛЕКЕТТЕР

Эльмира СЕРІКҚАЛИ,
Қаршы орта білім беретін мектебінің тарих пәні мұғалімі

Сабақтың мақсаты	Қазақстан аумағында өмір сүрген тайпалардың шығу тарихын, қоғамдық құрылыстарын, шаруашылықтарын, ескерткіштерін қорытындылап қайталау.			
Әдіс-тәсіл	Блум таксономиясы, диалогтық оқыту, топтық жұмыс, жұптық жұмыс, сұрақ-жауап.			
Нәтижесі	Қазақстан аумағындағы тайпалық одақтар мен мемлекеттердің құндылығын бағалайды.			
Түйінді идея	Н.Назарбаевтың сөзі: «Қазақстанның тәуелсіздік тарихы аппақ тарих бетіне күні кеше түсе қалған жоқ, оның көне мәдениеті, дәстүрлері бар. Бүгінгі күнді түсініп-түйсінуге үшін де, болашақтың дидарын көзге елестету үшін де кешегі кезеңге көз жіберуіміз керек».			
№	Уақыт	Мұғалімнің әрекеті	Оқушы әрекеті	Көрнекілік
1	2 мин	Сыныпта ынтымақтастық атмосферасын ұйымдастыру.		Стикер
2	2 мин	Топқа бөлу. Оқушыларды топқа бөлу арқылы алдағы сабақтың не туралы болатынын пайымдату, назарларын жаңа сабаққа қарай бағыттау.	1-топ. Яксарат. 2-топ. Хорезм. 3-топ. Отырар».	Суреттер, топ аттары парақша
3	1 мин	Сабақтың бағалау критерийлерімен таныстыру.		Слайд
4	5 мин	I бөлім «Таныстыру». I бөлімнің шарты бойынша топ атымен таныстыру. Әрбір топ өз аттары жазылған тақтайшаны қарсы топқа береді. Таба алмаған жағдайда топ жетекшісі түсіндіреді. 1-топ «Яксарат». Жауабы: «Яксарат» – Сырдария өзенінің байырғы атауы. Өуел баста Яксарат деп Сырдарияның қазіргі Ленинабад пен Ташкент аралығындағы орта ағысы аталса, Кейіннен ол өзеннің түгелдей атауына айналды. 2-топ «Хорезм». «Хорезм» атауы б.з.б. 2 мың жылдықтан бұрын пайда болған. Біздің дәуіріміздің IV ғасырында Хорезм мемлекет орталығына айналды. 3-топ «Отырар». Отырар ортағасырлық қала орны. Оңтүстік Қазақстан облысы Отырар ауданы темір жол стансасынан солтүстік-батысқа қарай 7 км жерде орналасқан. Отырар 8 ғасырдың басынан Тарбанд (Трабан) деген атаумен белгілі. II бөлім. «Сұрақ-жауап». Білу. «Миға шабуыл» әдісі. Ойынның II бөлімінің шарты-сұрақ-жауап. Әр сұраққа топтың бір мүшесі өз жауаптарын берулері керек. 1-топқа 1-сұрақ. Грек авторы Ктесий сақ әйелдерін қалай баяндаған? Жауап: «Сақ әйелдері ер жүрек келеді, соғыс қаупі төнгенде ерлеріне көмек көрсетіп ұрысқа араласады», – деген Ктесий. 2-топқа 1-сұрақ Аңдық стиль өнері қалай пайда болды? Жауап: Б.з.б. VII ғасырдың басында далалы аймақтар өңірінде аңдарды бейнелеу пайда болды. «Аң стилі» өнері дәстүрімен сақтар алдыңғы Азия мен Иранға жасаған жорықтарында танысты. 3-топқа 1-сұрақ. Үйсіндер туралы деректер қай ғасырда, кімдердің жазбаларында көптеп кездеседі? Және мекендеген жерлерін ата. Жауап: Үйсін атауы қытай жазбаларында, б.з.б. II ғасырдың басында кездеседі. Олар «атжақты, аққұбаша, сары шашты» болып бейнеленеді.	Топтық, жұптық жұмыс.	Үлестірме қағаздар тара-тылады. Слайд
5	5 мин	II Түсіну. Мағына тану. Қосымша мәліметтер ұсыну. III бөлім. «Әңгіме құрастыру». Ойынның III бөлімінің шарты – әңгіме құрастыру. Балалар тарихта болған тұлғаларды қатыстырып, өтірік-шыны аралас әңгіме құрастырады. Қарсы топ оқиғадағы кейіпкерлердің қай кезде болғанының шындыққа жақын детальдарын айтуы тиіс. «Яксарат» тобының әңгімесі: 1955 жылы Жетісу жеріндегі Есік қорғанын археолог. «Хорезм» тобының әңгімесі: Ғұн мемлекетінің өрлеуі б.з.б. IV ғасырда өмір сүрген Тұман Шаньюмен байланысы. «Отырар» тобының әңгімесі: Бұл тұрақ 15 гектар жерді алып жатыр. Тұрақты қазу барысында 158 тұрғын үй табылды. Қазақстан аумағында энеолит кезеңінің ерекше ескерткіші.	Оқушылар өз ойларын ортаға сала отырып, сценарий құрады.	Ұлы дала дүбірі бағдарламасы
6.	5 мин	III Қолдану. IV бөлім. «Кім тапқыр?». Ойынның төртінші бөлімінің шарты – 1,5 минут уақыт ішінде неше сұраққа толық жауап беретінін байқау. 1-топтың сұрағы: 1. Сақ өнері стилі қалай аталады? (аң стилі). 2-топтың сұрағы: 1. Ғұндар негізінде қандай үйлерде тұрды? (киіз үйде). 2-топтың сұрағы: 1. «Шошақ бөрікті» сақтар қалай аталған? (Тигрохауда).	Әр бір оқушы-дан тарихи кезеңдерді анықтау, дәлелдеу және мазмұндау.	Слайд Плакат
7.	5 мин	IV Талдау. V бөлім. «Тарихи тұлғалар». Ойынның 5-бөлімінің шарты тарихи тұлғалар конкурсы, 5 мин. ішінде термин мағынасын түсіндіреді.	Тұлғаларды қорғау. Мәде: Атилла.	Жұмыс дәптері.
8.	12 мин	V Жинақтау. Ғұндар тақырыбы бойынша тест.		Мәлімет беру
9.	5 мин	VI Бағалау. Бүгінгі сабақ өздеріңізге түсінікті ме? Түсінбеген, қиындық тудырған сұрақтар кездесті ме?	Сабақты бағалайды.	Бағалау.
10	2 мин 1 мин	VII Кері байланыс жасау. Үйге тапсырма: тақырыпты оқу. Ғұндардың әлемдік тарихта алатын орны туралы әңгіме құрастыру.	Оқушылар стикерге жазады.	

Батыс Қазақстан облысы, Ақжайық ауданы, Ілбішін ауылы.

ҮЙСІНДЕР, ОРНАЛАСҚАН ЖЕРІ

(Ежелгі Қазақстан тарихы. 6-сынып)

Анаргүл АХМЕТКЕРЕЕВА,

№3 жалпы орта білім беретін қазақ мектебінің тарих пәні мұғалімі

Мақсаты. Білімділік: Жетісуда шоғырланған Үйсін мәдениеті деп аталатын ескерткіштер, олардың хронологиялық шеңбері, қоғамдық құрылымы мен этникалық тарихы және діни-нанимдары туралы түсіндіру. **Дамы-тушылық:** оқушыларды тарихи деректер мен оқиғаларға өз бетінше баға беріп, қорытынды жасауға дағдыландыру. **Тәрбиелігі:** өз елінің тарихына құрметпен қарауға, адамгершілікке, отансүйгіштікке тәрбиелеу.

Түрі: аралас сабақ.

Әдісі: топтық жұмыс, сұрақ-жауап, схема, плакат, тест.

Көрнекілігі: ҚР картасы, схема, плакаттар.

Пән аралық байланыс: География.

Сабақтың барысы. I Ұйымдастыру кезеңі:

Оқушылармен амандасу. Оларды түгендеу.

Мақсат қою арқылы оқушылардың зейінін сабаққа аудару.

II-III Жаңа сабақ құрылымы (оқушыларға озық тапсырма беру арқылы зерттеу жұмысы).

1. Үйсіндердің орналасқан жерлері.

2. Үйсіндер туралы жазба деректер.

3. Үйсіндердің басқару жүйесі мен қоғамдық құрлысы.

4. Үйсіндердің этникалық тарихы.

5. Үйсіндер кәсібі.

6. Діни нанымдары.

1. **Үйсіндердің орналасқан жерлері** – Жетісу мен Тянь-Шаньда, шығыс шеті Қытайдың солтүстік-батысындағы Бесбалыққа дейін. Шығыс Қазақстандағы Тарбағатай тауының бөктеріндегі далалы өңірлерінде. Батысында Шу, Талас өзендері мен Қаратаудың шығыс беткейлеріне дейін созылған. Б.з.б. 160 жылдары сақ тайпаларын бағындырған.

2. **Үйсіндер туралы жазба деректер** – Қытай тарихшысы Сыма Цянь дерегі; Үйсіндер Қытай сияқты ірі елдермен тең құқықты дәрежеде болған. Б.з.б. 107 жылы Үйсін гуньмосы Қытай ханшайымын қалың мал ретінде 1000 жылқыға бағалап, үйленді. Саяси және сауда қарым-қатынасы дамыған. Үйсін атауы қытай жазбаларында б.з.б. 2 ғ. Бастап кездеседі. Астанасы Қызыл Аңғар-Чигучен қаласы (Ыстықкөл мен Іле өзенінің оңтүстігі). Халқының саны – 630 мың. Әскерінің саны – 188800.

3. **Үйсіндердің басқару жүйесі мен қоғамдық құрылысы.** Үйсіндер мемлекет дәрежесінде өмір сүрген тайпалар. Олардың қоғамдық құрылысы туралы қытай деректерінде – Гуньмо (кунби) – жоғарғы билеуші. Бектер – тайпа көсемдері. Ру басылары – ауқатты адамдар, жасауылдар мен абыздар. Сонымен қатар Үйсіндер қоғамында құлдар да болған. Құлдар көбінесе соғыс кезінде тұтқынға түскен адамдардан құралды. Құлдардың еңбегі үй шаруашылығында пайдаланылды.

4. **Этникалық тарихы.** Үйсіндердің атауы, оның мәні, бұл көне атаудың кейінгі қазақ ұлысындағы Үйсіндер атауымен байланысы әлі толық шешілмеген. Бірқатар тарихшылар қытай транскрипциясы бойынша «усун» аталатын тайпаны «аспан» этнонимі деп білуге бейім. Үйсін атауы кейінірек (орта ғасырлар) жазба ескерткіштерінде «ушин», «уйшин», «хуши» түрінде кездеседі. Мысалы, ушиндер туралы дерек «Моңғолдың құпия шежіресінде» (XIII ғ.), Рашид ад-Диннің еңбегінде (XIV ғ.) кездеседі.

Көне усундар сонымен қатар кейінгі қырғыз халқының да құрамына кірген болуы керек. Бұған қырғыз халқының ішіндегі уйшун тайпасы дәлел бола алады.

5. **Үйсіндер кәсібі** – Қолөнер. Малшылар. Егіншілер.

III **Діни нанымдары.** Үйсіндер өлген адамды қабірде

жерлеген. Жетісу Үйсіндері мәйітті шалқасынан жатқызып, басын батысқа қаратып қойған. Ертедегі Үйсіндердің түсінігінше өлген адам тіріледі деп есептеген. Сондықтан адамды жерлегенде, оған о дүниеде керек болады-ау деген заттардың бәрін қоса көмген. Ертедегі Үйсіндер жаратушы күшке сенген. Олар сол жаратушы күшке арнап құрбандықтар шалып отырған. Бұған археологиялық заттай деректер дәлел. Шырақ жағатын табақ, құрбандық ыдыстарды тапқан. Қыш заттар мен ыдыстарға күннің суреті салынған.

IV Пысықтау сабағы. Үйсін мәдениеті деп аталатын ескерткіштер негізінен қайда шоғырланған?

Үйсіндердің астанасы қалай аталды?

Үйсіндердің жоғарғы билеушісі қалай аталды?

Үйсіндер қандай малдың түрлерін ұстаған?

V Жаңа сабақты қорытындылау. Сол кездегі қалыптасқан тарихи ахуалға байланысты Үйсіндердің көрші ғұндармен, Хань империясымен, қаңлылармен қарым-қатынасы өзгеріп отырды. Б.з. V ғасырға дейін Жетісуда өмір сүрген Үйсін мемлекетін аварлар (жужандар) құлатты.

VI Дәптермен жұмыс. Үйсін мәдениетінің хронологиялық шеңбері б.з.д. III ғ. – б.з. IV ғ. Үйсіндер саяси және сауда қарым-қатынасы жасаған ел – Қытай. Үйсін қоғамында дәулетті адамдардың киімі көбінесе жібектен тігілді. Үйсіндерде жақсы дамыған кәсіп – тері өңдеу.

VII Өткен сабақты қайталау (кесте толтыру, хронологиялық тест жұмыстарын орындау).

Тест. 1. Ежелгі тарих үш кезеңге бөлінеді.

Дәуір атауы	Кезеңдер	Уақыты
Тас дәуірі (2 млн. 500 мың – 3 мыңжылдық)	1. Ежелгі тас (палеолит.)	Б.з.б. 2 млн 600 мың ж-12 мың жылдық
	2. Орта тас (мезолит)	Б.з.б. 12 мың ж. -5 мың жылдық
	3. Жаңа тас (неолит)	Б.з.б. 5 мың ж. -3 мың жылдық
	Мыс-тас (энеолит)	Б.з.б. 3000-2800 (1800) жж.
Қола дәуірі (б.з.б. 2800 – 900 ж.ж.)	1. Нұра кезеңі (ерте қола)	Б.з.б. 18-16 ғасырларда
	2. Атасу-Алакөл кезеңі (орта қола)	Б.з.б. 15-12 ғасырларда
	3. Беғазы-Дәндібай мәдениеті (кейінгі қола)	Б.з.б. 12-8 ғасырларда
Темір дәуірі	Ерте темір дәуірі	Б.з.б. 8-3 ғасырларда
	Кейінгі темір дәуірі	Б.з.б. 3- б.з. 6 ғасырларда

2. Қола дәуіріне сәйкестендіру тесті.

Қола дәуірінің уақыты б.з.б. XVIII-XVI ғасырлар

Ерте қола дәуірі – XV-XII ғасырлар.

Орта қола дәуірі – XII-VIII ғасырлар.

Кейінгі қола дәуірі – VIII-XVI ғасырлар.

3. Көп нүктенің орнына «Сақ» сөзінің мағынасын қою.

1. Парсы жазбаларында «.....».

2. Иран жазбаларында «.....».

3. Ежелгі грек авторлары сақтарды «.....».

Оқушыларды бағалау.

VIII Үйге тапсырма. Үйсіндер туралы тарихи баспа беттерінен қосымша дерек көздерін іздеп келу.

Батыс Қазақстан облысы,
Жаңақала ауданы.

Қазақ тарихы

№4 (151), сәуір, 2017

1916 ЖЫЛҒЫ ҰЛТ-АЗАТТЫҚ ҚОЗҒАЛЫС

Айгүл ҚАНАТБАЕВА,
№4 орта мектебінің тарих пәні мұғалімі

Мақсаты:	Ұлт-азаттық қозғалыстың негізгі себебін, барысын, тарихи маңызын білу.						
Нәтижесі:	Алған білімін өмірде қолдана білу.						
Сілтеме:	Алматы «Мектеп» баспасы 2016 ж.						
Негізгі идеясы:	Диалогты оқыту; Сыни тұрғыдан ойлауға үйрету; Оқуды және оқыту үшін бағалау; Талантты және дарынды балаларды оқыту; АКТ-ны қолдану; Ынтымақтастық және топтағы бірлескен жұмыс; Жас ерекшеліктеріне сәйкес оқыту; Оқыту мен оқудағы жаңа тәсілдер; Оқытудағы басқару және көшбасшылық.						
Ресурстар	Интер тақта, сандық жетондар, стикерлер, маркерлер, кескін карта, ватман қағаз, өзін-өзі бағалау парағы.						
Уақыты	45 минут.						
Сабақ жоспары	1.Ұйымдастыру: топқа бөлу, мақсат қою. 2.Сабақ барысы: Блум таксономиясы бойынша. 3.Рефлексия (оқушылар өз ойларын стикерлерге жазу арқылы білдіреді). 4.Үйге тапсырма.						
Үйге:	15-тақырып, «Ұлт-азаттық қозғалыс көшбасшылары» тақырыбында эссе жазу».						
Блум арқылы жіктеу	Мақсат	Тапсырма түрі. Түрткілер.	Нәтиже	Бағалау			
				Критерий	дес-криптор	бал	баға
Білу	Өткен тақырыпты анықтау. Оқушылардың психологиялық тұрғыдан қызығушылығын ояту.	Қысқа сұрақтар мен тапсырмалар. 1-деңгей тапсырмасы: Қазақ ұлттық интеллигенциясының саяси қызметі мен мақсатына баға бер. 2-деңгей тапсырмасы: Қазақ баспасөзі қоғамға қандай елеулі әсер етті? 3-деңгей тапсырмасы: 1905-1907 ж. қазақтың саяси интеллигенция қатарында кімдер болды?	Оқушылар 4 топқа бөлініп, әр топтағы оқушылар нөмірленеді. Интерактивті тақтадағы үш деңгейлік тапсырмаларды өз нөмірлеріне байланысты орындайды да әр оқушы нөміріне байланысты бірігеді.	Білім көлемін зерделеу	Деңгейлік тапсырма орындалды	3	
					Деңгейлік тапсырма жартылай орындалды	2	
					Деңгейлік тапсырмалар орындалмады	1	
Түсіну	Оқулық мәтінін игерту. Мағынаны ажырату.	Мәтін бөліктері» оқыта үйрету ойыны. 4 топқа тапсырма беріледі. 1-«Кіріспе». 2-«Негізгі ой» 3-«Қорытынды». 4-«Толықтыру» Мәтін бөліктерін ретімен әңгімелеу керек.	Мәтінді оқып, әңгімелейді. 1-Ұлт-азаттық қозғалыстың мақсатын баяндайды. 2-қозғалыс туралы қазақ қоғамындағы көз-қарастар жайында саралап ой білдіреді. 3-қозғалыстың тарихи маңызын әңгімелейді. 4-топ әртоптан кейін, толықтырып отырады.	Тақырыптың басты идеясын табу.	Тапсырманы толық орындады	3	
					Қателіктері болды	2	
					Мүлдем орындай алмады	1	
Қолдану	Тақырыпқа сәйкес тапсырма орындау.	Картамен жұмыс. Сергіту сәті. Бейнежазбадан (Қара жорға биі).	Оқушылар кескін картадан ұлт-азаттық қозғалыстың ошақтары: Жетісу, Торғай жерлерін картадан белгілейді.	Іс-тәжірибе жасау.	Қалыптасқан	3	
					Толық емес	2	
					Қиын	1	
Талдау	Нақты шешім шығару, талдау.	Сіз қалай ойлайсыз? тапсырмасы. Оқушыларға екі көзқарас ұсыну. 1.Қазақ зиялылары: Т.Бокин, Т.Рысқұлов, т.б. патша жарлығына батыл қарсы шықты. 2.«Қазақ» газетінің либерал-демократияшыл зиялылары: А.Байтұрсынұлы, Ө.Бөкейханов, т.б. халықты жарлыққа қарсы шықпауға шақырды.	Бұл тапсырманы орындағанда оқушылар ойланады, олардың көзқарасы бойынша, неге осылай болу керек. Осыдан кейін оқушылар өздеріне қайсысы жақын екенін шешуге тиіс (Өрине, оларда мүлде басқаша көзқарастар болуы мүмкін).	Талдай білу нәтижесі	Толық талқылай алды	3	
					Жартылай талқылады	2	
					Жұмысқа қатыспайды	1	
Жинақтау.	Алған білімін жинақтау.	РАФТ-технологиясы. Р – рөл: қазақ шаруалары, батырлар, т.б. А – аудитория: патша үкіметі, т.б. Ф – форма: арыз-өтініш, шағым, т.б. Т – тақырып: жер мәселесі, ел қорғау билікті қолдан шығармау, т.б.	Оқушы кез келген бір нысанны алып, сол рөлге еніп өз ойын жазады. Бұл стратегияны қолдануда бала сол зат туралы ойын жазба түрде, 1 жақта хабарлайды.	Жағдаяттан шыға білу.	Толық шықты	3	
					Қиналды	2	
					Шаға алмады	1	
Бағалау	Дүниетанымын кеңейту.	Бақыланған жүріс-тұрысты бағалау әдісі. Шкала. 5 4 3 2 1. Жиі, кейде арагідік, ешқашан.	Сөзталас кезінде басқалардың намысына тиетін ескертулер жасаудан қашты ма? Шкала арқылы бағалау.	Логикалық ойы	Креативті	3	
					Ойы жүйелі	2	
					Ортақ ой.	1	

Өзін-өзі бағалау парағы

Аты	Қысқа сұрақтар мен тапсырмалар	«Мәтін бөліктері» оқыта үйрету ойыны	Картамен жұмыс	Сіз қалай ойлайсыз? тапсырмасы	РАФТ-технологиясы	Бақыланған жүріс-тұрысты бағалау әдісі.	Бағалау

Ақтөбе облысы, Шалқар қаласы.

Қазақ тарихы

САЯСИ ҚУҒЫН-СҮРГІННІҢ БАСТАЛУЫ

Қалзада АХМЕТОВА,
Ө.Жәнібеков атындағы №4 лицей-интернатының тарих пәні мұғалімі

Сабақтың түрі:	Жаңа сабақты меңгерту.
Сабақтың әдіс-тәсілі:	Ұжыммен, топпен жұмыс. Ақылдың алты қалпағы. Сұрақ-жауап. Ой-бөліс. АКТ арқылы таныстырылым.
Сабақтың мақсаты:	Білімділік: Сталинизмнің орнығуы, қуғын-сүргіннің кезеңдері, жазалау шаралары, тоталитарлық жүйенің нығаюы. Халық қасіреті. Дамытушылық: Оқушылардың шығармашылықпен іздену арқылы олардың философиялық ойлау қабілетін жетілдіру. Тәрбиелік: Өз бетімен ізденуге, өз ойын жеткізудегі сөйлеу мәдениетін қалыптастыру, Болашаққа деген сенімдерін жоғалтпауға тәрбиелеу.
Пәнаралық байланыс:	Әдебиет, География, Математика.
Қажетті ресурстар:	Интерактивті тақта, АКТ, Электронды оқулық, Бейнематериал, Қазақстан картасы, Тірек-сызбалар, Бағалау терезесі, БББ кестесі, Оқушылардың өзіндік бағалау парағы, Марапаттаулар.
Негізгі идея:	Сталинизмнің кезіндегі қуғын-сүргін кезеңдерін, жазалау шараларын, тоталитарлық жүйенің нығаюын оқып біледі.
Күтілетін нәтиже:	Оқушылар ұжыммен, топпен ынтымақтаса жұмыс жүргізеді. Берілген тапсырмаларға нақты дәлелмен жауап береді.
Психологиялық дайындық: Сабақтың кезеңдері:	I Ұйымдастыру кезеңі: А) Оқушыларды түгелдеу, оқу-жазу құралдарын көру. Б) Оқушыларды деңгейлік үш топқа бөлу 1. «Білімділер тобы». 2. «Алғырлар тобы». 3. «Зейінділер тобы». II Шаттық шеңберінде тұрып келген қонақтармен амандасу. III Үй тапсырмасын пысықтау: алған білімдерін ортаға салу «Жас тарихшы» (деңгейлік тапсырма).
Жаңа білімге ізденіс: (жоспар)	1. Ғажайып шеңбер (слайд арқылы). 2. Бұл кімнің еңбектері (слайд арқылы). 3. Кім тапқыр (слайд арқылы). 4. Бейнетаспа: Саяси қуғын-сүргін. 5. Сан сұраққа саяхат (слайд арқылы). 6. Ақылдың алты қалпағы (тақырып туралы көзқарастары) жаңа сабақты нақты дәлелдермен қорытындылау.
Мұғалімнің қорытынды сөзі:	Бүгінгі сабағымызды қорытындылай келе Сталиннің жеке басына табынудың салдарынан, тұтас бір халық өздерінің ең асыл азаматтарынан айырылып қалуы. Сол жылдары қара жамылмаған қазақ отбасы жоқтың қасы болды. Қазақ халқын қырған сол бір сұрапыл нәубатқа мәңгі лағнет айтамыз
Бағалау кезеңі: 1) Оқушылардың өзіндік жұмыс парағын негізге алу арқылы оқушылардың білімін жинақтау арқылы бағалау. 2) Сабақта өзіндік білімі мен біліктілігін көрсеткен оқушыларды марапаттау.	
Үйге тапсырма:	Саяси қуғын-сүргіннің басталуы. Қосымша: Ауданнан қуғын-сүргінге ұшыраған азаматтар туралы реферат, эссе жазу.

Оңтүстік Қазақстан облысы, Отырар ауданы.